

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

10

ОКТЯБРЬ

1962

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

中華民國二十六年

中華民國二十六年

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 10

О К Т Я Б Р Ъ

1962

М А З М У Н Ы

Н. С. ХРУЩЕВ — Дүниежүзілік социалистік система дамуының көкейтесті мәселелері	3
Н. ҚИҚБАЕВ — Коммунизм құрылысшыларының съезі (Партияның XXII съезінің бір жылдығына)	26
Р. ШАЯХМЕТОВ — Партиялық ұйымдастыру жұмысының жемісі	31
С. СОРОҚИН — Техникалық прогресс — өндірістің қанаты	36
С. ТКАЧЕВ — Колхозаралық экономикалық байланыстың дамуы	41
Б. МӘДИЕВ — Саналы адам тәрбиелеу—асыл парыз	46
К. ТӨЛЕКЕЕВ — Кәсіподақ жұмысын қоғамдық негізде өрістете берейік	51

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ ТАҚЫРЫБЫНА

Ә. ЖҰМАБАЕВ — Коллектившіл болу—жана адамның биік мұраты...	56
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Б. СОППЕКОВ — Идеялық тәрбиенің маңызды саласы	62
Н. ОРЫНБАСАРОВ — Колхоз-совхоз өндірісін ұйымдастырушылар	67
А. ҚҰРМАНБАЕВ — Коммунистік еңбек қозғалысының ұйтқысы	71

ХАТ-ХАБАР

Ш. ЕСМҮРЗАЕВ — Әңгіме егінші абыройы туралы	74
П. РЫБАКОВ — Қыстың көзі қырау...	78



СОДЕРЖАНИЕ

Н. С. ХРУЩЕВ — Насущные вопросы развития мировой социалистической системы	3
Н. КИИКБАЕВ — Съезд строителей коммунизма (К годовщине XXII съезда КПСС)	26
Р. ШАЯХМЕТОВ — Трудовые успехи хлеборобов Западно-Казахстанского края	31
С. СОРОКИН — Технический прогресс — крылья производства	36
С. ТКАЧЕВ — Развитие межколхозной экономической связи	41
Б. МАДИЕВ — Воспитание нового человека	46
К. ТУЛЕКЕЕВ — Общественные начала в профсоюзной работе	51

МОРАЛЬНЫЙ КОДЕКС СТРОИТЕЛЯ КОММУНИЗМА

А. ЖУМАБАЕВ — Коллективизм — свойство нового человека	56
---	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Б. СОППЕКОВ — Важный участок идейного воспитания масс	62
Н. ОРЫНБАСАРОВ — Организаторы колхозно-совхозного производства	67
А. КУРМАНБАЕВ — Партийное руководство движением за коммунистический труд	71

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Ш. ЕСМУРЗАЕВ — Большой разговор о чести хлебороба	74
П. РЫБАКОВ — Ответственный период в развитии животноводства	78



Дүниежүзілік социалистік система дамуының көкейтесті мәселелері

Н. С. ХРУЩЕВ

1962 жылдың июнь айында Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің инициативасы бойынша шақырылған Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары Орталық Комитеттерінің бірінші секретарьлары мен үкімет басшыларының Москва Кеңесі социалистік достық одақтағы елдердің халықтары өміріндегі аса зор оқиға болып саналады. Мұның өзі социалистік системаны онан әрі нығайту және оның дүниежүзілік дамуға тигізетін ықпалын күшейте түсуде маңызды роль атқаратыны күмәнсіз.

Кеңес экономикалық ынтымақтағы мемлекеттердің—Экономикалық Өзара көмек Советі мүшелерінің маңызды проблемаларына басты назар аударды; бұл проблемалар жеке елдердің де, сол сияқты, тұтастай алғанда, бүкіл дүниежүзілік социалистік системаның да ең түбірлі мүдделерін бейнелейді. Бұл проблемалар, ең алдымен, дүниежүзілік социализмнің дамуындағы ішкі қажеттіктен, сондай-ақ капитализммен жарыста біздің артықшылығымызды қамтамасыз ету керектігінен туады. Олардың шешілуі біздің ортақ ұлы мақсатымыз жолында жаңа тұрмыс құрып жатқан халықтардың достығы мен ынтымағын нығайту ісінде маңызды қадам бола отырып, өндіргіш күштерді онан әрі дамытуға күшті демеу болады.

В. И. Ленин социалистік халықтардың болашақтағы өзара ынтымақтасуын шаруашылығы жалпы жоспар бойынша жүргізілетін бірыңғай дүниежүзілік кооператив түрінде болады деп санады. Ол 1918 жылы жұмысшы кооперациясының III съезінде сөйлеген сөзінде: «Көзір бір ғана нәрсе керек—осы бірыңғай дүниежүзілік кооперативке шын ниетімен баруға бірауызды талап қана керек»—деді (Шығармалар 28-том, 335-бет).

Біздің көсеміміз бен ұстазымыздың бұл сөздерінде күллі социалистік елдер, жұмысшы табының бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалысы ұмтылып отырған түпкі мақсаты айқын бейнеленген. Алайда «халықтардың дүниежүзілік кооперативінің» құрылуы—асуы мол, ұзакта күрделі процесс. Оның негізгі мазмұнын біздің елдердің үсті-үстіне тынбастан дамып отырған шаруашылық-экономикалық кооперациясы мен бірге, социалистік халықтардың идеялық, саяси және мәдени жағынан жақындасуы құрайды, осы процестің өрістеу барысында ұлттардың капитализм тудырған бір-біріне сенімсіздігі мен окшаулығы бір-жолата жойылады және туысқандық, достық және ынтымақ рухы толық салтанат құрады.

Бұл мақсатқа жету жолында біздің соқпай кету мүмкін емес бірнеше белестерден біртіндеп өтуімізге тура келеді. Социалистік халықтардың келешекте бірлескен өмірін онсыз көз алдына елестетуге болмайтын бірліктің шырқау биігіне жету үшін көптеген сан-алуан, үлкен-

ді-кішілі проблемаларды шешу жолында табандылықпен жұмыс істеу қажет болады.

Капитализмнің қалыптасу кезеңінің барысында өндіргіш күштердің дамуы ұлттық дараланудың, онан кейін томаға-тұйықтықтың пердесін бұзды. Сол кездің өзінде-ақ капиталистік негізде үздіксіз өсіп, дамып отырған халықаралық берік байланыс туа бастады. Барлық ұлттардың пролетариаты жалпы жоспар бойынша тәртіптеп отыратын, бірыңғай, тұтас дүниежүзілік шаруашылықты жасау тенденциясы «капитализм тұсында-ақ әбден айқын білінді және социализм тұсында онан әрі дамытылуы, толығынан аяқталуы сөзсіз»—деп көрсетті Ленин (Шығармалар, 31-том, 104-бет).

Дүниежүзілік экономика бірлігінің объективтік қажеттілігін бәрінен бұрын тап күресі кезінде аса қуатты қоғамдық күшке айналатын қоғамның негізгі өндіргіш күші—жұмысшы табы терең бейнелейді.

Совет Одағында социализмнің жеңуі барлық негізгі өндіріс құралдарына толық қожалық ететін бүкіл қоғамның шын мәнісіндегі әлеуметтік-экономикалық бірлігіне жеткізді. Осының негізінде совет халқының саяси-әлеуметтік және идеялық бірлігі қалыптасты.

Енді социализмнің бір ел шеңберінен шығуына байланысты адамзат тарихында болып көрмеген жана қоғам орнату жолында күрес жүргізу үшін еңбекшілердің тұтас дүниежүзілік система шеңберінде бірігу процесі жүзеге асырылуда. Өткен он бес жыл ішінде халықтар арасында жаңа қатынастардың негізі жасалып, социализм елдерінің жанжақты ынтымақтасу түрлері қалыптасып келе жатқанда, бұл процесс жана ғана басталған еді. Социализм елдерінде әлі де таптар қалады, олар достық ниетте болғанымен, ұлттық ерекшеліктері ұзақ сақталады, мұнымен бірге ұлттардың көркеюі үшін ең қолайлы жағдай туады. Демек, ұлттық және таптық мүдделер мен айырмашылықтар белгілі дәрежеде әлі де болса сақталады. Дегенмен, сонымен бірге таптық тегі мен ұлтына қарамастан, жана тұрмыс құру жолына түсіп отырған барлық адамды біріктіріп, туыстыратын ең басты, шешуші мәселенің—халықаралық шеңберде социализм мен коммунизмнің жеңуі және нығайуы жолындағы күресте олардың ортақ мүддесінің, олардың маркстік-лениндік ортақ идеологиясының маңызы барған сайын күшейе түседі.

Маркстік-лениндік ілімнің граниттей берік тұғыры мен пролетарлық интернационализм принциптеріне негізделген саяси мақсаттар мен мүдделердің осы ұлы ортақтығы дүниежүзілік социалистік системаның беріктігінің сенімді шарты, социализмнің қолы жететін небір тамаша табыстарының кепілі болып табылады.

1. Экономикалық ынтымақтың дамуындағы жаңа кезең

Социализмнің дүниежүзілік системасы өзінің дамуы барысында үздіксіз жетіле береді, сонымен бірге біздің елдеріміздің арасындағы байланыс пен ынтымақтың түрлері де жетіле береді. Біздің барлық елдеріміздің халықтары социалистік революциялардың жеңісінен кейін, әлбетте, өздерінің жеңістерін қорғау жолында күштерін біріктіруге ұмтылды. Ол кездегі басты міндет—әр елдің халықтық өкіметін орнықтыру, әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық саласында социалистік құрылысты нығайту, социализм елдерінің мүмкін болатын империалистік агрессиядан бірлесіп қорғануын ұйымдастыру жолында саяси жағынан топтасу болды. Бұл өзінің мәні жағынан социалистік мемлекеттердің соғыс-саяси одағы еді.

Марксизм-ленинизмнің: социалистік өндіріс тәсілі тек социалистік революцияның барысында жұмысшы табының бастауымен еңбекші бұқара саяси үстемдікті жеңіп алып, сонан соң контрреволюцияның шабуылынан өз жеңістерін қорғауды ұйымдастырғаннан кейін ғана тууы

мүмкін және дамудың даңғыл жолына түсе алады деген аса маңызды қағидасының бірі бүкіл дүниежүзілік система шеңберінде іс жүзінде дәлелденді.

Европаның халықтық демократия елдері шаруашылық саласында, әсіресе, халықаралық экономикалық байланыс саласында капиталистік дүниеден бөлініп түскен бейне бір сынық тәрізді болып көрініп еді. Оларда социалистік қатынастар бірден жеңіске жете қойған жоқ. Олардың шаруашылықтары көп укладты болды және капитализмнен мұра болып қалған қайшылықтар мен кеселдердің терең таңбасы сақталды. Халықтық демократия елдерінің барлығының дердік экономикасы Батыс бағытында болды, онда халықтық үкімет жеңгенге дейін сан алуан жолдармен байланысып жатқан ірі империалистік державалардың мүдделеріне бағыныштылықтың табы әлі де кетпеген еді. Социалистік елдер арасындағы экономикалық қатынастың сол кезеңдегі дамуы көбінесе екі-жақты негізде жүргізілді. Дүниежүзілік социалистік рынок жаңа ғана пайда бола бастады. Социалистік қарым-қатынасқа тән ынтымақтың жаңа түрлері енді-енді қалыптасып келе жатты.

Ол кезді капитализмге тән ескі сыртқы экономикалық қатынас системасынан халықаралық байланыстың жаңа түрінің қалыптасуына өту кезеңі деп атауға болады. Социалистік революция жасалған жеке елдердің өтпелі кезеңінің бүкіл барысында жаңа қоғамдық-экономикалық сарайды ескі материалдарды да пайдалана отырып тұрғызуына тура келетіні сияқты, социализм жолына түскен елдердің арасында да қарым-қатынастың жаңа системасын жасау ісінде капитализмнен біздің не алғанымызбен санасуымызға, оның бізге қалдырған шаруашылық байланыстарының түрлерін біраз уақыт бойы пайдалануымызға тура келеді.

1949 жылы Экономикалық Өзара көмек Советінің құрылуы, ең алдымен, сауда саласында, ал онан кейін өндіріс саласында жанжақты ынтымақтасудың бастамасы болды. Енді дүниежүзілік социалистік система тек саяси жағынан ғана емес, экономика жағынан да тұтаса қалыптасып келеді. Экономикалық Өзара көмек Советі өмір сүрген 12 жылдың ішінде, түптеп келгенде, осы ұйымға қатысушы елдер үшін коллективтік ынтымақ пен өзара көмектің берік негізін жасауға мүмкіндік туды.

Экономикалық Өзара көмек Советінің коллективтік экономикалық ынтымақ ұйымдастырудағы қызметі әзірге социалистік елдердің бәрінде бірдей жүргізіліп отырған жоқ. Социализм жолына түрлі мерзімде түсу олардың коллективтік экономикалық қарым-қатынасты бір мезгілде бастауына мүмкіндік бермеді. Алайда, Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы мемлекеттердің экономика жағынан жақындасуының табыстары социализмнің барлық елдерінің коллективтік экономикалық қарым-қатынас жасау жолына көшуін жеңілдетеді. Мемлекеттер арасында—Экономикалық Өзара көмек Советінің мүшелері мен оған қатыспайтын социалистік елдердің арасында олардың бұдан да кең экономикалық қарым-қатынас жасауы үшін жағдайдың пісіп-жетуіне әсер ететін зор көлемді шаруашылық байланыстары дамып келеді. Бүгінде бүтіндей социалистік лагерьде және оның құрамындағы жеке елдердің көпшілігінде дамыған өнеркәсіп пен қоғамдастырылған ірі ауыл шаруашылығы бар. Алдын ала жасалған есеп бойынша, дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісінің 37 проценттейі жер шарындағы территорияның 26 процентін алып жатқан социалистік система елдерінің үлесіне тиеді. Социалистік елдердің көпшілігінің өркендеген өнеркәсібі бар бұл өнеркәсіп олардың жалпы өнімінің шамамен төрттен үшін береді.

Дүниежүзілік социалистік рынок құрылып, нығайды, оның дамуына барлық социалистік мемлекеттер — Совет Одағы, халықтық Қытай, Европа мен Азияның халықтық демократия елдері қатысуда.

Кәзір социалистік елдер өздерінің экономикалық және саяси қарым-қатынасын жана, неғұрлым жоғары сатыға көтеру үшін қолайлы жағдай туып отырған даму кезеңіне еніп отыр. Бұл кезеңде социалистік елдердің табиғи байланысының ойдағыдай дамытылуын қамтамасыз ететін халық шаруашылық жоспарын үйлестірудің, еңбектің халықаралық социалистік бөлінісінің, өндірісті кооперативтендіру мен мамандандырудың маңызы ерекше зор.

Дүниежүзілік социалистік система өзінің даму перспективасын ұлттық шаруашылықтарды қалай болса солай қоса салу негізінде дұрыс белгілеу енді мүмкін болмай қалған белеске жетіп отыр. Біздің алдымызда Владимир Ильич Ленин асқан көрегендікпен айтқан, әр елдің ұлттық экономикасын барынша нығайта отырып, олардың арасындағы байланысты дамыта келе, бүкіл системаның шеңберінде бірыңғай тұтас шаруашылық организмін жасауға бірте-бірте қолқабыс ету міндеті тұр.

Социализмнің бір елдің шеңберінен шыққаннан кейін экономикалық заңдардың бұрынғыдан да зор өріс алғаны, мұның үстіне олардың әрекеті барған сайын күрделілене түскені мәлім.

Мысалы, жоспарлы және пропорциялы даму заңы бүкіл система шеңберінде әрекет жасай отырып, социалистік елдердің әрқайсысында да, сол сияқты бүкіл ынтымақ шеңберінде де жоспарлылық пен белгілі пропорцияның сақталуын талап етеді.

Кәзіргі кезде социализмнің экономикалық заңдарын толық қуатында пайдалану дегеніміз—олардың әрекет ету күшін ашуды үйрену, оларды тек ұлттық көлемде ғана емес, интернационалдық көлемде де ескеріп отыру деген сөз.

Біздің алдымызда тарихи маңызды міндет—жана дүниежүзілік системаның өмір сүру фактысынан туатын социализмнің артықшылықтарын мықтап пайдалануды үйрену, яғни, еңбектің халықаралық социалистік бөлінісін, өндірісті мамандандыру мен кооперативтендіруді, ғылыми-техникалық жұмыстарды үйлестіруді шебер бағыттап отыруды, дүниежүзілік социалистік рыноктың мүмкіншілігін толығырақ пайдалануды үйрену міндеті тұр.

Еңбектің бірлескен қарапайым түрінің өзі де оның өнімділігін анағұрлым арттыратынын Маркс та атап көрсеткен болатын. Ал, енді қоғамдық құрылымы бір тектес, саяси мақсаттары мен мүдделері ортақ социалистік елдердің күші біріккен кезде қоғамдық еңбектің өнімділігі онан бетер арта түседі. Социалистік елдер экономикасының дамуын кооперативтендіре отырып, біз олардың әрқайсысының және тұтас бүкіл системаның күшін еселеп арттырамыз. Біз экономикалық қарым-қатынасымыздың түрлерін өндіргіш күштердің өскелең дәрежесіне сай келтіреміз және олардың онан әрі өсуіне өріс ашамыз.

Қарым-қатынас пен өзара көмек системасын жетілдіре беру социалистік ұлттардың жанжақты жақындасуына тиянақты жағдай жасайды, олардың экономикалық жалпы даму дәрежесін теңестіруге ықпал етеді. Сонымен қатар социалистік елдердің әрқайсысының суверендігін нығайтады, өйткені, бұл елдердің әрқайсысы өзінің дамуы жолында тек өз күштеріне ғана емес, барлық ынтымақтағы елдердің көмегіне сүйенеді. Социалистік система өмір сүріп отырған кәзіргі кезде еңбектің халықаралық бөлінісінің артықшылықтарын пайдаланбау—осы заманғы өндіргіш күштерді жасауда өте қиын жолға түсу, өндірісті ғылым мен техниканың соны, жана жетістіктері негізінде дамыту мүмкіндігінен өзін өзі айыру болып табылар еді.

Әлбетте, социализм елдерінің, демек бүкіл дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың өндіргіш күштерінің онан әрі көтерілуінің аса маңызды алғы шарты әрбір елде өзінің ішкі ресурстарын толық пайдала-

ну, халық шаруашылығын басқарудың түрлері мен әдістерін ұдайы жақсартып отыру, социалистік шаруашылықты жүргізудің лениндік принциптері мен әдістерін дәйектілікпен қолдану болып саналады.

Сонымен бірге дүниежүзілік социалистік система тек оған қатысушы елдердің жанжақты ынтымақ, өзара тығыз қарым-қатынас жасаған жағдайда, біздің күштерімізді үйлестіріп, әр елдің және тұтас алғанда бүкіл социалистік ынтымақ елдерінің мүдделерін ескеріп отырған жағдайда ғана ойдағыдай дами алады. Басқа жол жоқ және болуы да мүмкін емес.

Социализм елдерінің бұдан да гөрі белсенді қарым-қатынас жасауының қажеттілігі, сонымен қатар капитализммен экономикалық жарыста жеңіске жету үшін уақытты барынша ұту мүдделерінен де туып отыр. Бұл арада біздің экономиканы дамыту жолындағы жарысымызды империалистердің басқаша түсінгенін де еске алған жөн. Империалистік мемлекеттер социализмнің жеңіспен алға басуын тежеу үшін өз күштерін біріктіріп бағады. Империалистер социалистік құрылысты құртып, дүние жүзінде капитализмнің монополиялық қожалығын қалпына келтіруді көздейді. Бірақ социалистік елдердің экономикалық және ғылыми-техникалық жағынан дамудың жоғары дәрежесіне жетуі Батыстың белгілі топтарының тап кәзір бұл пиғылдарын соғыс арқылы жүзеге асыруға мүмкін емес екенін түсінуіне мәжбүр етіп отыр. Ғылым мен техниканың ең соны жетістіктеріне сай келетін осы заманғы қаруды жетілдіруде социалистік лагерьдің өздерінен кейін қалмай отырғанын, қайта олардан көп ретте асып түскенін империалистер көрмей тұра алмайды. Қазіргі уақытта социализм мен капитализм арасындағы тарихи дауды соғыс жолымен шешуге болады деп тек ақылынан алжасқан адам ғана ойлауы мүмкін.

Әрине, Батыста коммунизм тұсында өмір сүргенше, капитализм тұсында өлген артық дейтін социализмге қарсы қас жаулар да бар. Тек есуастар ғана осылай деп пайымдайды. Ал Батыстың парасатты қайраткерлері барған сайын шындық қорытындыға бас июге мәжбүр бола бастады, мұның мәнісі—көнсең де, көнбесең де дүние жүзінде екі системаның—капиталистік система мен социалистік системаның өмір сүру фактісімен қалай да санасу керек, яғни бейбіт қатар өмір сүру саясатымен санасу керек деген сөз. Әлбетте, мұндай қорытынды империалистердің социализммен, біздің теориямызбен, практикамызбен, идеямызбен келісімге келуі деген сөз емес. Жоқ, бұл—социалистік система күш-қуатының өсуі нәтижесінде қалыптасқан дүниежүзілік аренадағы күштердің жаңадан орналасуын амалсыздан ғана мойындау. Шындық фактіден бұлтаруға болмайды. Империалистердің кәзіргі жағдаймен санасуға мәжбүр болуы да осыдан. Бұл объективтік түрде капиталистік елдерді екі системаның бейбіт жарысына біздің бірте-бірте тартып келе жатқанымызды көрсетеді.

Әрине, империалистер бұл жайда өздерінің жеке мүдделерін ойлайды. Олар социализм елдерін қандай жолмен болса да әлсірету үмітінен күдер үзгісі келмейді; социалистік лагерьге қарсы күрестен бас тартпайды. Алайда, бұл күрес соғыс саласында оларды тұйыққа тірейді, өйткені, екі жақта да, яғни социализм елдерінің де, капитализм елдерінің де қолында қуатты ядролық қарулы күш бар. Қазіргі кезде империалистер социалистік лагерьге қарсы соғыс ашуға дәті бармай, әрі жанталаса қарулану ісін бәсеңдетпей, өздерінің барлық мүмкіндігін экономика, саясат және идеология саласында дүниежүзілік социалистік системаға қарсы күреске жұмылдыруға ұмтылады.

Кәзір мәселе қай система өмірге неғұрлым бейім екенін, яғни, қай системаның қысқа мерзімнің ішінде халыққа неғұрлым мол материалдық және рухани игілік бере алатынын көрсете білуінде болып отыр.

Сірә, нақ осы бағытта капитализм мен социализм арасында қиян-кескі айқас болмақ.

КПСС XXII съезінен, Совет Одағында коммунистік құрылыс Программасы қабылданғаннан кейін империалистер СССР-дің «экономикалық қыр көрсетуі» туралы жар сала даурығып, екі системаның экономикалық жарысында төтеп беру үшін аласұрып күш жұмсауда. Капитализмнің идеологтары мен жетекшілері Совет Одағы мен басқа да социализм елдері тарапынан экономикалық шабуыл қауіпі барған сайын өрістеп отырған жағдайда капиталистік елдер бірігуге тиіс деп ашықтан-ашық мәлімдеуде. Сондықтан да АҚШ президенті Кеннедидің таяу арада батыс державаларының өзара тәуелділігі дейтіні туралы даурықпалы декларациямен сөз сөйлеп, «бірыңғай Атлантикалық бірлестік» құру мақсатымен Батыс Еуропаның империалистік мемлекеттері мен АҚШ-тың күшін біріктіруге шақыруы кездейсоқ емес. Әлбетте, Кеннеди мырзаның бұл пиғылы АҚШ-тың капиталистік дүниедегі басшылық ролін сақтап, онан әрі нығайтуды көздейді. Мұның бәрі империалистердің экономикалық жарыстан біздің соғыс қуатымыздан кем қорықпайтынын, сондықтан да олар социалистік елдерге, дүниежүзілік коммунистік қозғалысқа, халықтардың ұлт азаттық күресіне реакциялық күштердің бірыңғай майданын қарсы қоюға тырысатынын тағы да дәлелдейді.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін капиталистік елдердің экономикалық және сыртқы саясат жөнінен бірлесу тенденциясы едәуір күшейе түсті. «Көмір мен болаттың Еуропалық бірлестігі», «Ортақ рынок», «Экономикалық ынтымақ және даму ұйымы» сияқты және басқа да халықаралық ұйымдар пайда болды. Батыс әлемінің билеп-төстеушілері өз араларындағы қайшылықтарға қарамастан, Азияның, Африканың және Латын Америкасының әлсіз жас мемлекеттері үшін белгілі дәрежеде қиыншылық тудыратын ішінара мемлекетаралық одақтар құрудың ретін келтіре алды.

Барлық қайшылықтарға қарамастан империалистердің бірсыпыра маңызды салаларда шаруашылық қарым-қатынасты халықаралық көлемде толық болмаса да үйлестіре алуының себебі неліктен? Біріншіден, мұнда қайшылық негізде болса да шаруашылық өмірді барған сайын интернационаландырудың объективті тенденциясы байқалады. Ол тенденция кәзіргі кезде шапшаң дамыған ғылыми-техникалық прогрестің арқасында бірнеше есе күшейе түсіп отыр. Мемлекеттік-монополиялық капитал өз тарапынан осы тенденцияны күшейтуге, сондай-ақ оны өзінің агрессиялық соғыс-саяси мақсаттарына пайдалануға тырысады. Империалистер өздерінің мемлекетаралық экономикалық бірлестіктерін құра отырып, дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың стихиялы түрде дамуының кеселді зардабын бәсеңдетуге тырысады.

Екіншіден, экономикасы жоспарлы түрде жүргізілетін социалистік системаның өсіп отырған күш-қуатын, халықтардың азаттық қозғалысының тез қанат жаюын көре отырып, империалистер өз лагеріндегі қайшылықтарды бәсеңдетудің жолдарын іздеуге мәжбүр болады. Империалистер социалистік системадағы елдермен бейбіт экономикалық жарыстан үрейленіп, дәуіріміздің басты қайшылығы—капитализм мен социализм арасындағы қайшылықтың алдында өздерінің ішкі қайшылықтарын кейінге қарай сырғытуға тырысады.

«Ортақ рынок» империалистік монополиялардың мол пайда табуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге ол жұмысшы табының, шаруалардың, қала халқының орташа тобының мүдделеріне қауіп төндіреді. Шағын елдер империалистердің осы одағына барған сайын көбірек тәуелді болуда, шындығында бұл одақ дүниежүзілік капиталистік рынокты бөлісудің және қайта бөлісудің жаңа түрі болып табылады. Агрессияшыл күштер «Ортақ рынокті» НАТО-ны нығайту және жанталаса қарулануды тездету үшін пайдалануға тырысады.

Халықаралық империалистік одақтардың құрылуына байланысты капиталистік системадағы шағын елдер шындығында өздерінің байырғы ролінен, өз суверенитетінен айрылады. Олар АҚШ пен басқа да ірі империалистік державалардың толық ықпалына түсуге мәжбүр болады. Бұл елдердің билеуші топтары тіпті өзінің тәуелсіздігін жоғалтуға дейін барады, олай болатыны, олар—«Ортақ рынокті» социализм шабуылынан, еңбекші бұқараның тарапынан болатын тегеуріннен сақтайтын қорғаныш тұтады. Бұдан империалистердің соғыс-саяси одақтарының тағы бір қыры көрінеді: олар барған сайын халықтардың бостандық пен әлеуметтік прогреске ұмтылу талабын жаныштайтын ашықтан-ашық халықаралық жандармға айналуға.

Империалистер және олардың насихаты халықтардың бостандық жолындағы қозғалысын, еңбекшілердің өз праволары жолындағы күресін коммунизмнің әлдеқайдан, «сырттан» енуі, әлемдегі саяси тыныштықты әлдекімнің бұзуы деп көрсетпек болады. Осымен олар халық бұқарасының өсіп отырған наразылығынан өздерінің үрейленуін жасырады, коммунистік қозғалыстың сырттан әкелінбейтінін, олар тап күресі негізінде, жұмысшы табы мен капиталистердің, еңбекшілер мен қанаушылардың арасындағы асқынған қайшылықтардың негізінде капиталистік елдердің өз ішінде дамитыны сияқты белгілі шындықты бұрмауға тырысып бағуда.

Батыс әлемінің билеп-төстеушілері күштердің кәзіргі ара салмағы барған сайын капитализмнің пайдасына шешілмей отырғанын көрмей тұра алмайды. Еңбекшілер бұқарасын қанаушы, отарлық жолмен езіп-жаншушы, теңсіздікке душар етуші ескі дүниенің негізі халықтардың азаттық қозғалысының қуатты тегеурінімен шайқалуда, оның құты қашып, әбден берекесізденуде, мұның өзі билеп-төстеуші таптарға қатер төндіруде. Халықтарды бұғауда ұстау үшін империалистер НАТО, СЕАТО сияқты агрессиялық соғыс блоктарын құруда; бұл блоктар, бір жағынан, халықтардың бостандығы мен бақытының берік қамалы—социалистік системаға қарсы бағытталған, екінші жағынан, ұлт-азаттық қозғалысы және қанаушылардың өкіметін құлатуға ұмтылып отырған еңбекшілер бұқарасы жөнінен жандармның міндетін атқарып келеді. Империалистердің экономикалық одақтар дейтіні де осы мақсатқа бағындырылған. Мысалы, батыс державаларының басшылары «Ортақ рынокті» экономикалық ұйымы мен НАТО-ның агрессиялық одағы арасындағы тікелей байланыс пен өзара тәуелділікті жасырмайды да. Олар өздерінің экономикалық бірлестіктері «Батыстың қорғанысы» дейтінді жүзеге асыру жөнінен маңызды міндет атқаруға тиіс екенін де атап көрсетуді ұнатады; ал олар «Батыстың қорғанысы» деп империалистердің агрессиялық саясатын айтып отыр.

Әрине, халықаралық империалистік бірлестіктердің мүмкіндігін асыра бағалаудың қажеті жоқ. Батыста европалық интеграция (бірлестік) идеясын, оның нәтижесін қаншама мадақтағанымен, империалистер құрған одақтар капитализм дүниесіне тән терең ішкі қайшылықтар мен кеселдерді жоя алмайды. АҚШ-тың басшылығындағы соғыс блоктары мен одақтары басты империалистік державалар арасындағы терең қайшылықтардың салдарынан дағдарысқа жиі ұшырап отырады. Империалистік державалардың шағын тобының мүддесі басқа капиталистік елдердің мүддесіне, барлық халықтардың мүддесіне қайшы келеді. Мұның бәрі империалистік бірлестіктер мен одақтарды әлсіретпей қоймайды.

Бірақ дұшпанның күшін асыра бағаламау—оларды елемей қою деген сөз емес. Европалық интеграция билеп-төстеушілерінің ойлары мен қимыл-әрекеттерін елемей бейқамдық және соқырлық болар еді. «Ортақ рынокті», осы сияқты өзге де бірлестіктерді жаңа соғысты әзірлеу, жанталаса қарулануды күшейту мақсатына, басқа елдерге, әсіресе

жана өркендеп келе жатқан жас ұлттық мемлекеттерге экономикалық және саяси жағынан қысым жасау мақсатына пайдалану әрекеттеріне коммунистер қарсы күресіп келеді. Біз капиталистік интеграцияның еңбекшілер бұқарасы үшін қауіпті, зардапты екенін ескертіп, әшкерелеп келдік және әшкерелей береміз.

Сонымен қатар біз капиталистік дүниедегі өндірісті интернационаландыруға деген объективті бағытты ескеріп, өзіміздің саясатымызды, өзіміздің экономикалық шараларымызды соған сәйкес құрамыз. Осыған байланысты қоғамдық құрылысы әртүрлі жеке мемлекеттер арасында ғана емес, сонымен бірге олардың экономикалық бірлестіктерінің арасында да экономикалық ынтымақ орнату және бейбіт экономикалық жарысу мүмкіндігі туралы мәселе туады.

Біз империалистік топтардың батыс еуропалық интеграцияның пайдасын агрессиялық сипаттағы томаға-тұйық мемлекет аралық экономикалық топтар ұйымдастыру мақсатына пайдалануға ұмтылудан туған қауіпті көріп отырмыз. Батыстың мұндай саясаты дүниежүзілік сауданы және екі системаның экономикалық одақтарының арасындағы экономикалық ынтымақты дамыту жолына тосқауыл жасайды. Бұған қарама-қарсы, социалистік мемлекеттер жаңа жағдайда қарама-қарсы екі системадағы елдердің арасында халықаралық сауда қатынастарын кеңейтуге бағытталған ұсыныстар жасайды.

Кенеске қатысушылар өздерінің Мазмұндамасында капиталистік елдермен арадағы сыртқы сауданы онан әрі дамытуға ықылас білдірді. Олар сауда проблемалары жөнінде халықаралық конференция шақыру туралы ұсыныс жасады; бұл конференция дүние жүзінің барлық аудандары мен елдерін ешқандай кемсітусіз қамтитын халықаралық сауда ұйымын құру жөніндегі мәселені талқылаған болар еді.

Біз капитализм елдерімен өндіріс саласында да ынтымақ орнатуды жақтаймыз. Шикізаттың тапшы түрлерін өңдеу, энергия қорын молайту, су жолын бірігіп пайдалану саласында, басқа да салаларда батыс еуропалық мемлекеттермен ынтымақ орнату туралы социалистік елдер талай рет ұсыныс жасаған-ды.

Сонымен қатар, кәзіргі жағдайда империалистер өздерінің күштерін біріктіруге жанталаса әрекет етуде, бұдан біз, коммунистер, басқа да қорытынды шығарамыз. Империализм күшінің біріккен майданына социалистік достық одақтағы елдер нағыз теңдікке, мүдделердің бірлігіне, жоғары адамгершілік мақсаттарға негізделген анағұрлым ынтымақты біртұтас одақты қарсы қояды.

Біздің түбірлі мүдделеріміз—социализм мен коммунизм орнату мүдделері әрбір елдің ұлттық экономикасын дамыту ісінде күш-жігерді ұштастыра жұмсауды, бүкіл социалистік достық одақтағы елдердің қуатын арттыра түсуді, социализмнің біртұтас материалдық-техникалық базасын нығайтуға әрдайым қамқорлық жасап отыруды талап етеді. Бұдан біз дүниежүзілік социалистік шаруашылықты өркендетудің даңғыл жолын көреміз.

2. Еңбектің халықаралық бөлінісі, өндірісті кооперативтендіру және үйлестіру

Өндірісті кооперативтендіру және мамандандыру арқылы жүзеге асырылатын еңбектің халықаралық бөлінісі дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың ойдағыдай өркендеуінің аса маңызды шарты болып саналады.

Еңбектің елдер арасындағы бөлінісі ерте кезден-ақ бар. Адамзаттың өндіргіш күштерінің прогресі нақ осымен тығыз байланысты. Капитализм өз дамуының бас кезінде еңбектің халықаралық бөлінісін барынша кең көлемде пайдаланып, оны өзіне қызмет еттіргені мәлім. Бірақ капитализм тұсында әртүрлі елдер экономикасының өзара байланысы

кейіпсіз, бір-жақты сыпат алды, соның салдарынан империалистік дәуірде дүние былайша бөлшектелді: онда индустриялық жағынан өркендеген қанаушы елдердің шағын тобымен қатар, отарлық қанау мен тәуелділікте отырған артта қалған, нашар дамыған көптеген елдер болды.

Капитализм тұсында еңбектің халықаралық бөлінісін монополиялар өзінің экономикалық дамуында тарихи артта қалған халықтарды тонау құралы ретінде пайдаланады. Ол мындаған экономикалық айла-шарғымен (оның ішінде финанс және өзге де «көмек» жолымен) бұл елдерді аса қуатты мемлекеттерге байлап-матап келді, миллиондаған адамды артта қалдырып, қайыршылыққа ұшыратты, мемлекеттер арасындағы теңсіздікті күшейтіп, тереңдетті.

Социализм тұсында еңбектің халықаралық бөлінісі өзінің бүкіл мән-мазмұнымен жаңа өмір орнатушы халықтардың арасында орнап отырған шын достық қарым-қатынасты, тең праволылық пен ынтымақты айқын бейнелейді. Социализм жағдайында еңбек бөлінісі біздің алға басу қарқынымызды тездетуге, пайда болатын шаруашылық-экономикалық қиыншылықтарды ойдағыдай жеңуге қызмет етеді. Ол аграрлы елдерді индустрияландыруға, олардың экономикасы мен мәдениетін тез көтеруге, социалистік системадағы барлық мемлекеттің еріктілігі мен тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесе отырып, өнеркәсіпті елдер мен бұрын артта қалған елдердің арасындағы экономикалық алшақтықты жоюға бағытталған.

Дүниежүзілік социалистік системаның шеңберіндегі еңбектің халықаралық бөлінісі социализмнің экономикалық заңдарын саналы пайдалану негізінде жоспарлы процесс ретінде ұйымдастырылады және дамиды, сондықтан да онда қоғамның өндіргіш күштерін өрге бастыруды жеделдететін, оның материалдық игіліктерін молайтатын шексіз мүмкіндіктер бар. Еңбектің халықаралық социалистік бөлінісі, өндірістің кеңінен мамандандырылуы және кооперативтендірілуі негізінде социализм елдерінің ұлттық шаруашылықтары бірін бірі толықтыра және бірте-бірте біртұтас, жолға қойылған шаруашылық-экономикалық комплекс ұйымдастыра отырып, ойдағыдай және кең өркендейтін болады; бұл шаруашылық-экономикалық комплексте әрқайсысының өз орны, өз міндеті болады және әрбір ел, әрбір халық социалистік құрылыстың ұлттық міндеттерін орындауда неғұрлым берік тірекке ие болады.

Экономикалық Өзара көмек Советі құрылғаннан бергі жылдардың ішінде еңбектің халықаралық социалистік бөлінісінің дамуында зор жұмыстар істелді. «Еңбектің халықаралық социалистік бөлінісінің негізгі принциптері» белгіленді; жақында ол баспасөзде жарияланды. Бұл—экономикалық ынтымақтың дамуына бағыт беруші роль атқаруға тиісті маңызды документ. Өндірісті мамандандыру және кооперативтендіру жөнінде көптеген нақты ұсыныс белгіленді, бұлардың кейбіреуі кәзірдің өзінде іске асырылды, бірақ бұл бағыттағы жұмыс онан әрі кең өріс алуға тиіс.

Шаруашылық саясатты коллектив болып келісіп алудың енді дүниежүзілік социалистік системаның дамуына айрықша маңызы болатынын, біздің экономикалық ынтымағымыздағы басты мәселеге айналатынын Кеңеске қатысушылар бірауыздан мақұлдады.

Дүниежүзілік социалистік системаның көлемінде ұлттық халықшаруашылық жоспарларын келісіп алу қажеттігі социалистік шаруашылықтың жоспарлы және пропорциялы дамуының объективті экономикалық заңдарынан туып отыр. Егер біз бұл заңның әрекетін бүкіл социалистік системаның шеңберінде немесе алғашқы кезеңде Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің ұйымы шеңберінде пайдалануды үйренсек, егер біз ұлттық шаруашылықтарды ғана емес, соны-

мен қатар біздің елдеріміздің арасындағы экономикалық қарым-қатынастың бүкіл системасын жоспарлы негізде жүргізуді нығайтсақ—бүгін дүниежүзілік социалистік шаруашылықты анағұрлым шапшаң қарқынмен өркендете аламыз, экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануға зор мүмкіндік аламыз, өндірісті шығынды барынша аз жұмсап, неғұрлым үнемді жүргізе аламыз.

Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің халық шаруашылық жоспарларын үйлестіру жөніндегі жұмыс 1956 жылы басталған болатын. Соның нәтижесінде 1965 жылға дейінгі кейбір маңызды жоспарлы көрсеткіштерді келісіп алудың сәті түсті. Қазіргі уақытта таяудағы жиырма жылға арналған жоспар жөнінде өзара консультация жүргізілуде. Отын-энергетика және шикізат базасын дамыту, машина жасау және химия өнеркәсібін мемлекет аралық мамандандыру және кооперативтендіру жөніндегі кейбір маңызды мәселелерді бірігіп шешуде жақсы нәтижеге қол жетті.

Сонымен, Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің ұлттық халықшаруашылық жоспарларын келісіп алу ісінде жақсы бастаманың негізі қаланды. Енді қол жеткен нәтижеге сүйене отырып, осы маңызды істе едәуір ілгері басуға болады. Қазір өнеркәсіп өндірісі көлемінің жеке көрсеткіштері жөнінде ғана келісіп қоймай, біздің ортақ мүдделерімізді есепке ала отырып, өзара байланыстыру жөніндегі басты халықшаруашылық пропорцияларды белгілеуге, Экономикалық Өзара көмек ұйымындағы барлық елдің экономикасын дамытудың коллективтік жоспарының ролін атқара алатындай өзінше бір құрамды баланс жасауға барлық мүмкіндік бар. Кеңесте дұрыс айтылғанындай, біз істі өндірістің негізгі салалары бойынша біртұтас жоспар жасалатындай етіп жүргізгеніміз жөн. Бұл жағдайда жеке алғанда әрбір елдің ғана емес, сонымен қатар, тұтас алғанда біздің бүкіл ұйымымыздың қажеттерін өтеу қарастырылатын болады.

Капитализм жағдайында жоспарлы шаруашылықты бір кәсіпорынның көлемінде ғана жүргізуге болатынын ал одан тыс жерде экономикалық заңдардың стихиялық әрекеті өндіріс анархиясы өріс алатынын Маркс атап көрсеткен болатын. Біз, коммунистер, өз елдерімізде капиталистік өндірістік қатынастарды жойып, өндіріс анархиясынан құтылдық, ұлттық көлемде рыноктық қатынастардың стихиясын ауыздықтадық. Енді біз алға қарай жаңа қадам жасауымыз—жоспарлы ұлттық экономикаға сүйене отырып, Экономикалық Өзара көмек Советі көлемінде, сонан соң тұтас алғанда бүкіл дүниежүзілік социалистік системаның көлемінде жоспарлы экономикалық қатынастарды жолға қоюымыз керек.

Біздің ортақ мақсатымыз—біртұтас комплекс ретінде дүниежүзілік социалистік шаруашылықты құру. Бірақ бұл үшін социализм елдерінің әрқайсысында жасалатын қорлардан басқа қор көзі жоқ. Демек, Экономикалық Өзара көмек Советі ұйымының шеңберінде қор жинау, оны пайдалану саясатын жалпы бағытта болса да келісіп алмасқа болмайды. Бұл, біріншіден, ортақ объектілерді салуға қаржы бөлуді, бұл жаңа ғана қолданыла бастады, екіншіден, күрделі қаржы жұмсаудың ұлттық жоспарларын келісіп алуды керек етеді; бұл жоспарларда ұлттық мүдделермен қатар, біздің ортақ мүдделеріміз де мүмкіндігінше ескерілуге тиіс.

Ұлттық шеңбердегі социалистік шаруашылықтың көптеген артықшылықтары—дүниежүзілік социалистік системаға да тән. Атап айтқанда, бұл артықшылықтар, капиталистік және ұсақ товарлы шаруашылыққа тән қажетсіз шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл арада ауылшаруашылық өндірістік кооперативтеріне тән ұқсастықты мысалға келтіре кеткен орынды. Жеке меншік шаруалардың 2—3 жүз ұсақ құрылыс салуына тура келді, бірақ құрала келгенде бұл

құрылыс өте қымбатқа түсетін, ал кооператив үшін бір ғана кәзіргі заманғы ірі шаруашылық құрылыс салудың өзі жеткілікті. Егер бұл мысалды шаруашылықтың бүкіл социалистік системасына қолдансақ, былай болып шығады: дербес даму жағдайында бірнеше ұсақ кәсіпорын салудың орнына социализм елдеріне келісілген жоспар бойынша бір ірі кәсіпорын салған тиімді.

Күрделі құрылыс программасын үйлестіру кезінде, сірә, біздің күрделі қаржы жұмсау саласында өз елдеріміздің күшін неғұрлым тең бөлуге ұмтылғанымыз жөн болар. Әрине, ұлттық табыстағы қордың үлесін анықтау—әрбір мемлекеттің суверенді правосы. Әрбір елде ол үлес шаруашылық құрылыстың нақты міндеттеріне және өзіне тән ерекше жағдайларға қарай анықталады. Бірақ әрбір социалистік елдің біздің ортақ мұқтажымызға қызмет етуге тиісті өндірістің өмірлік маңызы бар салаларын өркендетуге экономикалық мүмкіндігін есепке ала отырып, біршама тең дәрежеде қатысуы туралы айтудың жөні бар.

Күрделі құрылысқа бөлінетін қаржыны неғұрлым тиімді пайдалану міндеті алға қойылып отырғандықтан, шамасы, біздің бұл қаржыны, әрине, мүдделі елдерге өзара тиімді жағдайда, бір елден екінші елге кейде ауыстырып отыру қажеттігімен есептесуімізге де тура келетін шығар. Мұндай тәсіл өзін өзі ақтайды және мұны қолдану оған қатысты елдердің бәріне тиімді болады.

Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы басқа елдердің басшылығы сияқты, Совет үкіметі де халықаралық маңызы бар өнеркәсіп, транспорт, өзге де объектілердің құрылысын бірлесіп қаржыландыру практикасын кеңейтуді жақтайды. Бірлесіп қаржыландыру тәртібін ең алдымен экспортқа жұмыс істейтін өнеркәсіптің шикізат өндіретін салаларына қолданған орынды, өйткені бұл күрделі қаржыны неғұрлым көп керек ететін сала. Біздің ойымызша, Экономикалық Өзара көмек Советінде ортақ мүддеге сай келетін күрделі құрылыстың аса маңызды объектілерін салуды бірлесіп қарау үшін қажетті жағдай туды.

Күрделі құрылысты үйлестіру достық одақтағы барлық ел көлемінде өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруды қамтамасыз етеді. Егер елдер арасында күрделі құрылыс жоспарларын келісіп алуды жолға қоюдың сәті түссе,—ал бұған күмән келтіруге болмайды,—едәуір қаржыны босатып, басқа мұқтажға бағыттауға мүмкіндік туады; ал бұл жоспарларда жаңа өнеркәсіп объектілерінің ұлттық қажеттермен қабат, ортақ қажеттерді де өтеуі қарастырылуға, өз еліндегі, сонымен қатар басқа елдердегі өндірістік қуаттар есепке алынуға тиіс.

Жоспарларды үйлестіру елдердің шаруашылық инициативасын тежемейді, қайта, керісінше, мұндай инициативаның өрістеуіне көмектеседі. Сонда әрбір социалистік елдің өз экономикасын көтеру үшін де, дүниежүзілік социалистік шаруашылықты тұтас өркендету үшін де мүмкіндіктер анағұрлым жақсы және толық пайдаланылады.

Бұрын Экономикалық Өзара көмек Советі жалпы алғанда жоспарларды, оның ішінде жаңа негізде күрделі қаржы жұмсау жоспарларын келісіп алу жүйесін қайта құра алмады, өйткені, оның, біріншіден, бұрынғы статут бойынша бұл үшін тиісті уәкілдігі болмады, екіншіден, ол жоспарлаудың қажетті құралымен: халықшаруашылық көрсеткіштерімен салыстырып көруге болатын материалдық баланстармен, бір ізге салынған статистикамен қамтамасыз етілмеген еді. Июнь Кеңесінің шешімдері бұл жөнінде Экономикалық Өзара көмек Советінің жұмысын жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Халықшаруашылық жоспарларын үйлестіру, өндірісті кооперативтендіру, мамандандыру социалистік елдер экономикасының онан әрі жақындауына, біздің жалпы экономикалық күш-қуатымызды нығайта беруге көмектесетін болады. Өзара тиімді және тең праволы

ынтымақтың әрбір елдің мүддесін барынша жақсы ескере, олардың гүлденуіне көмектесе алатындай ебдейлі түрлерін табу қажет.

Еңбектің халықаралық бөлінісінің күшейе түскенін сыртқы сауда айқын бейнелеп отыр. Экономикалық Өзара көмек Советіне мүше елдердің сыртқы саудасының жалпы көлемі 1961 жылы 1950 жылғы көлемнен 3,5 есе асып түсті. Экономикалық Өзара көмек Советіне мүше елдердің тікелей өз арасындағы товар айналымы да шамамен осындай мөлшерде ұлғайды. Рас, өнеркәсіп өндірісінің көлемі де осы мерзім ішінде сол шамада өсті. Бірақ ауылшаруашылық өндірісі бірқыдыру баяу өскенін еске алсақ, Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің арасындағы товар айналымының өсу қарқыны олардың жалпы халықшаруашылық өнімінің өсу қарқынынан жоғары болып шығады. Еңбек бөлінісінің—терендей түскені де осыдан айқын көрінеді.

Ынтымақты қарым-қатынастың өткен кезеңі үшін келтірілген бұл көрсеткіштер жақсы деп есептеуге болады. Бірақ бұл бүгінгі күннің міндеттеріне сай келмейді. Еңбек бөлінісі, өндірісті мамандандыру және кооперативтендіру кең дамып отырған жағдайда Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің арасындағы товар айналымының өсу қарқыны, олардың бүкіл сыртқы сауда көлемінің ұлғаятыны сияқты, олардың өндірісінің өсу қарқынынан сөзсіз асып түседі.

Кейбір буржуазиялық экономистер батыс еуропалық интеграцияның табыстарын, оның ішінде еңбек бөлінісі саласындағы табыстарын әрдайым мақтан етуді ұнатады. Олар, мысалы: батыс еуропалық ортақ рынокке кіретін елдердің арасындағы товар айналымының ұлғаяу қарқыны 1950 жылдан 1961 жылға дейінгі кезең ішінде олардың өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқынынан екі есе жоғары болғанын және олардың бүкіл сыртқы саудасының даму қарқынынан едәуір асып түскенін көрсетеді.

«Ортақ рынок» пен Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдерде товар айналымының өсу қарқынын салыстыра отырып, олар былай дейді: Экономикалық Өзара көмек Советінің шеңберіндегі еңбектің халықаралық бөлінісінің даму дәрежесі Еуропалық бірлестікке қарағанда әзірге төмен болып отыр. Алайда олар біздің әртүрлі даму дәрежеден бастағанымызды, бұл міндетті капиталистер ондаған жылдар ішінде орындағанын бүркемелеп қалуда. «Алты» елдің өздері біріккеннен бұрын-ақ жоғары дамыған өнеркәсібі болды және өндірісті анағұрлым кең мамандандырып, кооперативтендірді. Біз бұл істі жаңадан ұйымдастырып жатырмыз. Алғашқы кезде халықтық демократия елдерінің бәрінің бірдей еңбектің кең бөлінуі үшін жеткілікті жағдай болмады. Бұлардың бірсыпырасының өнеркәсібі, меншікті қор көзі, болған жоқ немесе мүлде дерлік болмады, яғни еңбектің халықаралық бөлінісінің дамуына сөзсіз негіз боларлық базасы болмады.

Енді бұл кезең өтті. Экономикалық Өзара көмек Советіне кіретін барлық елдің ұлттық өнеркәсіп базасы бар; бұл база еңбектің халықаралық социалистік бөлінісі негізінде келешекте бұрынғыдан да жоғары қарқынмен өркендейтін болады. Өндіргіш күштердің дәрежесі неғұрлым жоғары болса, өндірісті кооперативтендіру мен мамандандыруды кеңейту қажеттігі соғұрлым күшейе түседі, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін жағдай да жақсара береді.

Социализм лагерінде негізінен шикізат пен материалдар жөніндегі өзара алыс-беріс жылдан жылға артып келе жатқанын фактілер көрсетіп отыр. Мұның өзінің пайдалы жағы бар. Өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін, ең алдымен машина және құрал-жабдықты өзара алмасу мәселесіне келетін болсақ, олардың өсуі бұл салалар өндірісінің өсуінен бүгінгі күнге дейін артта қалып келді. 1955 жылдан 1960 жылға дейінгі мерзім ішінде Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдерде

машина және құрал-жабдық өндіру 95 процент артты. Сөйтіп, Болгария, Румыния және басқалары сияқты бұрынғы аграрлы елдер кәзіргі заманғы техниканы жасап, сыртқа шығарушы елдерге айналды, мұның өзі бұл елдердің индустрияландыру ісінде табысқа жетіп отырғанын дәлелдеп береді. Сонымен бірге Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер арасында алыс-беріс 79 процент өсті. Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер 1965 жылға дейін машина және құрал-жабдық жасап шығаруды 1960 жылғыдан шамамен 50 процент көбейтуді жобалады, ал жасалған сауда келісімі бойынша осы өнімдерді өзара алыс-берісуді 45 процент мөлшерінде көбейту белгіленіп отыр. Бірақ біздің елдер арасында еңбек бөлінісінің қол жеткен дәрежесі олардың экономикалық қажеттеріне енді сай келмей қалды.

Машина мен құрал-жабдық жөніндегі өзара алыс-берістің оларды өндірудің жалпы өсу қарқынынан кенже қалуы Экономикалық Өзара көмек Советі ұйымында еңбек бөлісінің, өндірісті мамандандыру мен кооперативтендірудің жеткіліксіз дамығанын көрсетеді. Бірақ бұл кенже қалушылықтың уақытша құбылыс екенінде күмән жоқ, енді біздің күшіміз оны жоюға жұмсалуда.

Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер өнеркәсіптің өңдеу салаларын мамандандыру және кооперативтендіру жөнінде капитализмнен нашар «мұра» алғанын айта кету керек. Бұрын капиталистік шаруашылық системасында болған кезінде бірқатар халықтық демократия елдерінің өзіне тән даму жағдайлары өнеркәсіптің экономикалық жағынан өзін ақтамайтын универсалдыққа әкеп соқтырды, ол универсалдық аз өнім беруге негізделді. Берік шикізат қоры мен энергетика базасының жоқтығы, ең бастысы ірі мемлекеттердің империалистік монополияларына экономикалық жағынан тәуелді болуы бұл елдердің көбін өндірісті көлемді мөлшерде өркендету мүмкіндігінен айырды. Бұл жағдай, өз ретімен, оларды аз да болса тиімді жағдайда еңбектің халықаралық бөлінісіне қатысу мүмкіндігінен құр алақан қалдырды және ол өз елінде қайткенде де өндірістің көптеген түрін құру тенденциясын туғызды. Керекті заттардың бәрін өзі шығарған өніміне айырбастап алатынына олар сене алмады.

Шаруашылықты осылай «универсалдандыру» өзін өзі ақтамайтын Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің ынтымағын дамыту барысында мейлінше айқындалды. Бұл «универсалдандыру» тым қымбатқа түседі.

«Бәрі өзімде болсын» деген принципті негізге алып, өндіріске жұмсалатын шығынды есептемей, елде сан алуан өнеркәсіп өнімін барынша көп шығару тенденциясы кәзіргі кезде экономиканың жалпы жеткіліксіз өркендеуі салдарынан немесе экономикалық сипаты жоқ бөгде ребептерден тууы мүмкін. Әрине, бұл арада ел ішінде мамандандыру мен кооперативтендіруді ұйымдастыру және неғұрлым кең өрісті ішкі рынок арқылы өнеркәсіпті неғұрлым универсалды өркендетуге мүмкіншілігі бар дүние жүзінің аса ірі мемлекеттері туралы сөз болып отырған жоқ. Ал өндірістің мұндай халықаралық кооперативтендірілуі бұл елдерге де тиімді.

Социализм жағдайында құн заңы әрекетінің стихиялық сипаты жоқ. Біздің кәсіпорындар зиян шеккен күнде де саудаға салынып сатылмайды. Бірақ, әрине, рентабельділік принципіне қалай болса солай қарап отыра алмаймыз, өйткені социалистік шаруашылықты онсыз жүргізуге болмайды.

Социалистік кәсіпорындардың табыстылығы (рентабельділігі) неғұрлым жоғары болса, ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін, халықтың қажетін өтеу үшін мемлекет қорды солғұрлым көп жинайды. Кәзіргі уақытта ғылым мен техниканың осы заманғы үздік жетістіктері негізінде

жүргізілетін, көп өнімді, мамандандырылған өндіріс қана мол табысты бола алады. Міне, сондықтан енді Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің алдына әр елде өндірісті универсалдандыру жолымен жүру керек пе немесе өндірісті кооперативтендіру және халықаралық мамандандыру ісін батыл алға бастыру керек пе деген мәселе қойылып отыр. Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер өндірісті мамандандыру мен кооперативтендіру жолы ғана оның ойдағыдай өркендеуін қамтамасыз етеді дегенді негізге алады.

Капитализм тұсында өндіргіш күштердің дамуы капиталды орасан көп мөлшерде шоғырландырумен, орталықтандырумен байланысты екені, мұның өзі өнімді көптеп өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні мәлім. Дамыған капиталистік елдерде рынок стихиясы ұсақ өндірістің жойылуына әкеп соқтырады. Әдетте, бәсекелік күресте өнімді көптеп және неғұрлым төмен түсер құнмен шығаратын кәсіпорындар жеңіп шығады. Құн заңының бұлтартпас әрекеті капиталистерді еңбек бөлінісіне және өндірісті мамандандыруға мәжбүр етеді, бұл заң бойынша өндіріс атаулының бәрі табыс келтіруге тиіс, әйтпесе ол құрып кетеді. Капитализмнің экономикалық жетістігінің негізі—көптеп өндіру. Мысалы, Форд өз автомобильдерін дүниежүзілік рынокке қалай қаптатып жібере алды? Өйткені, ол өнімді көптеп шығарады, ал бұл ең арзан өнім.

Сонымен бірге бұл капиталистік өндірістің нәзік те осал жағы. Капитализм жағдайында капиталдың шоғырлануы және товардың көптеп өндірілуі өндіріс құралдарының жеке меншікте болуына негізделеді. Капиталист өнімді жеке өзі үшін емес, рынок үшін, сату үшін өндіреді. Жеке меншік және капитализмнің стихиялық заңдарының әрекеті жағдайында өндірістің өсуі рыноктің относителді өріс тарлығына килігеді, мұның өзі болашақ перспективаны есепке ала отырып, рыноктың қажетін болжауға мүмкіндік бермейді. Бұл—капиталистердің көп сәтсіздіктерінің, соның ішінде капиталистік өндірістің дағдарысы мен үздік-создық жұмыс істеуінің негізгі бір себебі.

Социализм елдері өндіріс құралдарына жеке меншікті жойды, сөйтіп олар капитализм тудырып отыратын кеселдерден арылды. Егер біз бүкіл социалистік система көлемінде өндірісті жоспарлау ісін социалистік жолмен «капиталды шоғырландыру» негізінде жаппай, көптеп өндіруді (мұның тиімділігін капитализм дәлелдеген) ұйымдастырумен ұштастыратын болсақ, онда капиталистік системамен экономикалық жарыста біздің жеңіп шығуымызды күмәнсіз шапшаңдатамыз. Ал бұл үшін социализмнің бүкіл дүниежүзілік системасы көлемінде өндірісті кооперативтендіру мен мамандандыруды кеңінен ұйымдастыру талап етіледі. Социализм елдерінің кәзіргі кездегі өндірістік дамуына автаркиялық бағыт мүлде жат болып есептеледі. Біздің елдерде экономиканың ұлттық томаға-тұйықтығын сақтау, бізге социалистік система беріп отырған орасан зор артықшылықтарды пайдаланбау алға басуымызды қолдан тежеу болып шығар еді. Бұл біздің ісімізге зиян келтірер еді.

Дүниежүзілік социалистік система социализм елдерінен құралып отыр. Ол халықтардың әлеуметтік-саяси бірігуі ғана емес, сонымен бірге дүниежүзілік экономикалық система. Міне, сондықтан да кооперативтендіруді әрбір жеке социалистік елдің көлемінде томаға-тұйық жүргізбей, қайта дүниежүзілік социалистік шаруашылық көлемінде жүргізу керек, оны өткеннен мұра болып қалған ұлттық тұйықтықты жоя отырып істеу керек. Өндірістің жоспарлы сипаты мұны біздің ойдағыдай істеуімізге мүмкіндік береді.

Енді біз неғұрлым биік белестерге көтеріліп барамыз, ал бұл белестен бүкіл дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың мүдделерін көріп, біліп және оны неғұрлым толық ескеріп отыруға әбден болады.

Еңбектің халықаралық бөлінісі мен өндірісті мамандандыру, әсіре-

се бұрын артта қалған елдерде социалистік жолмен индустрияландыруды жүзеге асыру үшін өте-мөте қолайлы жағдай жасайды. Біздер, коммунистер әрбір социалистік елдің өзінің өркендеген өнеркәсібі болу үшін ұмтылуын әбден түсінеміз, өйткені мұнсыз ұлттық экономика мен мәдениетті көтеру, сондай-ақ социалистік достық одақтағы елдердің экономикалық жалпы даму дәрежесін теңдестіру мүмкін емес. Бұл елдер халықтарының ескі, мешеу мұрадан қайткенде де тезірек арылып алдыңғы қатарлы мемлекеттердің дәрежесіне жеткісі келетінін біз әбден түсінеміз. Тек мамандандыру және өндірісті кооперативтендіру ғана осы заманғы техникалық дәрежеде неғұрлым ірі де мол табысты кәсіпорындар құруға мүмкіндік береді. Іске осы тұрғыдан қарағанда мемлекеттің табысы тезірек өсіп, ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін қор ойдағыдай жиналады, жоғары маманды кадрлардың өсіп жетілуіне, ғылыми-техникалық прогреске неғұрлым қолайлы жағдай туғызылады.

Социалистік еңбек бөлінісі негізінде құрылып, мамандандырылған ірі кәсіпорындардың дүниежүзілік социалистік рынокте өнім өткізуіне толық кепілдігі бар, ал социалистік экономиканың жоспарлы сипаты өнімге тұрақты сұранысты қамтамасыз етеді. Оның үстіне, мамандандырылған осындай объектілерге социалистік елдердің бәрі немесе көпшілігі мүдделі, ал мұның өзі сол объектілерді салу, пайдалану жөнінде коллективтік іс-әрекетті және өзара көмек көрсетуді тілейді. Бұдан мамандандырылған және кооперативтендірілген өнеркәсіпті құру кәзірдің өзінде дамыған өнеркәсібі бар елдерге де, индустрияландыру жолына түскен елдерге де бірдей тиімді болатыны көрінеді.

Халықаралық мамандандыру шағын елдерге ғана емес, сонымен қатар ол Совет Одағы сияқты ірі мемлекеттерге де тиімді. Өрісі кең рыногі бар СССР тәрізді елдің тек ішкі мұқтажды өтеуге қолайлы келетін ірі кәсіпорындар салуына мүмкіндігі мол екені түсінікті. Бірақ еңбектің халықаралық социалистік бөлінісіне қатысу бізге де тиімді. Егер Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы басқа елдерде өңдеу өнеркәсібінің кейбір өнім түрлерін шығару қолайлырақ болса, онда Совет Одағы мұндай өнімді өзінде өндіру мөлшерін азайтуға да даяр.

Экономикалық Өзара көмек Советі шеңберіндегі ынтымақтың дамуы кәзір біздің алдымызға әр елде өндірісті мамандандырудың бағыты туралы мәселені, яғни біздің ортақ қажеттерімізді неғұрлым тиімді жолмен өтеу үшін елдердің әрқайсысында, атап айтқанда қай саланы, қандай комплекске, қандай шикізат негізінде құрып, өркендету туралы мәселені шешуі керектігін қойып отыр. Біздің елдерде өнімнің негізгі түрлерін өндірудің және тұтынудың кем дегенде 1970 жылға дейінгі мерзімге арналған балансын жасаудың, сондай-ақ осының негізінде өндірісті мемлекетаралық мамандандыру мен кооперативтендірудің бас схемасын белгілеудің мезгілі жетті. Таяудағы жылдардың өзінде-ақ жаңа өнімнің аса маңызды түрлерін халықаралық мамандандыру, кооперативтендіру негізінде шығару жобаланып отыр.

Еңбектің халықаралық социалистік бөлінісін дамытып, жетілдіру программасын өзара сауданы ұйымдастыру, оны жоспарлау жөніндегі келісілген шаралармен үйлестіріп, нығайту керек. Социализмнің бір ел шеңберінен шығуына байланысты дүниежүзілік социалистік рынок—халықаралық алыс-берістің мүлде жаңа өрісі құрылды, оның дүниежүзілік капиталистік рыноктен айырмашылығы бар, өйткені ол стихиялық жолмен емес, жоспарлы негізде әрекет жасайды. Социалистік елдер арасындағы товар айналымы жоспарлы өндіріс негізіне құрылған ұзақ мерзімді келісімдер бойынша қамтамасыз етіліп отырады.

Сыртқы сауда байланысының қалыптасқан практикасы өзара сауданы ұлғайтудың бай мүмкіндігін біздің әлі де пайдалана алмай

отырғанымызды көрсетеді. Кейде қажетті товарлар «шеттен» алынады, ал оның бержағында істі дұрыс ұйымдастырса, сол товарларды біздің достық одаққа кіретін елдерден де алуға болар еді. Товарларды «шеттен» алудың өзі шаруашылық құрылыстың барысына қиыншылық туғызатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Еңбектің халықаралық социалистік бөлінісі сыртқы сауда үйлесімді де тоқтаусыз жүргізілсе ғана, сауда еңбек бөлінісі негізінде жасалған заттардың толық және дер кезінде өткізілуін қамтамасыз етсе ғана ойдағыдай өркендей алады. Міне, сондықтан да Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер сыртқы сауда системасын жетілдіру жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Оның ішінде жанжақты есеп айырысу әдісіне көшу, сондай-ақ сауда міндеттемелерін орындау жолында өзара жауаптылықты күшейту жөніндегі шаралар үлкен роль атқарады.

Сыртқы сауда көлемінің ұлғаюы өндірістің өсу қарқынына да, еңбектің халықаралық бөлінісіндегі дамудың дәрежесіне де, сыртқы сауда қатынасының ұйымдастырылуына да байланысты. Осы уақытқа дейін Экономикалық Өзара көмек Советінің шеңберінде сауданың ұлғаюы көбінесе өндіріс көлемін өсіру есебінен жүзеге асырылып келді. Енді үш фактордың үшеуін де мүмкіндігінше толығырақ пайдалану керек.

Өндірісті халықаралық мамандандыруды, кооперативтендіруді өрістетуге ұзақ мерзімді сауда келісімдері үшін берік негіз қалайды. Экономикалық Өзара көмек Советінің ұйымы өзінің алдына сауданы екі жақты жоспарлаудан көп жақты жоспарлауға, үйлестіруге көшуді және социалистік елдер арасында есеп айырысуды қамтамасыз ететін жүйе жасау міндетін қояды.

Сыртқы сауда саласындағы маңызды міндет тұтынылатын товарлардың түр-түрін көбейтіп, сапасын арттыру болып саналады. Бұл мәселе барлық жағынан да ерекше маңызды. Халықтың көпшілік қолды товарларға деген қажетін толығырақ та кең өтеу үшін енді социалистік елдердің өнеркәсібінде не керектің бәрі бар. Турасын айту керек, бұл мүмкіндіктер, мысалы, бізде, Совет Одағында әлі толық пайдаланылмай келеді. Біз ауыл шаруашылығын өрге бастыру және химияны дамыту негізінде көпшілік тұтынатын өнімнің сапасын едәуір арттыру, оның түр-түрін барынша көбейту, оған еңбекшілердің бәрінің қолы жетуін қамтамасыз ету міндетін қойып отырмыз.

Капиталистік дүниеде өнімнің сапасын арттырып, түр-түрін көбейтуге күшті ынталандыратын нәрсе бәсеке екені мәлім. Бізде социалистік рынокте бәсекелік күрес жоқ. Бірақ бұдан өнімнің сапасы жақсы, түр-түрі көп болуы жолындағы, шынайы жарыс принципінен біздің бас тартуымыз керек деген ұғым тумайды, мұндай жарыстың барысында өндіргіш күштер мен өндірістік қуатты экономикалық жағынан неғұрлым қолайлы орналастыру жолы анықталып, айқындала түсетін болады.

Әрине, өте-мөте қажет, арзан, жоғары сапалы өнімдерге сұраныс принципі біздің елдердің ішінде де, сол сияқты дүниежүзілік социалистік рынокте де барған сайын өзіне кеңірек жол ашып отыратын болады.

Еңбектің халықаралық бөлінісін, өндірісті кооперативтендіру мен мамандандыруды өрістетуге жөніндегі шаралар таяудағы уақытта-ақ Экономикалық Өзара көмек Советі ұйымына қатысушы елдердің, бүкіл социалистік ынтымақтағы елдердің ұлттық шаруашылықтарының өзара байланысын, бір-біріне тәуелділігін күшейтеді. Бұл жағдайда есеп-қисаптың, бақылаудың, барлық жерде қатан үнем жасаудың ерекше маңызы бар, онсыз социалистік шаруашылықты жүргізу мүмкін емес. Дүниежүзілік социалистік шаруашылық жөнінде мұның мәнісі мынадай болады: біріншіден, әр елдегі халық шаруашылығының үйлесімді өркендеуін, оның сыртқы экономикалық байланысының дамуын қамта-

жасыз ету; екіншіден, қоғамдық қажетті еңбектің жұмсалған есесін толтыра отырып, шаруашылық қызметтің нәтижелерін өзара алмасу.

Сонымен, әңгіме кең өрістетілген халықаралық негізде біздің сыртқы экономикалық қарым-қатынас практикасындағы шаруашылық есептің лениндік принципін онан әрі дамыта беру туралы болып отыр.

Дүниежүзілік социалистік шаруашылық құрылыстың өзін өзі ақтаған бұл әдістерін бұрынғыдан да дамытып, нығайту, сонымен бірге өзара туысқандық көмектің барлық түрін қолдануды да көздейді. Социализмнің басқа елдеріне олардың экономикасын одан әрі өрге бастыруына күшін жұмылдыру ісінде көмектесе беруді, бүкіл біздің ынтымақтағы социалистік жеңістердің күзетінде тұрған біздің елдің, бүкіл социалистік лагерьдің Отан қорғау қабілетін нығайтуға қолдан келгеннің бәрін істеуді КПСС өзінің интернационалдық борышым деп санайды. Социализм елдерінің өзара көмегін, әсіресе, өзінің экономикалық дамуында әзірге артта қалып отырған елдерге көмектесуді онан әрі өрістету жөніндегі мәселені зерттеуді біз Экономикалық Өзара көмек Советінің маңызды міндеттерінің бірі деп есептейміз. Мысалы, мұның Экономикалық Өзара көмек Советіне жаңада мүшелікке алынған ел—Монғол Халық Республикасына қатысы бар. Ол біздің барлық елдердің көмек көрсетуін керек етеді.

Жекелеген елдердің экономикалық мүдделерін ынтымақтағы барлық елдердің мүдделерімен дұрыс ұштастыруды қамтамасыз ету үшін біз материалдық жағынан ынталандыру жүйесін жақсы пайдалану туралы ойластыруымыз керек. Экономикалық Өзара көмек Советінің аса маңызды міндеттерінің бірі—кооперативтендіру мен мамандандыруды дамытуда, өзара тиімді сауданы өрістетуде социалистік елдердің ынталылығын арттыратын экономикалық тетік табу болып саналады, деп ойлаймыз. Социалистік елдердің әрқайсысының экономикалық қажетінің, экономикалық тиімділігі мен ынталылығының өзі еңбектің халықаралық социалистік бөлінісі үшін, ұлттық шаруашылықтардың бір бірімен жақындасуы үшін ынталандырушы қызмет атқаратындай жағдай туғызу керек.

Мысалы, мамандандырылған өнеркәсіп өніміне ынталандыру бағасын белгілеу саясаты, сондай-ақ халықаралық мамандандыру, кооперативтендіру негізінде салынып жатқан немесе қайта құрылып жатқан кәсіпорындарды, объектілерді социалистік елдердің коллектив болып қаржыландыруы осы мақсатқа қызмет ете алады. Біздің келешекте бұл тәрізді шараларды қаржыландыруымыз үшін социалистік елдердің коллективтік банкіні ұйымдастырғанымыз, сірә, қолайлы болатын шығар.

Мамандандыру мен кооперативтендіруді көтермелеу және материалдық жағынан ынталандыру жүйесін қалай жасау керектігі туралы мәселе мамандардың тәптіштеп зерттеуін керек етеді. Біздің пікірімізше, ынталандыру шараларын, ең алдымен бүкіл дүниежүзілік социалистік система үшін бірінші дәрежелі маңызы бар, мамандандырылған жағдайда неғұрлым экономикалық көп пайда беретін өндірістің аса маңызды салалары, сондай-ақ өндірістің өте тапшы салалары үшін белгілеу керек. Өнімнің әрбір нақты түрі үшін көтермелеу шаралары белгілі бір уақытқа арнап белгіленуге тиіс, өйткені алдағы уақытта өндірісті игеруге және өнімді ұдайы көптеп өндіруге байланысты өнім шығарушы ел экономикалық пайданы өзінен өзі көбірек көре береді, сөйтіп, ол қосымша материалдық көтермелеуге мұқтаж болмай қалады.

Өндірісті кооперативтендіру, елдердің экономикалық жақындасуы, экономикалық дамудың жалпы дәрежесін теңдестіруге жеткізеді, болашақта, мүмкін, бір социалистік елдер товарларының басқа елдердің рыноктеріне тікелей шығарылуы тиімді де қолайлы болмақшы. Бұл социалистік елдер арасындағы экономикалық тосқауылдардың бірте-бірте жойылуының бір көрінісі болмақ.

3. Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің материалдық-техникалық базасын онан әрі нығайту

Социалистік елдердің материалдық-техникалық базасын нығайту кәзірдің өзінде бірқатар маңызды, кезек күттірмейтін мәселелердің шешілуі қажеттігін талап етеді. Кәзір Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдер арасында экономиканы өркендетудің және өзара байланыстың алдағы жиырма жылдағы басты бағыты туралы консультация жүргізілуде. Консультация жүргізіліп жатқан перспективалық жоспардың жобасынан көрінгеніндей, Экономикалық Өзара көмек Советінің өнеркәсіп өндірісі 1961—1980 жылдары 6 еседен астам, ауыл шаруашылығының өнімі 3 есе, ал ұлттық табыс 5 еседей көбейеді.

Бұл міндеттерді орындау үшін отын, шикізат, материалдар проблемасын неғұрлым тиімді шешудің жолын бірлесе отырып табудың ерекше маңызы бар, өйткені бұларды өндіру мөлшерін көбейту орасан зор күрделі қаржы жұмсауға байланысты.

1960 жылы Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдерде 970 миллион тонна отын (шартты отынға айналдырғанда) өндірілді, ал 1980 жылы 3 400 миллион тонна отын өндіру жобаланып отыр. Біздің елдердің отын-энергетикалық бірыңғай балансын жасау бұл міндеттің орындалуына көмектеседі, ол баланста әр елдің отын жөніндегі қажетін шығынды аз жұмсау жолымен, прогрестік норма бойынша қанағаттандыру мақсаты көзделуге тиіс.

Тас көмір коксін үнемдеуді қамтамасыз ететін әдістерді қолдану міндетінің маңызы ерекше зор. Металлургияда табиғи газды өндірістік жағдайда кеңінен қолдану дүниежүзілік практикада бізде тұңғыш рет іске асырылды, мұның өзі қымбат тұратын кокстің шығынын едәуір мөлшерде азайтуға мүмкіндік берді. Егер табиғи газды қолданумен бірге домна пешіне оттегін берсе, онда домналарда кокстің үнемделуін 30—35 процентке жеткізуге болады. Міне, сонда домна пештерінің өнімділігі арта түседі.

Жиырма жылдық перспективаның алдын ала жасалған жобасы Экономикалық Өзара көмек Советі елдерінде 1960 жылы 407 миллиард орнына 1980 жылы 3 500 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндіруді көздейді. Отын-энергетика проблемасын шеше отырып, біз өз алдымызға 1970 жылға дейін Европадағы халықтық демократия елдерінің және Совет Одағының европалық бөлегінің бірыңғай энергетикалық жүйесін құруды аяқтап шығу міндетін қоюымыз керек. Бұл жүйені құру арқылы біз экономиканы үйлесімді өркендетудің маңызды құралына ие боламыз, сонда энергетикалық қуат неғұрлым тиімді де ебдейлі қолданылып отыратын болады. Сөйтіп бірсыпыра көрші елдердің біртұтас жоспар бойынша электрлендірілуі жөніндегі лениндік идея іске асырылады.

Дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың көкейтесті проблемасының бірі—социалистік елдердің ұдайы өсіп отырған мұқтажын толық өтейтіндей мөлшерде қара металдарды өндіруді тез ұлғайтудың неғұрлым тиімді жолдарын анықтау. Алдын ала жасалған есеп көрсеткеніндей, болат өндіру 1960 жылғы 86 миллион тонна орнына 1980 жылы 330 миллион тоннаға дейін көбейеді. Шикізат және кокстелетін көмірдің біркелкі орналаспауына байланысты қара металлургия кәсіпорындарын неғұрлым тиімді орналастыру мәселесінің маңызы бұрынғыдан да арта түседі; мұның өзі уақытты, қаржыны, еңбекті аз жұмсау арқылы қара металдарды керекті мөлшерде өндіруді ұлғайту мақсатын көздейді.

Отын мен шикізат проблемасын шешудің басқа жағы да бар. Шикізаттың кейбір тапшы түрлері жөнінен социалистік елдер бірқатар себептерден социалистік емес рынокке әлі де тәуелді болып келеді. Біздің пікірімізше, осы мәселедегі принциптік бағыттың түйіні мыс, ни-

кель, каучук, мақта сияқты товарларды шеттен алудың сенімді көзін таба білуде болып отыр. Мұнымен қабат ғылым мен техниканың соңғы уақытта ашқан жаңалықтары социалистік система елдерінде бұл шикізат түрлерінің кейбіреуін немесе олардың орнына қолданылатын заттарды өндіруді ұйымдастыруымызға мүмкіндік береді. Мысалы, СССР-дегі және социалистік системаның басқа елдеріндегі химик ғалымдардың жетістіктері бірлесіп жұмыс істеу негізінде өзінің қасиеті жағынан табиғи каучук орнына жүретін жасанды каучукты, мақтаның орнына ойдағыдай қолданылатын жасанды торканы өндіруді таяудағы жылдардың өзінде жолға салу міндетін қоюымызға мүмкіндік береді.

Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің перспективалық жоспарында химияны жедел өркендетуге үлкен мән берілуі заңды. Бірақ бұл саланы әр елдің өз күшімен жекелеп өркендету—оңай іс емес. Біздің бәрімізге дерлік жаңа өнеркәсіптің бұл саласын коллектив күшімен жасау анағұрлым жеңіл болады. Июнь Кеңесінің шешіміне сәйкес жоспарлаушы органдар әр ел үшін өнеркәсіптің бұл саласын мамандандыру, кооперативтендіру бағытын бірлесіп анықтайтын болады, химияны қажетті шикізатпен, құрал-жабдықпен қамтамасыз етуге қамқорлық жасайды.

Өндірісті өркендетудің және еңбек бөлісінің жобаланған мөлшері Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердің бәрінде транспортты дамытудың елеулі проблемасын алға қояды. Алдын ала жасалған есеп бойынша Совет Одағынан ғана Еуропаның халықтық демократия елдеріне жіберілетін жүк көлемі 1960 жылғы 50 миллион тоннадан 1980 жылы 250 миллион тоннаға дейін көбейеді. Халықтық демократия елдері арасындағы жүк тасқыны да мықтап артпақ.

Бұл—жаңадан темір жолдар мен автомобиль жолдарын салу керек, порттарды жаңарту, оларды жаңадан салу, теңіз, өзен флотының жүк тасымалын көбейту керек, жаңа су жолдарын, қатынастың басқа құралдарын құру керек деген сөз. Егер халықаралық маңызы бар транспорт магистральдарын салу және қайта құру жоспарын, сондай-ақ оларды қаржыландыру, басқару тәртібін бірлесіп жасайтын болсақ, біз тасымалды қамтамасыз ету жөніндегі мұндай міндеттерді оңай-ақ орындап шығамыз.

Біз ғылым мен техника саласында ғаламат жаңалықтар ашылып жатқан ғылыми-техникалық ұлы революция дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Жалпы алғанда, әсіресе біздің системада ғылыми-техникалық прогресс өндіргіш күштердің шапшаң өсуіне орасан зор мүмкіндіктер ашады. Капитализммен экономикалық жарыс жағдайында ғылыми-техникалық прогресс біздің жедел алға басуымыздың шешуші құралының біріне айналып отыр, сонымен бірге ол киян-кескі күрестің аренасы болуда. Еңбек өнімділігі жөнінен жетекші капиталистік елдерді енді ғылым мен техниканың, өндірісті ұйымдастырудың ең озат жетістіктері негізінде ғана басып озуға болады, ал өндіргіш күштер мен еңбек өнімділігі капитализм елдеріндегіден жоғары болғанда ғана коммунизм жеңеді. Сондықтан ғылым мен техниканы, біздің жоспарлы социалистік шаруашылықтың артықшылықтарын пайдалану үшін, сөйтіп экономика саласында таяудағы уақыт ішінде капитализмнің асып түсу үшін қажетті нәрсенің бәрін істеу керек. Сондықтан біз социалистік ғылымның, техниканың және өндірісті ұйымдастырудың алда болып отыруын қамтамасыз етуге ұмтылып келеміз.

Социалистік елдерде ғылым мен техниканың ең жаңа табыстарын өндіріске енгізудің зор мүмкіндіктері бар. Өйткені, біздің елдер арасында бәсеке жоқ, өндірістің коммерциялық құпиясы, жасырын сыры дегендер жоқ. Біз ғылым мен техниканың жетістіктерін қалтқысыз да кең алмасып келеміз. Алайда, кейде технологияның прогрестік әдістерінің енгізілуі кешіктіріліп жүр. Мысал үшін болатты үздіксіз

күюдың совет ғалымдары мен инженерлері жасаған әдісін алайық. Ол әдіс іске жарамды прокаттың алынуын орта есеппен 8—10 процент, ал жеке түрі бойынша 17 процентке дейін, еңбек өнімділігін шамамен 20 процент арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса бұл әдісте қуатты блюмингтерді немесе слябингтерді қолданудың қажеті болмай қалады. Бұл әдістің экономикалық жағынан тиімділігінде шүбә жоқ. Солай бола тұрса да, осы әдіс бізде, Совет Одағында әлі де шабан енгізілуде, ал басқа социалистік елдерде әзірге мүлде қолданылмайтыны белгілі.

Үздіксіз күю әдісі болаттың түр-түрін өндіру мүмкіндігін кемітеді деседі. Бұл дұрыс. Бірақ бұл арада тағы да еңбектің халықаралық бөлінісі көмекке келеді. Белгілі бір маркалы болат өндіру ісін елдер арасында бөлсе, содан кейін оны алмастыруды ұйымдастырса өндірістің неғұрлым прогрестік әдісі есебінен экономикалық үлкен пайда келтіруге, сондай-ақ болаттың қажетті түр-түрін алуға болады.

Техникалық зерттеу мен конструкциялау ісін жүргізуде күш пен қаржыны бытыратуға апарып соқтыратын қолайсыз қосарлануды жою үлкен пайда береді. Мысалы, Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдерде металл жонатын бір типтес станоктарды жобалаудағы қосарлануды жоюдың өзінен ғана 4,5 мың адам-ай үнемделеді, мұның өзі мың конструктордың бір жыл бойына істейтін жұмысына тең.

Сірә, ғылым мен техниканың дамуын халықаралық негізде жоспарлауға көшетін, ғылым мен техниканың ортақ мүдделі аса маңызды зерттеулерін бірыңғай перспективалық жоспармен жүргізетін мезгіл жеткен сияқты. Мұның өзі зерттеу тематикасын елдер арасында бөлуге, бірнеше елдің ғалымдары мен инженерлерінің күшімен шешуге қолайлы проблемаларды белгілеуге мүмкіндік туғызады.

Біздің елдердің материалдық-техникалық базасын жасау ісінде ауыл шаруашылығы маңызды орын алады. Егер, түптеп келгенде, социализм мен коммунизм құру жоспарлары халық үшін материалдық-рухани игіліктердің молшылығын жасауды қамтамасыз етпесе, біздің бұл жоспарларымыздың ешбір маңызы болмас еді. Ал мұндай молшылыққа тек ойдағыдай өркендеген, жоғары өнімді ауыл шаруашылығы негізінде ғана жетуге болады.

Әрбір социалистік ел бұл міндетті, ең алдымен өзінің жеке күшіне, қаржысына сүйене отырып орындауда, мұның өзі өте дұрыс. Сонымен бірге осы салада да халықаралық ынтымақ үшін зор мүмкіндіктер бар. Ауыл шаруашылығын механикаландыру және химияландыру проблемасын шешуде, ауылшаруашылық техникасын конструкциялау мен өндіруде, өндіріс жұмыстарын электрлендіруде тағы да өзге істе біз күшімізді біріктіре алар едік.

Социалистік ауыл шаруашылығын басқарудың тәжірибесін өзара зерттеп үйренудің маңызы бар, бұған түрлі елдерде жинақталған құнды тәжірибенің бәрін пайдалану керек. КПСС ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды ұйымдастыруға үлкен маңыз береді. Біздің партияның Орталық Комитетінің март Пленумы жер органдарын қайта құру және ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды түбірінен жақсарту жөнінде шаралар жүйесін жасады. Бұл істе партия және совет органдары кәзірдің өзінде біраз тәжірибеге ие болды. Сонымен қатар біз ауыл шаруашылығына басшылық әдістерін жетілдіру жөнінде туысқан басқа партияларда бар прогрестік әдістің бәрін зерттеп, пайдалануға әзірміз.

Июнь Кеңесінде Польша біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитеті мен Поляк Халық Республикасы үкіметінің Экономикалық Өзара көмек Советінің ролін арттыру, оның жұмысын жақсарту жөніндегі маңызды ұсыныстары мақұлданды. Кеңеске қатысушылардың бәрі; Экономикалық Өзара көмек Советінің осы уақытқа дейін болып келген ұйымдық құрылымы, оның жұмыс түрі, әдістері Советтің алдында тұрған міндеттерге енді сай келмей қалды, деген қорытындыға келді.

Экономикалық ынтымақтың көкейтесті проблемаларын анықтау үшін Экономикалық Өзара көмек Советіне қатысушы елдердегі туысқан партиялардың бірінші секретарьларының және үкімет басшыларының үнемі бас қосып тұруы туралы Кеңестің қабылдаған шешімі, Экономикалық Өзара көмек Советінің кең өкілдік берілетін Атқару комитетін құру, сондай-ақ Кеңестің Мазмұндамасы мен шешімдерінде белгіленген басқа да шаралар, сөз жоқ, біздің елдердің экономикалық ынтымағын ұйымдастыру ісін жалпы дамудың жаңа кезеңіне сай келетін тиісті дәрежеге көтеруге көмектеседі.

4. Социализмнің шаруашылық табыстарының халықаралық ықпалы

Біз адамзаттың әлеуметтік дамуы бүкіл дүниежүзілік көлемде капиталистік құрылысты социалистік құрылыспен ауыстыру туралы мәселені күн тәртібіне қойып отырған дәуірде өмір сүріп отырмыз. Бұл — қатал күрестің дәуірі, оның барысында капитализм өзінің сөзсіз құрып-біту сағатын соза түсу үшін жанталасады, ал социализм өзінің жеңістерін нығайтып, оны дамыта түсумен бірге барлық халықтарға олардың ұлттық, әлеуметтік бостандыққа, бейбітшілікке, прогреске жету жолындағы заңды талабын іске асыруына көмектеседі.

Бүкіл дүние жүзінде социализм ықпалының онан әрі арта беруін қандай жолмен және қандай құралмен қамтамасыз ету мәселесі біздер үшін, коммунистер үшін екі системаның күресіндегі басты мәселе болып табылады. Бұл мәселенің принциптік шешімін В. И. Лениннің көрсетіп бергені жұртқа мәлім. Ол: жеңген социализм дүние жүзіндегі оқиғалардың барысына социалистік қоғамды ойдағыдай дамыту, ең алдымен оның шаруашылығын дамыту арқылы басты әсер етіп отырады деп көрсеткен-ді (Шығармалар, 32-том, 465-бет). Бұл нұсқау социализм тек жеке бір елде ғана — Россияда ғана жеңіске жеткен уақытта берілген еді. Социализм идеялары бүтіндей система көлемінде іске асып отырған кәзіргі күндері бұл нұсқаудың орасан зор маңыз алғанын түсіну қиын емес.

Өмір біздің алдымызға социалистік өндіріс тәсілінің артықшылықтарын, оның зор мүмкіндіктерін халықтарға тарихи қысқа мерзім ішінде дәлелдеп беру міндетін қойды. Бұл міндетті орындау үшін біздің тек саяси күштерімізді ғана емес, сонымен қатар экономикалық күштерімізді де жұмылдыруымыз керек. Кооперативтендіруді, еңбек бөлінісін дамыту, кәзіргі заманғы ғылым мен техника жетістігін ойдағыдай, тиімді пайдалану арқылы социалистік елдердің неғұрлым шапшаң өркендеуіне жету керек. Бұл жолды бүкіл маркстік-лениндік партиялар толық мақұлдап отыр, ол 1957 және 1960 жылдары Москва Кеңесінде қабылданған программалық документтерде негізделді.

Алайда, екі системаның — социализм мен капитализм системасының бейбіт экономикалық жарысының қажеттігі туралы, біздің шаруашылық табыстарымыздың шешуші маңызы туралы В. И. Лениннің жасаған аса маңызды қорытындыларын схоластикалық тұрғыдан пайымдап, бұрмалауға тырысатын адамдар да кездеседі, сөйте тұра олар өздерін марксистпіз деп санайды. Олар бейбіт қатар өмір сүру, бейбіт экономикалық жарыс саясатына қарсы шыға отырып, мұның өзі экономистердің теориясын қайталау болып табылады-мыс деп дәлелдегісі келеді, ал экономистердің капитализмге қарсы саяси күреске екінші дәрежелі мән бергені, экономикалық күресті жұмысшы табының басты ісі деп санағаны мәлім.

Бірақ мұндай пайымдауды ленинизмнің мәнін түсінбейтін адамдар ғана жасауы мүмкін.

Екі системаның бейбіт экономикалық жарысы туралы тезистің экономистер ұсынған теориямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

В. И. Ленин экономистерді сынай келе, былай деп атап көрсетті: жұмысшы табы өзінің экономикалық жағдайын жақсарту үшін күресумен бірге неғұрлым революцияшыл тап ретінде ол басты мақсатты—самодержавие мен капитализмді құлату жолындағы күресті естен екі елі шығармауға тиіс, өйткені, царизм мен капитализмді жоймайынша, еңбекшілердің экономикалық жағдайын түбірінен жақсарту мүмкін емес, ал капиталистер мен помещиктердің өкіметін құлатпай тұрып, капиталистік құрылысты жоюға болмайды.

Коммунистік және жұмысшы партияларының программалық документтерінде айтылған екі системаның бейбіт экономикалық жарысы капиталистік елдерде жұмысшы табының социализм жолындағы таптық саяси күресін ешбір бекерге шығармайды, қайта ол күресті бар деп есептейді. Социалистік халықтардың шаруашылық саласындағы табыстарының өзі капиталистік елдердегі пролетариаттың әлеуметтік бостандығы жолындағы күресінің өрістеуі үшін, халықтардың ұлт-азаттық күресінің күшеюі үшін неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер жасайды. Бұл марксистер арасында белгілі, жалпы жұрттың көзі жеткен ақиқат.

Дүниежүзілік коммунистік қозғалыс кәзіргі заман шындығын терең талдай отырып, коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1960 жылғы Москва Кеңесінде лениндік бұл идеяларды жаңа жағдайда онан әрі дамыта түсті. Коммунистік қозғалыс дүниежүзілік дамуға жасайтын ықпалды күшейте берудің неғұрлым дұрыс жолын іздеп, табуда; кеңес шешімдерінің және ондағы пікір алысудың шын мәнісі міне осы болды.

Ұлы мақсатқа біз жақындаған сайын социализмнің және оның идеяларының өзіне тарту күші арта түсетінін Ұлы Октябрь социалистік революциясы кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі біздің күрестің барлық тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Бұл тартпас материал—бүгінгі өмір фактілері арқылы социализмнің система ретіндегі ұлы мүмкіндіктері мен артықшылықтарын дәлелдей отырып, коммунистік және социалистік құрылыстың табыстары еңбекші бұқараның сана-сезімінің артуына жол ашады, капитал елдеріндегі тап күресінің өрістеуіне алғы шарт жасалуын күшейтеді.

«...Социализмнің үлгілік күші бар», деп келдік, деп те отырмыз... Коммунизмнің маңызын практика жүзінде, үлгі арқылы көрсету керек» деп көрсетті Ленин (Шығармалар, 31 том, 469-бет).

Өткен жылдар ішінде социализм үлгісінің қоғамдық дамудағы ролі, оның көз жеткізер күші өлшеусіз артты. Лениннің тұсында, социализм жолына бір ғана Россия—соғыстан, интервенциядан қансыраған Россия—түскен кезде социалистік елдердің шаруашылық табыстарының оқиғанын барысына әсер ететін қандай мүмкіндіктері болды? Империалистік елдер, деп жазды Ильич сол жылдары, революция жасаған жаңа «...құрылысқа социалистердің болжауын ақтарлықтай, олардың өндіргіш күштерді орасан тез дамытуына, социализмге айналатын мүмкіндіктердің бәрін түгел дамытуына мүмкіндік беретін, социализмнің негізінде орасан зор күштер бар екенін және дамудың керемет жақсы мүмкіндіктер беретін жаңа сатысына адам баласының кәзірде көшіп отырғанын жалпыға да, жалғызға да айқын, көзбе-көз дәлелдеуге мүмкіндік беретін қадамды дереу жасауына» мүмкіндік бермеді (Шығармалар, 33-том, 501-бет).

Совет Одағы мен Европаның халықтық демократия елдері қолайсыз факторлардың әсерін кәзірдің өзінде негізінен жеңді, ал бұл факторлар капитализмді аса маңызды барлық көрсеткіш жөнінен социализмнің алғашқы қадамда-ақ басып озуына кедергі жасады. Әнгіме, ең алдымен бұл елдердің көбінің неғұрлым дамыған капиталистік мемлекеттермен салыстырғанда капитализмнен қалған мұра—экономикалық және мәдени жағынан артта қалуы туралы, соңғы соғыс келтірген

бүліншіліктер мен құрбандықтар туралы болып отыр. Сол сияқты социализм көптеген қателерді болдырмауға көмектесетін тәжірибе жинақтады, мұнын да маңызы бар. Жеке адамға табынуға және оның зардаптарына қарсы КПСС-тің батыл күрес жүргізуінің де үлкен маңызы болды, бұл күресті халықаралық коммунистік қозғалыс дұрыс түсінді және оны қолдады.

Еліміздегі қолайсыз факторларды ойдағыдай жеңіп шығу, социализм құрылысында қол жеткен табыстар бізді капитализммен арадағы жарыста жаңа белеске көтерді. Біздің бұл белестен асып, Ілгері жылжып, неғұрлым дамыған капиталистік елдерді таяудағы уақытта өзіміз әлі де артта қалып келе жатқан салалар, оның ішінде материалдық игілік пен халық тұтынатын товарлар өндірісі салалары бойынша басып озуымызға мүмкіндігіміз бар.

Социализмді, ал содан кейін коммунизмді ойдағыдай орната, экономикамызды нығайта, дамыта отырып, біз социалистік елдер халықтарының жеңістерін империалистер тарапынан болатын қастандықтан қорғаудың мықты кепілдігін жасаймыз. Социализмнің соғыс күш-қуаты дүниежүзілік прогресс ісін қорғаудың сенімді қамалы болып табылады. Социалистік және ұлт-азаттық революцияны империалистердің соғыс күшімен тұншықтыруға тырысқан әрекетін социалистік елдердің күш-қуаты талай рет тоқтатқан болатын. Империалистік мемлекеттер халықаралық қатаң бақылау жағдайындағы жаппай және толық қарусыздану жөнінде келісімге келгенге дейін социализм елдері халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің тірегі—өзінің қарулы күштерін нығайту үшін қолынан келгеннің бәрін істейді.

Социализмнің шаруашылық саласындағы табыстары басқа елдердің өз экономикасын өркендетуіне неғұрлым кең де жанжақты көмек көрсетуге мүмкіндіктер жасайды. Мұнын, әсіресе өркендеп келе жатқан ұлттық жас мемлекеттер үшін маңызы бар. Социалистік лагерьдің көмегі олардың империалистік мемлекеттерге тәуелділіктен құтылуына, жаңадан кіріптарлыққа түсуден аулақ болуына мүмкіндік береді, олардың прогрестік ісін көтермелейді, бұл елдерді социализмге апаратын қоғамдық дамудың даңғыл жолына шығара алатын ішкі процестердің бірқалыпты өрістеуіне, тіпті ол процестердің жылдамдауына жәрдемдеседі. Ал кәзірдің өзінде осы жолға түскен, экономикалық жағынан нашар дамыған мемлекеттерге социалистік елдердің көрсетіп отырған көмегі олардың социализмге баруына жәрдемдеседі, олардың халықтарын дамудың капиталистік сатысы туғызатын азаптан, ауыртпалықтан құтқарады. Бұл — революция кезінде экономикалық, әлеуметтік дамудың қол жеткен дәрежесі қандай екеніне қарамастан, барлық елде социализм орнатуға нақты мүмкіндік жасалады, деген сөз.

Кәзір социалистік достық одақтағы елдердің дүниежүзілік дамуға ықпал жасайтын жаңа зор мүмкіндіктері бар. Бұл біздерді, коммунистерді қуантады. Сонымен бірге бұл бізді—интернационалистерді көп нәрсеге міндеттейді. Әр ел шеңберінде де, біздің бүкіл системамыздың көлемінде де осы мүмкіндіктердің мейлінше толық пайдаланылуы үшін социалистік елдерге, олардың маркстік-лениндік партияларына шын мәнісінде тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Дүниежүзілік социалистік системаның онан әрі нығайы, социализм елдерінің арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастың жетілуі социалистік елдердің экономикалық дамуын тездетуші құдіретті күш бола отырып, социализмнің бүкіл дүние жүзіндегі оқиғалардың барысына ықпал жасау күшін одан әрі арттырады, сөйтіп, бүкіл адамзаттың әлеуметтік прогресі ісіне зор үлес қосады.

(«Проблемы мира и социализма» журналының 1962 жылғы 9-номері)

КОММУНИЗМ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫНЫҢ СЪЕЗІ

(Партияның XXII съезінің бір жылдығына)

Н. КИІКБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

Осыдан бір жыл бұрын 1961 жылы октябрьдің 17-нен 31-не дейін ұлы Отанымыздың астанасы Москвада, Кремльдің съездер сарайында Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXII съезі болып өтті. Бұл совет халқының өміріндегі, сонымен бірге адамзаттың дамуындағы дүниежүзілік тарихи маңызы бар аса ірі оқиғалардың бірі болды. Съезге еліміздегі 10 миллион коммунистің өкілі—5 мың делегат—лениндік ұлы партияның таңдаулы ұлдары мен қыздары қатысты. Бұл съезд өкілдігі жағынан да, шешкен мәселелерінің маңыздылығы жағынан да КПСС тарихындағы ең ұлы, тарихи съезд болды. Міне, сондықтан да дүние жүзі коммунистерінің, барлық ел жұмысшыларының, еңбекшілерінің, бүкіл прогресшіл адамзаттың КПСС XXII съезін—коммунистік қоғам орнатушылар съезі деп атауы өте орынды.

Съезд КПСС Орталық Комитетінің есепті баяндамасын, партияның жаңа Программасы туралы баяндаманы талқылап, жанжақты пікір алысты. Бұл мәселелер жөніндегі баяндамаларды КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас жасады. Съезд Орталық Комитеттің есебі бойынша қарар алып, партияның жаңа Программасын қабылдады. Съезд партия өмірінің негізгі заңы—Устав туралы КПСС Орталық Комитетінің секретары Ф. Р. Козлов жолдас-тың баяндамасын да терең талқылап, партияның жаңа Уставын бір ауыздан бекітті.

Съезд партияның Орталық Комитетінің ішкі және сыртқы саясат саласындағы саяси бағыты мен нақты қызметін толық мақұлдап, оның съезге берген есебіндегі қорытындылары мен ұсыныстарды бірауыздан қостады.

Жинақтап айтқанда партияның XXII съезінің тарихи документтерінде, біріншіден, партияның XX және XXI съездерінің шешімдерін асқан белсенділікпен жүзеге асыру арқасында, қоғамдық өмірдің барлық саласында совет халқының қолы жеткен тамаша табыстар қорытылды. Съезд қарарында көрсетілгеніндей: «Коммунистік құрылыстың шапшаң қарқынмен жүргізілуі — XX съезден кейінгі дәуірдің аса маңызды сыпатты белгісі». Одақ бойынша өнеркәсіп өнімін шығару соңғы алты жылда 80 процент артқан. Өнеркәсіп өнімі жетіжылдықтың алғашқы үш жылында жоспар бойынша жыл сайын 8,3 проценттің орнына 10 проценттен өсті.

Бұл табысқа Қазақстан еңбекшілерінің де қосқан үлесі мол. Тек жетіжылдықтың өткен үш жылы ішінде республикамызда 500 кәсіпорын мен цех салынып, іске қосылды. Жалпы өнім өндіру жөнінен біздің республика жетіжылдықтың бақылау цифрлары дәрежесінде келеді. Жалпы өнім шығарудың өсімі жоспардағы 40,4 проценттің орнына 48 процент болды.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде белгіленген шаралар да өз нәтижесін берді. Бүкіл елімізде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі соңғы бес жылда бұрынғы бес жылмен салыстырғанда 43 процент өсті. Ал, Қазақстан дихандары соңғы сегіз жылда Отав қоймасына 4 миллиард 370 мың пұт астық құйды. Еңбекшілердің ма-

териалдық-рухани қажеттері де бұрынғыдан анағұрлым жақсы қанағаттандырылып келеді. Әдебиет пен өнер, ғылым мен халық ағарту ісіндегі жетістіктер де мол.

Екіншіден, съезд шешімдері партия тұрмысының лениндік нормалары қалпына келтіріліп, партия мен мемлекеттің барлық жұмысында коллективті басшылық принципі мүлтіксіз іске асырылуын сипаттады. Партияның лениндік Орталық Комитеті И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықты батыл айыптап, бұған байланысты болған өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтарды жойды, антипартиялық топқа үзілді-кесілді соққы берді. Лениннің өсиеттерін өрескел бұрмалағаны үшін, өкімет билігін пайдаланып, озбырлық жасағаны, адал адамдарды жаппай жазалағаны және басқа заңсыз әрекеттері үшін Сталиннің сүйегі салынған табыт В. И. Ленин мавзолейінен шығарылып, Кремль қабырғасының іргесіне қойылды.

Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программа мен Уставта жеке адамға табынудың келешекте қайталануына жол бермеудің нақты шаралары белгіленді.

Үшіншіден, съезд партия басшылығы жақсаруының және оның халықпен байланысы артуының тәжірибесін қорытты.

Төртіншіден, съезде партияның коммунизм құрылысының көптеген күрделі теориялық мәселелері мен практикалық міндеттерін творчестволық марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан шеше білгендігі нақты сипатталады.

Ақырында, съездің тарихи документтерінде кәзіргі дүниежүзілік халықаралық жағдайға маркстік-лениндік талдау жасалып, адамзат қоғамы дамуының түбірлі мәселелері шешілген. Демек, партияның XXII съезінің тарихи шешімдері бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің бостандық, бейбітшілік, демократия, социализм үшін күресіне дем беріп, олардың бақытты да жарқын болашаққа — коммунизмге сенімін бұрынғыдан да арттыра түсті.

Партияның XXII съезінің бүкіл жұмысының, ондағы шешілген мәселелердің және алынған қаулы-қарарлардың арқауы, — ең бастысы, — партияның жаңа Программасын қабылдау болды. Бұл — коммунистік қоғам орнатудың дүние жүзіндегі тұңғыш программасы. Ол біздің партияның, социалистік елдердегі туысқан партиялардың социализм орнату жолындағы күрес тәжірибесі, бүкіл халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының тәжірибесі мен жетістіктері негізінде, маркстік-лениндік теорияның қағидаларына творчестволықпен сүйене отырып, сондай-ақ коммунистік құрылыстың, Совет Одағының экономикасы мен мәдениетін өркендетудің әзірленіп жатқан перспективалық жоспары есепке алына отырып жасалды.

Жаңа Программаны жасауда, әсіресе партияның XX және XXI съездері тарихи шешімдерінің, Н. С. Хрущев жолдастың ол съездерде және партия Орталық Комитетінің одан кейінгі пленумдарында жасаған баяндамаларының, коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 және 1960 жылдардағы Москва кеңестері тарихи документтерінің маңызы орасан зор болды.

Кәзіргі заманның манифесті аталған партияның жаңа Программасы — ғылыми коммунизм теориясының да, практикасының да асқар биік шыны. Жаңа Программаның жасалуы Совет Одағы Коммунистік партиясының бүкіл дүниежүзілік коммунистік және азаттық қозғалысы мен прогресшіл адамзат үшін сіңірген мәңгі жасар зор еңбегінің, теориялық қуаттылығы мен лениндік даналылығының айғағы болды. Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, «КПСС-тің зор теориялық жұмысы елімізде коммунизм орнатудың философиялық, экономикалық және саяси негізі болып табылатын жаңа Программада неғұрлым толық бейнеленіп отыр. Программаны әзірлеу шаруашылық және

мәдени құрылыс саласындағы тарихи жеңістерді сипаттаумен бірге партияның үлкен жанжақты теориялық жұмысын да көрсетеді. Революциялық теорияның да дамуы бүкіл партиямыздың ісіне айналды.

Тарихи съезд қабылдаған жаңа Программа екі бөлімнен құралды. Оның бірінші бөлімінде, ең алдымен, Ленин партиясының Россияда пролетариат диктатурасын және социалистік қоғам орнату жолындағы күрес тәжірибесі қорытылған. Октябрь социалистік революциясының және елімізде социализмнің толық та түпкілікті жеңуінің заңдылықтары мен дүниежүзілік тарихи маңызы сипатталады.

Біздің елде социализмнің толық та түпкілікті жеңуі, оның тарихи тәжірибесі марксизм-ленинизм теориясының — ғылыми коммунизмнің өте дұрыстығының, оның өмірге неғұрлым жанасымды екенінің тамаша сипаттамасы болды. «Совет халқының қажырлы еңбегі,—делінген жаңа Программада,—Совет Одағы Коммунистік партиясының теориялық және практикалық қызметі нәтижесінде адам баласы нақты өмір сүріп отырған социалистік қоғамға және социализм орнатудың тәжірибеде сыналған ғылымына ие болды. Социализмге жетудің даңғыл жолы салынды».

Сөйтіп, Маркс пен Энгельс социализмнің сөзсіз орнайтынын ғылыми дәлелдеген болса, ұлы Ленин социализмді орнатудың жоспарын белгілеп берсе, ол біздің елде дүние жүзінің тарихында тұңғыш рет жүзеге асырылды. Кәзір социалистік даму жолына көптеген халықтар түсіп отыр. Ерте ме, кеш пе, барлық халықтың бұл жолға түсетіні даусыз.

Программаның бұл бөлімінде онан соң қоғамдық дамудың кәзіргі кезеңіне жанжақты терең талдау жасалып, капитализмнің сөзсіз өлім өшетіні, адамзаттың капитализмнен социализмге өтетіндігінің тарихи заңдылығы толық дәлелденген. «Дүниежүзілік капиталистік система,—делінген жаңа Программада,—тұтас алғанда пролетариаттың әлеуметтік революциясы үшін пісіп жетті».

Осыған орай Программа халықаралық дамудың аса маңызды мәселелерін жаңаша шешеді. Ол жөніндегі маңызды теориялық қорытындылар мынадай: кәзіргі заманның сипаты—капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа, үшінші кезенге аяқ басуы; дүниежүзілік социалистік системаның шешуші факторға айналуы мен өрлеп алға дамуы; жұмысшы табының халықаралық революциялық қозғалысының өрлеуі және дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың ең ықпалды саяси әлеуметтік күшке айналуы; ұлт-азаттық революцияның дамуы және империализмнің отарлық системасының күйреуі; буржуазиялық және реформашыл идеологияға қарсы күрестің қажеттілігі; капитализмнен социализмге өтудің әртүрлі формалары; социалистік елдердің коммунизмге азды-көпті бір мезгілде өтуі; кәзіргі заманда дүниежүзілік соғысқа жол бермеу мен баянды бейбітшілік орнату мүмкіндіктері; әртүрлі системадағы мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі, тағы басқа мәселелер.

Жаңа Программаның екінші бөлімі Совет Одағы Коммунистік партиясының коммунистік қоғам орнату жөніндегі ұлы міндеттеріне арналған. Программаның бұл бөлімінде, ең алдымен марксизм-ленинизм тарихында алғаш рет коммунизм орнатудың аса маңызды теориялық қағидалары жүйелі де нақты тұжырымдалған.

Атап айтқанда, олар мыналар: социализмнің коммунизмге ұласуының заңдылықтары; коммунизмнің және оның материалдық-техникалық базасының ғылыми анықтамасы; пролетариат диктатурасының таптық сипатының өзгеріп, бүкілхалықтық мемлекетке айналуы және оның біртіндеп қоғамның өзін өзі басқару орнына ұласуы, жұмысшы табының коммунистік партиясының бүкілхалықтық партия болуы және оның коммунизм құрылысын кең өрістетудің дәуіріндегі ролі мен ма-

мызының онан әрі артуы; коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың жолдары; коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы және ұлтаралық қатынастың даму заңдылығы; жаңа адамды тәрбиелеу жолдары мен коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі және тағы басқалар.

Партияның жаңа Программасы—коммунизм туралы озық идеялар мен қағидалардың, өмірлік принциптердің бірыңғай сындарлы тамаша жүйесі, ол елімізде коммунистік қоғам орнатудың практикалық жоспары. Коммунистік қоғам орнату делінген, партияның жаңа Программасында, совет халқының тікелей практикалық міндетіне айналды, совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады. Шынында, партияның жаңа Программасы СССР-де коммунизм орнатудың нақты әдістері мен жолдарын, қоғамдық өмірдің күллі саласында іске асырылатын күрделі де маңызды міндеттердің көлемі мен мезгілін белгілеп берді.

ҚПСС Программасында социализмнен коммунизмге өту үшін, ең алдымен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру және қоғамның барлық мүшесін коммунизм рухында тәрбиелеп, жанжақты жетілдіру міндеттері көрсетілген. Осы үш негізгі міндеттің ең бастысы — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау еліміздің өндіргіш күштерін, халық шаруашылығының күллі саласын ғылым мен техниканың жаңа, соны табыстары негізінде мықтап өрге бастыра отырып, бүкіл елді электрлендіру, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландырып, автоматтандыру, халық шаруашылығында химиялық әдістерді кең қолдану, халық шаруашылығының салаларын мамандандыру және кооперативтендіру, өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды онан әрі жақсарту деген сөз. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы қоғамдық өндірістің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыруды, өнімнің түсер құнын кемітуді, еңбектің сипатын бүтіндей өзгертуді, жұмысшылар мен колхозшылардың білімін, мәдени-техникалық дәрежесін көтеруді қамтамасыз етіп, алуан түрлі материалдық-рухани игіліктердің ағыл-тегіл молшылығын жасайды.

Коммунизм орнату барысында елімізде жан басына өнім өндіру жөнінен Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озамыз. Совет қоғамының өндіргіш күштерінің қаншалықты жедел қарқынмен өркендейтінін мына цифрлардан айқын көруге болады. Алдағы жиырма жыл ішінде елімізде өнеркәсіп өнімі 6 есе, ауыл шаруашылығы өнімі 3,5 есе, ұлттық табыс 5 есе, өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 4—4,5 есе, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 5—6 есе артуы керек. Ал Советтік Қазақстанның өндіргіш күштері кәзіргіден де шапшаң өркендеп, өрге басады. 1960—1980 жылдар ішінде республикамыздың өнеркәсіп өнімі 12,7 есе, ұлттық табыс 6 есе көбейеді, жыл сайын 3,5 миллиард пұт астық өндірілетін болады.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жасалуы нәтижесінде елімізде аса зор әлеуметтік терең мәнді құбылыстар іске асырылады: колхоз меншігі жалпыхалықтық меншікке бірте-бірте жақындап, олар біртұтас коммунистік меншікке ұласады, қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар, дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтар негізінен жойылады, социалистік ұлттар бір-бірімен барынша жақындасады, қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың коммунистік түрлері, азаматтардың материалдық және мәдени талаптарын тегін қанағаттандыру кең өріс алады, өнім бөлудің коммунистік принципіне көшу жүзеге асырыла бастайды. Сөйтіп, коммунистік қоғамдық қатынастар орнығады.

Жаңа Программда қоғамның рухани өмірін коммунистік дәрежеге көтеру, СССР халықтарының социалистік мәдениетін онан әрі гүлдендіру, коммунизм адамын баулып өсіру міндеті алға қойылып отыр. Коммунизм адамын қалыптастыру барлық совет халқын жоғары идеялық, коммунистік саналылық, коммунизмге шын берілгендік, советтік патриотизм мен интернационализм, халықтар достығы, еңбекке, қоғамдық меншікке коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеу, ескіліктің сарқыншақтарынан арылу арқылы жүзеге асырылмақ.

Адамзаттың сәулетті болашағы, дүние жүзіндегі ең әділ қоғам — коммунистік қоғамды СССР-де орнатудың нақты да жүйелі жоспары болып табылатын жаңа Программаны совет халқы асқан патриоттық зор қуанышты сезіммен қарсы алды. Адамзаттың ең асыл арманын бейнелейтін бұл программаны орындау әрбір совет адамының парызына, қасиетті міндетіне айналды. Әрбір завод пен фабрика, колхоз бен совхоз, ғылыми мекеме мен оқу орны, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, әрбір совет азаматы КПСС XXII съезінің шешімдерін, жаңа Программда белгіленген зор міндеттерді ойдағыдай орындау жолында табандылықпен күрес жүргізгенде ғана коммунизм жақындай түседі.

Даңқты Коммунистік партия бастаған совет халқы коммунизм орнату Программасының іске асырыла бастаған алғашқы жылы—жеті жылдықтың төртінші жылында аса зор табыстарға ие болып отыр. Бүкіл еліміздегідей, Советтік Қазақстан еңбекшілері де 1962 жылы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетуде, халықтың әл-ауқатын жақсартып, мәдени дәрежесін көтеруде жаңа табыстарға жетуде. Бұған дәлел ретінде биылғы жылдың алғашқы жартысында республикада өнеркәсіп өнімін өндіру жоспарының 103 процент орындалып, өткен жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің 12 процент артқанын айтсақ та жеткілікті.

Партияның жаңа Программасында алға қойылған мақсатқа тезірек жету үшін партия ұйымдары КПСС XXII съезінің тарихи шешімдерін және партияның Программасында баяндалған теориялық проблемаларды еңбекшілер бұқарасының терең оқып-үйрене беруін күнделікті ұйымдастырып отыруға тиіс. Бұл материалдарды оқып-үйрену коммунистерге, партияда жоқ жұмысшыларға, колхозшыларға, интеллигенттерге қоғамдық өмірдің құбылыстарын терең түсінуге, партия алға қойып отырған міндеттердің мәнісін түсініп, оны жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуге көмектеседі.

*

* *

КПСС жаңа Программасы мен партияның XXII съезінің шешімдері шын мәніндегі интернационалдық документтер. Бұл документтерде кәзіргі халықаралық жағдайға берілген терең талдау және ол туралы тұжырымдалған аса маңызды қорытындылар барлық елдің коммунистік және жұмысшы партияларын демократия мен социализм үшін, баянды бейбітшілік, халықтардың тәуелсіздігі үшін күреске қаруландырады. КПСС XXII съезінің шешімдері мен жаңа Программа және оның жүзеге асырыла бастауы дүние жүзінде демократия мен социализм күшінің арта беруінің, баянды бейбітшілікті сақтаудың және нығайтудың күдіреті күшті, зор факторы болып отыр.

Коммунистік партия бастаған совет халқы партияның XXII съезінің шешімдерін іске асыра отырып, коммунизмнің шұғылалы асқаршынына қарай батыл алға баса береді.

Партиялық ұйымдастыру жұмысының жемісі

Р. ШАЯХМЕТОВ,

Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің секретары

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Советтік Қазақстанның өндіргіш күштері мен мәдениетін өркендете беру жөнінде үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Осы қамқорлықтың айқын айғағының бірі біздің өлкенің құрылуы болды. Өлкенің құрылуымен байланысты Батыс Қазақстанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын партияның XXII съезі қойған міндеттердің дәрежесіне сай өркендету үшін басшылықты жақсарту беруге, ішкі мүмкіндіктерді толық та тиімді пайдалануға бұрынғыдан да қолайлы жағдай туды.

Биыл өлкенің ауылшаруашылық еңбекшілері зор табысқа жетті. Колхозшылар мен совхоз жұмысшылары КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Үндеуіне іспен жауап бере отырып, өздерінің алған жоғары міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Біздің өлке Отан қоймасына 102 миллион пұт астық құйды. Бұл жоспарда белгіленгеннен 44,3 миллион пұт, өткен жылдағыдан 63,6 миллион пұт артық.

Бұл табыс өздігінен келген жоқ. Ол өлкенің бүкіл еңбекшілерінің қажырлы еңбегінің, партия, совет және шаруашылық қоғам ұйымдарының жүргізген қажырлы ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарының нәтижесі. Биыл егіншілік мәдениеті бұрынғыдан едәуір жақсара түсті. Осының нәтижесінде әр гектардан алынған өнім өткен жылғыдан 4,9 центнер артық болды. Сөйтіп, өлкеде астықтың жалпы түсімі 149 миллион пұтқа жетті.

Егіншілік саласында қол жеткен бұл табыс өлкенің құрылуымен байланысты шаруашылықты өркендете берудің, ішкі мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланудың тиімді бағыты белгіленгенін дәлелдейді. Өлкелік партия ұйымы астық үшін күресте алғашқы жауынгерлік сыннан өтті. Егін жинау науқанының қызу кезінде партия ұйымдары еңбекшілердің ынта-жігерін бұл жауапты да қиын іске жұмылдыра алды. Қазір біз егінді толық жинап болдық, енді партия ұйымдары қиын да жауапты сыннан сүрінбей өтті деп мақтанышпен айтуға болады.

Өлкенің колхоздары мен совхоздарында биыл бітік егін өсірілуі, астық өнімінің қауырт арттырылып, мемлекетке мол астық тапсырылуы, өлке партия ұйымдарының партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі шешімдерін жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізгенін дәлелдейді. Партияның Орталық Комитеті ауылшаруашылық еңбекшілерінің назарын тың және тыңайған жерлерді қосымша игере отырып, егін шаруашылығының мәдениетін көтере беруге, байлықтың сарқылмас көзі—жерді дұрыс пайдалану мәселесіне аударып келеді. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін әрбір коммунистің, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының басты міндеті—әрбір гектар жерден өнімді неғұрлым мол да арзан алу.

Өлкенің партия ұйымдары егіншіліктің мәдениетін арттыра беру, жерді және техниканы тиімді пайдалану жолында біраз жұмыстар істеді. Барлық жерде де озат агротехниканың мүлтіксіз қолданылуына

қатан бақылау қойылды. Мысалы, көктемгі егіс кезінде бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында, аудандық және облыстық партия комитеттерінің жер-жерде өткізілген бюро мәжілістерінде қаралған мәселелердің көпшілігі егіс жұмыстарының сапасын жақсартуға арналды. Агротехникалық ережелерді бұзған адамдар қатан жауапқа тартылды. Сөйтіп, өлкенің барлық колхоздары мен совхоздарында да көктемгі егіс қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілген болатын. Міне, мол өнімнің негізі осылай қаланды.

Өлкенің партия және шаруашылық ұйымдары биыл КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындай отырып, барлық шаруашылықтарда да егіс құрылымын қайта қарады, шөп егістерінің, таза пардың көлемі шұғыл азайтылды. Осымен бірге бұрын пайдаланылмай жатқан жана жерлер игерілді. Сөйтіп, егіс көлемі өткен жылға қарағанда 304 мың гектар ұлғайтылды, жоспардан тыс 114 мың гектар бидай егілді. Біздің өлкенің колхоздары мен совхоздарының егіс даласында молшылықтың көзі—жүгерімен бірге бұршақ дақылдары, қант қызылшасы өсіріле бастады.

Екіншіліктің жана жүйесіне көшу қиыншылықсыз, күрессіз болған жоқ. Ескіні қорғаушылар да табылды. Кейбір аудандарда шаруашылық басшылары көп жылдық шөп егістерін сақтап қалуға тырысты. Аудандық партия комитеттері мен партия ұйымдастырушыларының, өндірістік басқармаларының шөп танапты жүйені дәріптеп қорғаушыларға қарсы күрес жүргізуіне тура келді. Бұл күрес жақсы нәтижеге жеткізді. Көп жылдық шөптің орнына егілген 15 мың гектар қант қызылшасынан кәзір жақсы өнім алынуда. Сол сияқты бұршақ дақылдарының өнімі мен келтірген пайдасы да екпе шөптерден әлдеқайда артық екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, Орал облысының «Пермь» совхозы ас бұршақтың гектарынан 22,7 центнерден өнім алды, ал бүкіл өлке бойынша колхоздар мен совхоздар бұршақ дақылдарының гектарынан орта есеппен 10—12 центнерден өнім жинады. Бұл өнім—тәжірибе аз алғашқы жыл үшін жаман табыс емес.

Өлке еңбекшілерінің Отан алдында алған жоғары міндеттемесін орындау жолындағы күресінің екінші жауапты кезені астық жинау науқаны болды. Никита Сергеевич Хрущев жолдас көрсеткендей, бітік егін өсіру істің жартысы ғана. Оны ысырапсыз жинап алу керек. Сонда ғана мақсатқа жетуге болады. Өлкенің коммунистері, партия ұйымдары бүкіл ауыл-село еңбекшілерін астық үшін күреске жұмылдырды. Партия ұйымдары өндірістік басқармалармен бірлесе отырып, егін орағы басталмас бұрын оған әзірліктің жағдайын жаппай тексеруге кірісті. Бұл іске ауыл-селодағы мыңдаған актив қатыстырылды. Тексерудің қорытындысы бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында талқыланып, ашылған кемшіліктер қолма-қол жойылды.

Қай істі де ұйымдастыра білгенде ғана ол жақсы нәтижемен аяқталады. Бітік өсірілген егінді қысқа мерзімде шығынсыз жинап алу партия ұйымдарынан шеберлікті, тапқырлықты, бұқараның ынта-жігерін көтере беруді талап етті. Еңбекшілер бұқарасының қалың ортасында болып, олардың патриоттық, өнегелі бастамаларын бүкіл халықтың игілігіне айналдыру, шаруашылыққа партиялық басшылықтың ең басты мазмұны болып табылады.

Орал облысы Чапаев ауданының еңбекшілері егін орағын қысқа мерзімде өткізу жолындағы социалистік жарысты бастады. Олар сүйікті Отанымызға жоспардағыдан екі есе көп—4 миллион пұт астық тапсыруға міндеттенді. Өлкелік партия комитетінің бюросы Чапаев ауданы еңбекшілерінің бұл бастамасын мақұлдап, оны кеңінен тарату жөнінде барлық колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарына, аудандық және облыстық партия комитеттеріне, партия ұйымдастырушыларына социалистік жарысты кеңінен өрістетудің жолдарын көрсетіп берді.

Егін орағы кезінде чапаевтықтардың бастамасы бойынша социалистік жарыс кеңінен өрістеді. Өлкенің партия, совет ұйымдары жарыстың қорытындысын әрбір он күн сайын шығарып, озаттардың тәжірибесін таратып отырды. Өлкелік партия комитеті ұйымдастырған Құрмет тақтасына егін орағы кезінде 45 колхоз бен совхоздың және 150-ден астам механизатордың аты жазылды. Орал территориялық өндіріс басқармасы, Зеленов ауданының «Каменск» совхозы, Теректі ауданының Киров атындағы колхозы, Ақтөбе облысындағы «Жайсаң» астық қабылдау пункті егін жинау науқанының бірінші күнінен бастап ақырына дейін ауыспалы Қызыл туды берік ұстап келді.

Социалистік жарысты ұйымдастырудағы басты мақсат—адамдарды еңбекке жұмылдыру. Бұл жолда еңбекшілерді үгіттеу, шақыру ғана жеткіліксіз. Оларды ұйымдастыру, адамдардың жемісті жұмыс істеуіне жағдай туғызу керек. Партия ұйымдары социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысын берік ұштастыра жүргізген жерлерде шаруашылықтың табыстары айтарлықтай болды.

Оны Ленин орденді Орал облысы партия ұйымдарының тәжірибесінен айқын көруге болады. Оралдықтар елімізге өздерінің міндеттемесінде көрсетілген 50 миллион пұттың орнына 62 миллион пұт астық берді. Бұл жоспарда белгіленгеннен екі есе артық. Орал облысы мемлекетке бұрын мұндай мол астық ешуақытта тапсырған емес. Облыс еңбекшілерін КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі қол жеткен табыстарымен қызу құттықтады. Облыс еңбекшілері партия мен үкіметтің бұл сеніміне жігерлене түсті. Олар кәзір таяу жылдардың ішінде облыста товарлы астықтың өнімін жылына 70 миллион пұтқа жеткізуге міндеттеніп отыр.

Орал егіншілерінің мұндай табысқа жетуіне партия ұйымдарының, коммунистердің, ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуы нәтижесінде пайда болған жаңа органдардың—колхоз-совхоз өндірісі басқармалары мен партия ұйымдастырушыларының қажырлы ұйымдастыру, басшылық жұмыстары аса қолайлы жағдай туғызды. Осындай жұмыстың нәтижесін Орал өндірістік басқармасының колхоздары мен совхоздарының тәжірибесінен айқын көруге болады. Олар Отан қоймасына 30,2 миллион пұт астық құйды. Мұнда бастауыш партия ұйымдары, партия ұйымдастырушысының нұсқаушылары, аудандық партия комитеттері колхоз және совхоз дихандарының социалистік жарысын жақсы ұйымдастырды.

Орал өндірістік басқармасының қамтуындағы колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарында 2 800 коммунист болса, олардың екі мыңдайы тікелей астық үшін күрестің шешуші буындарында: комбайндарда, тракторларда және астық тасуда жұмыс істеді. Коммунистерді осылайша орналастыру партия ұйымдарына егін жинаудың барысына өтімді ықпал жасап отыруға мүмкіндік берді. Барлық жерде де коммунистер социалистік жарысты ұйымдастырумен бірге, олар өздерінің жеке басының еңбектегі үлгісімен де басқаларды қажырлы еңбекке бастады.

Берлі өндірістік басқармасына қарайтын Березов совхозында да егін орағы жақсы ұйымдастырылды. Мұнда 84 коммунистің 45-сі тікелей егін жинауда, оның 26-сы трактор және комбайнда жұмыс істеді.

Комбайн штурвалында жұмыс істеген коммунистер шын мәнісінде ерлік көрсетті. Олар егін жинаудың озат әдістерін жаппай қолдана отырып, басқаларға үлгі көрсетті. Мысалы, «Октябрьдің 40 жылдығы» совхозында коммунист Гаврил Калюта 19 күннің ішінде «РСМ-8» комбайнымен 500 гектар жердің егінін жинап, 6 мың центнер астық бастырды, ал коммунист Василий Савельев 22 күннің ішінде «СК-3» комбайны-

мен 500 гектар жердің егінін жинап, 6 500 центнер астық бастырды. Бұл совхоз 15 августқа дейін дәнді дақылдарды толық жинап алды. Совхоз мемлекетке астықты жоспарда белгіленгеннен 2,5 есе артық тапсырды.

Егін орағында партия-комсомол топтары ерекше күшті роль атқарды. Олар бригадалардың, бөлімшелердің егіс қостарында тікелей механизаторлар арасында саяси-тәрбие және ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Мысалы, Ульяновск совхозының бесінші бригадасында партия тобын М. Борисин жолдас басқарды. Партия тобы егін жинаудың әрбір сағатын толық пайдалану жолындағы күресті ұйымдастырды. Күн сайын жұмыс соңынан бригада мүшелері аз уақытқа бас қосып, жарыстың қорытындысын шығарып отырды. Мұнда партия ұйымдастырушысы өлкеде, облыста, ауданда, совхозда және өз бригадасында егін орағының қалай жүріп жатқаны туралы хабарлады. Сонымен бірге мұндай бас қосуда жұмыстағы кемшіліктер ашылып, оларды жоюдың жолдары белгіленіп отырды. Бас қосудың соңында сол күнгі жарыста озып шыққан комбайншыға «Маңдай алды комбайншы» деген жалауша тапсырылды. Бұл бригада егін орағын Орал облысында бірінші болып аяқтады.

Биылғы егін орағын ұйымдастырудың бір ерекшелігі—еңбектің озат әдістері кеңінен қолданылды. Мүмкіншілік бар жердің барлығында да егін бөлектеп жиналды. Бұл жөнінде әсіресе Орал облысының партия ұйымдары жақсы өнеге көрсетті. Мұнда егіннің 30 проценттейі бөлектеп жиналды. Сол сияқты мұнда комбайндарды топтап пайдалану әдісі де кеңінен қолданылды.

Орал облыстық партия ұйымы ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарын берік ұштастыра жүргізе отырып, астық үшін күресте ерекше тапқырлық, оралымдылық көрсетті.

Ақтөбе облысының еңбекшілері де мемлекетке астық сату жөніндегі социалистік міндеттемелерін орындап, Отан қоймасына 40 миллион пұт астық құйды, бұл жоспарда белгіленгеннен 13 миллион пұт, ал өткен жылғыдан 27 миллион пұт көп. Ақтөбе еңбекшілерінің бұл табысын партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі жоғары бағалады. Дегенмен, бұл облыстың колхоздары мен совхоздарындағы бар мүмкіндіктің дәрежесінен едәуір төмен.

Ақтөбе облыстық партия ұйымы егін жинау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол берді. Ең басты кемшілік—бұл облыстың колхоздары мен совхоздарында егінді бөлектеп жинау, комбайндарды топтап пайдалану, қос жатқалармен егін ору сияқты озат әдістер нашар пайдаланылды. Осының салдарынан облыстың Қарабұтақ, Степной сияқты астықты аудандарында егін жинаудың мерзімі ұзаққа созылып, астық ысырабына жол берілді.

Кәзір өлкелік партия комитеті астық үшін күрестің биылғы жылғы тәжірибесінен терең қорытынды жасай отырып, барлық партия ұйымдарында да ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмысын жақсартуға, еңбекшілер бұқарасының белсенділігін арттыра беруге баса назар аударып отыр. Міне мұның өзі өлкеде ауыл шаруашылығын өркендете берудің басты кепілі болады.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі Батыс Қазақстан өлкесі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің биылғы табысын зор қанағаттанғандықпен атап көрсетіп, олардың ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда мұнан бұлай да жаңа табыстарға жететініне, сөйтіп елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға лайықты үлес қосатынына сенім білдірді.

Егін жинауды ойдағыдай аяқтап, мемлекетке астық тапсыру жөнінде алған міндеттемесін абыроймен орындауда өлке еңбекшілеріне

үкімет пен партия, бүкіл еліміз көмектесті. Өлкенің шаруашылықтары қосымша 2 500 трактор, 1 600 комбайн, 2 200 автомашина, 600 лафетті жатка, 470 дән тазалайтын машина және басқа көптеген техника алды.

Украинадан, Россия федерациясынан, Азербайжаннан және басқа туысқан республикалардан біздің өлкеге жүздеген шебер механизаторлар келіп жұмыс істеді. Қазақстан даласында орыс, украин, азербайжан, белорусс, татар және басқа халықтардың өкілдері білекке білек қосып, Отан игілігі үшін қажырлы еңбек етті. Мұның өзі біздің кеңбайтақ Отанымыз халықтарының шынайы достығының, Коммунистік партияның данышпан лениндік ұлт саясатының салтанаты.

Өлке еңбекшілерінің биылғы қол жеткен табыстарына қорытынды жасай келіп, мұны ауыл шаруашылығын қауырт өркендете беру жөніндегі алғашқы қадам ғана деп бағалаймыз.

Кәзір өлке партия ұйымдары ұлы Октябрь социалистік революциясының 45 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жөніндегі социалистік жарысты өрістете отырып, алдағы жылы егіннен мол өнім алудың қамын жасау жолындағы күресті ұйымдастыруда.

Өлкеде ауылшаруашылық өндірісін ұлғайта беру үшін ішкі мүмкіндіктерді толық пайдаланудың маңызы зор. Бұл үшін партия ұйымдарына еңбекшілер арасында ұйымдастыру және саяси тәрбие жұмыстарын өрістете беруге тура келеді. Бұл күндері партия ұйымдары Социалистік Еңбек Ері Н. Зағладаның «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар» деген мақаласын талқылай отырып, әрбір адамның адал еңбек етуін қамтамасыз ету, әрбір колхозшы мен жұмысшының жерді және техниканы пайдалану жөніндегі жауапкершілігін арттыру жөнінде көп жұмыс жүргізуде.

Н. Г. Зағладаның мақаласында айтылған кемшіліктер біздің өлкенің көп шаруашылықтарына тән. Кейбір колхоздар мен совхоздарда егін шаруашылығының мәдениеті төмен, қоғамдық істің тағдырына жауапсыздық күшті. Осының салдарынан мысалы, Ақтөбе облысының колхоздары мен совхоздарында соңғы жылдары игерілген бір миллион гектардан астам тың жер агротехниканың нашарлығынан кәзірдің өзінде пайдаланудан шығып қалған.

Батыс Қазақстан өлкесінде ауыл шаруашылығын өркендете берудің әлі де пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Мұндай мүмкіндіктің бірі—біздің колхоздар мен совхоздарда күздік дақылдардың, әсіресе күздік бидайдың көлемін арттыра беру. Күздік дақылдар, біріншіден, өнімді көп берсе, екіншіден, көктемгі егіс және егін жинау кезінде жұмысты жеңілдетеді. Сондықтан біз 1963 жылы күздік егістің көлемін жарты миллион гектарға дейін жеткізуді белгілеп отырмыз.

Өлкенің колхоздары мен совхоздарында жаңа жерлерді игеру арқылы да астық өнімдерін молайта беруге болады. Біз алдағы жылы кемінде бір миллион гектар жаңа жерді игеруге әзірлік жасаудамыз. Астық молшылығын жасаудың біздегі бір көзі—тары егісінің көлемін ұлғайта беру. Өлкенің колхоздары мен совхоздары таяу жылдары тарының көлемін жарты миллион гектарға дейін жеткізуді белгілеп отыр.

Өлкенің экономикасы мен мәдениетін көтере беру жөніндегі бұл міндеттер басшылық жұмысын ширата түсуді, бастауыш партия ұйымдарының ролі мен іскерлігін күшейте беруді, бүкіл коммунистердің белсенділігін арттыра беруді талап етеді. Өлкенің барлық партия ұйымдары мен коммунистері бұл міндеттерді ойдағыдай атқарып, Батыс Қазақстанды молшылық өлкесіне айналдырады.

Техникалық прогресс— өндірістің қанаты

С. СОРОКИН,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімі
меңгерушісінің орынбасары*

Партияның XXII съезі шешімі мен жаңа Программасында өнеркәсіп саласында техникалық прогресті барлық жағынан дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Ол заңды да. Өйткені, техникалық прогресс болмайынша өндірістің мәдениетін арттыру, өнеркәсіпті үрдіс өркендету мүмкін емес. «Еңбек өнімділігін арттыру үшін және өнімнің түсер құнын кеміту үшін әрбір кәсіпорнында техникалық прогресс пен өндірістің жақсы ұйымдастырылуы толық пайдаланылуға тиіс,—делінген КПСС-тің жаңа Программасында.—Мұның өзі жалақының өсу қарқынына қарағанда, еңбек өнімділігінің неғұрлым жоғары қарқынмен өсуін, еңбекті нормалау ісін жетілдіре беруді, жұмыс уақытының ысырап болуына жол бермеуді, өндірістің барлық буындарында шаруашылық есептің қолданылуын көздейді».

Партияның XXI, XXII съездерінің, КПСС Орталық Комитетінің 1959 жылғы июнь, 1960 жылғы июль Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, республиканың партия, совет, кәсіподақ ұйымдары, халық шаруашылығы советтері өнеркәсіптің бірталай саласында техникалық прогресті дамыту бағытында елеулі жұмыстар істеді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті техникалық прогресті онан әрі дамыту, сондай-ақ озат тәжірибені өндіріске енгізу мәселелерін бірнеше рет қарап, тиісті шаралар белгіледі, оны кейіннен жүзеге асырып отырды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің, Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советінің өнеркәсіпке басшылығы туралы арнаулы мәселе қаралды. Биылғы июльде республика өнеркәсібінің 1962 жылдың алғашқы жарты жылдағы жұмысының қорытындысы туралы Орталық Комитет әдейі мәселе талқылады. Бұл мәселелер жөнінде қабылданған қаулы-қарарлардың бәрінде жергілікті партия, шаруашылық ұйымдарының басшыларынан өнеркәсіпке басшылық ету бағытындағы ұйымдастыру жұмысын жақсарту, техникалық прогресті дамыту, экономикалық жағынан тиімді әдістерді, тәжірибені зерттеп, өндіріске енгізіп отыру, өнеркәсіп салаларын мамандандырып, кооперативтендіру ісін жетілдіру, жұмысты автоматтандырып, механикаландыру сияқты көптеген шараларды жүзеге асыру талап етілді. Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер арасындағы идеялық тәрбие жұмысын жақсартуға баса көңіл бөлді.

Республиканың көптеген кәсіпорындары жетіжылдықтың тапсырмасын орындай отырып, жаңа машина, механизмдерді, технологияны өндіріске батыл енгізіп, экономикалық жағынан үлкен пайда келтіріп келеді. Соның нәтижесінде өнімнің жаңа түрлері жасалып, игерілуде. Кәсіпорындарда соңғы жылдары еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру дәрежесі арта түсті, өндірістік жұмыстардың дені агрегат, автоматтар арқылы істелуге көшірілді. Соңғы үш жылда ғана республиканың өнеркәсіп орындарында автоматтандырылған, үздіксіз жұмыс істейтін 463 линия, толық және ішінара автоматтандырылған

1000-нан астам станок, машина іске қосылды, 770 түрлі қондырғы мен агрегат автомат арқылы және алыстан басқару әдісіне көшірілді.

Жаңа техниканы өндірісте неғұрлым ұтымды пайдалану, оның ескілерін жетілдіре түсу—еңбек өнімділігін мықтап арттыруға, қаражатты, материалды көбірек үнемдеуге жеткізетін шараның бірі. Өндіріске жаңа техниканы енгізу жөніндегі тапсырманы орындау нәтижесінде ғана 56 миллион сом пайда келтірілді. Былтыр 58 мыңнан астам өнертапқыш пен рационализатор өндірісті мықтап өркендете түсуге мүмкіндік беретін 83 мың ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныстардың 55 мыңын өндірісте қолдану арқылы 40 миллион сомдай үнем жасалды.

Кен өнеркәсібінде руданы жер бетінен аршып алу әдісімен шығару кеңірек қолданылып отыр. Тәжірибе бұл әдістің экономикалық жағынан тиімді екенін көрсетті. 1961 жылы түсті металл рудасының 44,7 проценті осы әдіспен шығарылды. Қазіргі уақытта руда өндірілетін карьерлерде жұмысы неғұрлым өнімді экскаваторлар, қуатты электровоздар, жүкті өздігінен түсіргіш жаңа автомашиналар кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар жол жұмыстарын механикаландыру өрісі едәуір кеңейтіліп отыр. Мұның өзі рудниктерде еңбек өнімділігін еселеп арттыруға қол жеткізді. Мысалы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында былтыр жұмыс істейтін әр адамның еңбек өнімділігі 1958 жылмен салыстырғанда 1,6 есе артты.

Руданы жер астынан шығаратын кәсіпорындарда жұмысты өнімді істейтін машина, механизм, құрал-жабдық түрлері кеңінен пайдаланылып келеді. Былтыр түсті металлургияның жер астынан кен қазып шығаратын рудниктерінде руданың 87 проценттейі прогрестік жаңа әдіспен шығарылды.

Түсті металлургияның байыту фабрикалары мен заводтарында техникалық прогресті дамыту жолында игілікті жұмыстар атқарылды. Соңғы жылдары Мырғалымсай, Зырян, Жезқазған, Текелі, Байжансай байыту фабрикаларында руданы ұнтақтаудың көп сатылы әдісі кеңінен қолданыла бастады. Бұл әдіс рудадан металды айырып алу мөлшерін жақсартты, еңбек өнімділігін едәуір арттырып, мемлекеттің бір қыдыру қаржысын үнемдеп қалуға мүмкіндік берді. Түсті және қара металлургия заводтарында прогрестік технологияны енгізу бағытында көп жұмыс істелді. Мысалы, мұнда металлургиялық процестерді жетілдіру, шикізатты комплексті пайдалану, рудадан металды түгел айырып алу, өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру жөнінде нақты да тиімді шаралар іске асырылды. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатындағы қорыту пештерінде технологиялық процесті тездету үшін оттегі кеңінен пайдаланылуда. Бұл қорыту пештерінің жұмыс өнімділігін 20—25 процент арттырып, кокстің жұмсау мөлшерін 10—12 процентке дейін азайтуға мүмкіндік берді. Қазір оттегін қолдану жолымен түсті металды өндіру мөлшері біршама артты. Осы әдіспен республикадағы қорғасынның 36 проценті өндірілетін болып отыр. Өскемен, Ертіс комбинаттары осы әдісті қолдану арқылы жылына 700 мың сом қаржы үнемделуін қамтамасыз етуде.

Бұрыннан жұмыс істейтін және жаңада іске қосылған кәсіпорындарда өндірістің озық технологиясын қолдану үлкен пайда келтіруде. Мысалы, өндірістің жаңа технологиясын қолдану нәтижесінде республикадағы түсті металлургия өнеркәсібінде рудадан металды айырып алу мөлшері біраз өсті. 1961 жылы түсті металл рудасынан 26 элемент айырып алынды. Ал, бұл 1958 жылы 18 элемент қана болатын.

Жаңа техниканы қолдану және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту арқылы түсті металлургия рудниктерінде, байыту фабрикалары мен металлургия заводтарында былтыр еңбек өнімділігі 1958 жылғыдан 21 процент артты.

Техникалық жағынан жетілдірілген кәсіпорынның бірі—Ақтөбе ферросплав заводы. Мұнда өндірісті ұйымдастыру үнемі жетілдіріліп, жаңа технология кеңінен қолданылып жүр. Сол сияқты өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру өрісі де кеңейе түсті. Феррохромды конверторларда қорытудың жаңа әдісі елімізде тұңғыш рет осында игерілді. Осындай тиімді әдістерді дұрыс қолдана білу заводтың техника экономикалық көрсеткішін жақсартуға үлкен себін тигізді. Соңғы үш жылда мұнда еңбек өнімділігі 19,3 процент артып, өнімнің түсер құны 7,5 процент кеміді.

Көмір өнеркәсібінің қызметкерлері де отын өндіруді ұлғайтуға және оның сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды іске асырып келеді.

Кәсіпорындарда өндірістік жаңа қуатты іске қосу, ғылым мен техниканың соны жетістіктерін өндіріске енгізу сияқты шаралар өнеркәсіп өнімін шығару қарқынын арттыруға, халық шаруашылығы жоспарларының ойдағыдай орындалуына, кәсіпорындардың техника-экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруына жол ашуда. Республиканың өнеркәсібі жетіжылдықтың өткен үш жылы ішінде жедел қарқынмен өркендеді. Жетіжылдықтың 1959—1961 жылдарға арналған бақылау цифрлары бойынша өнеркәсіптің жалпы өнімі 40,4 процент артуға тиіс еді. Бұл іс жүзінде шамамен 46 процент болып орындалды.

Өндірістің бірқатар саласында техникалық прогресті жүзеге асыру жөнінде елеулі кемшіліктерге жол берілмесе республика өнеркәсібі жұмысының көрсеткіші бұдан да жоғары дәрежеге жеткен болар еді.

Жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындаудың шешуші шарты техникалық прогресті онан әрі дамыту, халық шаруашылығының күллі саласына жаңа технологияны кең енгізу, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландырып, автоматтандыру болып табылады. Кәсіпорындардың басшылары, халық шаруашылығы советтерінің жетекші қызметкерлері арасында техникалық прогреске мән бермейтіндер әлі де кездеседі.

Көптеген халық шаруашылығы советтері, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу мекемелері жаңа техниканы, еңбек өнімділігін еселеп арттыратын озық жұмыс әдістерін қолдануды тым ұзаққа созады. Мұның өзі техникалық прогресті жүзеге асыру жөніндегі шаралардың уақытында іске асырылуына оралғы болып жүр. Өндірісті жетілдіру, жұмысты механикаландыру, автоматтандыру шаралары қалай болса, солай жүргізіледі, кейде ол шаралардың экономикалық жағынан тиімділігі қатаң есепке алынбайды. Жаңа техниканы енгізуге материалдық жағынан ынталандыру факторлары нашар қолданылады. Соның салдарынан жаңа техниканы енгізудің жоспар бойынша белгіленген шаралары іске асырылмай қалып қояды. Былтыр көмір өнеркәсібінде техникалық прогресті жүзеге асыру жөніндегі шаралар 27,6 процент, химия өнеркәсібінде 68,8 процент, машина жасау өнеркәсібінде 72 процент, қара металлургия өнеркәсібінде 65 процент, құрылыс материалдарын өндіретін өнеркәсіпте 42,9 процент қана орындалды.

Техникалық прогресті жүзеге асыру жөніндегі шаралардың орындалуы халық шаруашылығы советтерінде де мақтарлық емес. Өткен жылы өндірісті техникалық жағынан жетілдіру жөнінде белгіленген мемлекеттік тапсырманы бірде бір халық шаруашылығы советі орындаған жоқ. Мысалы, Батыс Қазақстан халық шаруашылығы советі биылғы жылдың бірінші жартысында жаңа техниканы енгізу жоспарын 61 процент, Семей халық шаруашылығы советі 48 процент қана орындады. Қарағанды халық шаруашылығы советі жаңа техниканы қолдану жөнінде алған міндеттемесін орындамағанына міне төрт жыл болды.

Алматы, Шығыс Қазақстан, Тын және Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылық советтері жаңа машиналар, механизмдер, құрал-жабдық

жасап шығару жоспарларын орындай алмай келеді. Көптеген кәсіпорындарда өндіріс жұмыстары түгел механикаландырылмай жүр. Соның салдарынан өнеркәсіптің бірсыпыра саласында қол еңбегі басым. Ал мұның өзі негізгі жұмысшылардың еңбек өнімділігінің төмен болуына әкеп соқтыруда. Мұндай жағдай Лениногор, Зырян, Жезқазған рудниктерінде көбірек орын алуда.

Коммунистік құрылыстың іргелі міндетінің бірі—техникалық прогресті мейлінше дамыту ісіне партия ұйымдары күнделікті басшылық етіп отыруға міндетті. Республикамызда жаңа техниканы енгізу, өндірісті жетілдіру мәселелерімен күнделікті шұғылданып, инженер-техник қызметкерлердің, мамандардың творчестволық белсенділігін арттырып, оларды өндірісті басқаруға көбірек қатыстыруға ұмтылып келе жатқан кәсіпорын партия ұйымдары аз емес. Мұндай партия ұйымдары өндіріс мүмкіндіктерін, техниканы неғұрлым толық және ұтымды пайдалануға, шаруашылықты тиімді жүргізуге баулитын қоғамдық негіздегі жұмыс түрлерін өрістетуде. Мандайалды кәсіпорындарда қоғамдық конструкторлық және экономикалық талдау жасайтын бюролар, өнертапқыштар мен рационализаторлардың комплексті бригадалары, техникалық прогреске қолқабыс тигізетін комиссиялар, жаңа техниканы өндіріске енгізуді қадағалайтын партиялық бақылау комиссиялары құрылған.

Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін 91 конструкторлық бюро, экономикалық талдау жасайтын 18 топ бар. Бұларға мыңнан астам адам қатысады. Лениногор полиметалл комбинатында құрылған қоғамдық конструкторлық бюроларда 120 инженер, техник және өндіріс озаты жұмыс істейді. Мысалы, Грунский жолдас басқаратын қоғамдық конструкторлық бюро өндірісті механикаландыру, автоматтандыру жөнінде 18 ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстарды өндіріске енгізу 46 мың сомның қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді. Зырян қорғасын комбинатында экономикалық талдау жасайтын үш бюро, техникалық информация жасап отыратын бес бюро бар. Бұлар өздерінің барлық жұмысын қоғамдық негізде жүргізе отырып, инженер-техник қызметкерлердің творчестволық ой-өрісін кеңейтуге қолқабысын тигізіп жүр. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында, Ақтөбе ферросплав зауытында және басқа кәсіпорындарда құрылған қоғамдық бюролар мен комиссиялардың жұмысы жақсы жолға қойылған.

Бірақ кейбір партия ұйымдары жаңа техниканы, технологияны енгізу, өндірісті механикаландыру, автоматтандыру жөнінде тиісті ұйымдастыру жұмысын дәйекті жүргізбейді, жаңа техниканы енгізу тапсырмасының барлық жерде мүлтіксіз орындалуына күнделікті бақылау жасап отырмайды. Міне сондықтан да өндірісті техникалық жағынан жетілдіру жөніндегі шаралардың көптеген кәсіпорындарда орындалмай жүруінің басты себебі де осы. Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс қорыту процесін жетілдіру жөніндегі озық әдістер кеңінен қолданылмай келеді. Мұнда 1958 жылы қорыту процесін тездету мақсатымен оттегі қондырғысы орнатылған еді, оған 850 мың сом жұмсалғанды. 1959 жылдың басында ол өндірістік сыннан өткізілгенді. Сол кездің өзінде-ақ конвертордың футеровкасы істен шығып қала беретіні бірден анықталған болатын. Оттегін конверторларда ойдағыдай қолдану мәселесін қысқа мерзімде оңтайлы шешудің орнына Қарағанды халық шаруашылығы советі мен Балқаш қалалық партия комитеті оттегі қондырғысының жұмысын мүлде тоқтаттырып қойды. Комбинатта жаңа техника жасап шығаратын кәсіпорындарды салу жұмысы мүлде шабан жүргізілуде. Балқаш қалалық партия комитеті жаңа техниканы өндіріске енгізу мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөледі.

Жезқазған қалалық партия комитеті де жаңа техниканы өндіріске енгізу мәселесімен күнделікті шұғылданып отырған жоқ. Еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі—Жезқазған кен-металлургия комбинатында өздігінен жүретін құрал-жабдықпен жер астынан руда шығарудың дәрежесі тым төмен болып жүр.

Биыл кәсіпорындар мен құрылыстарда, қалалар мен облыстарда өткізілген экономикалық конференцияларда осы уақытқа дейін кәдеге асырылмай келген зор мүмкіндіктер ашылды, қаржы мен материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға, кәсіпорындардың техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған құнды ұсыныстар жасалып, ірі-ірі шаралар белгіленді.

Ал бұл ұсыныстар мен белгіленген шараларды іске асырудың экономикалық маңызы зор. Мысалы, Алматы халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарындағы конференцияларда қабылданған шараларды іске асыру биылдың өзінде жалпы өнім шығаруды 5 102 мың сомға ұлғайтуға, еңбек өнімділігін 1,5 процент өсіруге, 3 260 мың сом қаржы үнемдеуге жағдай жасайды.

Халық шаруашылығы советтері, министрліктер, Қазақ ССР-і Министрлер советінің Ғылми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері кәсіпорындарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін мейлінше жақсартуға; бұл үшін техникалық прогресті онан әрі дамытуға барлық шараларды қолданып отыруға міндетті. Сонымен бірге ғылым мен техниканың соны жетістіктерін өндіріске енгізуге, жалпы техникалық прогреске жүрдім-бардым қараушылыққа қарсы батыл күрес жүргізіп отырудың маңызы зор. «Коммунизм орнату—өндірісті механикаландыру және автоматтандыру деген сөз,—деді Н. С. Хрущев жолдас темір жол транспорты қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінде.—Ал ғылым мен техниканың жетістіктері өндіріске қалай енгізіліп отыр? Әрбір халық шаруашылығы советінде және көптеген кәсіпорындарында әлдеқашан тексерілген, бірақ өндіріске енгізілмей отырған көптеген қызықты және маңызды ұсыныстар мен өнертабыстарды табуға болады».

Бұл нұсқауды күнделікті басшылыққа алып, республика өнеркәсібінің жұмыс дәрежесін мықтап көтеруге, оның барлық мүмкіндігін толық та тиімді пайдалануға, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, жаңа техниканы өндіріске батыл енгізуге ат салысуымыз керек. Елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістетіліп отырған кәзіргі дәуірінде техникалық прогрестің маңызы орасан зор. Өйткені, техникалық прогресс—өнеркәсіпті үрдіс өркендете берудің қанаты.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жергілікті орындарда өткен экономикалық конференцияларда жасалған сын ескертпелер мен нақты ұсыныстарды жанжақты зерттеп, қорыту, оны іске асыру шараларын белгілеу мақсатымен октябрьдің аяғында республикалық экономикалық конференция өткізу жөнінде шешім қабылдады. Бұл конференцияға барлық жағынан тыңғылықты даярлық жүргізу, әсіресе техникалық прогресті онан әрі дамыту жөнінде нақты ұсыныстар әзірленуін қамтамасыз ету—халық шаруашылығы советтерінің, әрбір кәсіпорнының, партия ұйымдарының маңызды міндеті.

Қолхозаралық экономикалық байланыстың дамуы

Елімізде коммунистік қоғам орнатуда ауыл шаруашылығының маңызы орасан зор. «Қуатты өнеркәсіппен қатар, көркейген, жанжақты дамытылған және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын құру — коммунизм орнатудың міндетті шарты» делінген партияның жаңа Программасында. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін колхоздар мен совхоздарды материалдық-техникалық жағынан барынша нығайту керек. Қолхоз құрылысының экономикалық жағынан гүлденуі колхоздық меншіктің жалпы халықтық меншікке бірте-бірте жақындап, келешекте біртұтас коммунистік меншікке ұласуына жағдай жасайды.

Ал колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне дейін көтеру, оларды біртұтас коммунистік меншікке ұластыру ісі өндіргіш күштерді барынша дамыту және соның негізінде өндірісті онан әрі қоғамдастыру жолымен жүзеге асырылады.

Өндірісті қоғамдастыру процесі өзінше, жеке дара пайда болған жоқ. Біріншіден, коммунизмнің төменгі сатысына тән жалпы белгілер оған да тән болса, екіншіден, оның коммунизмді кең өрістетуге кезеңін сипаттайтын өзіндік ерекшеліктері де бар. Өндірісті қоғамдастыру дәрежесі өндіргіш күштерді дамытудың қол жеткен дәрежесіне байланысты.

Өндіргіш күштердің өсуімен бірге, — делінген жаңа Программада, — колхозаралық өндірістік байланыс дамиды, шаруашылықты қоғамдастыру жеке колхоздардың шеңберінен шығады. Сондықтан да колхозаралық кәсіпорындар мен мәдени-тұрмыс мекемелерін, мемлекеттік-колхоздық электр станцияларын, ауылшаруашылық өнімдерін бастапқы өңдеуден өткізетін, оларды сақтап, тасымалдайтын кәсіпорындарды, түрлі құрылыстарды, құрылыс материалдарын жасап шығаратын кәсіпорындарды тағы басқаларын бірлесіп салу тәжірибесін көтермелеп отыру қажет. Колхоздар өздерінің қоғамдық байлығы өскен сайын жалпы халық пайдаланатын кәсіпорындарды, мәдени-тұрмыс мекемелерін, мектеп-интернаттарды, клубтарды, ауруханаларды, демалыс үйлерін салуға неғұрлым кең қатысатын болады. Қажетті экономикалық жағдай жасалған кезде жүзеге асырылуға тиісті осы жұмыстардың бәрі колхоз меншігіне бірте-бірте жалпы халықтық сипат беретін болады.

Қазіргі кезеңде халық шаруашылығының колхоз секторында өндіріс пен еңбектің қоғамдастырылуын көрсететін құбылыстардың бірі — колхозаралық өндірістік бірлестіктердің пайда болып, онан әрі жетілетуі.

Қолхозаралық бірлестіктерде қоғамдық өндіріс онан әрі шоғырландырылады, колхоздардың жинақталған қаржысы ауданның немесе облыстың бір топ колхозының игілігіне жұмсалады.

Қолхозаралық өндірістік бірлестіктерді құруды өмірдің өзі, колхоз құрылысының жағдайы талап етіп отыр. Өйткені, колхоз өндірісінің жеке салаларын, ең алдымен көмекші салаларын немесе колхоздардың ішкі қажетін өтеуге арналған салаларын онан әрі шоғырландырудың экономикалық пайдасы зор.

Өркендеп, нығайып келе жатқан колхоз өндірісі әруақытта көмекші кәсіпорындар салуды керек етеді. Бұл, көбінесе шаруашылықты электрлендіруге, өндіріс және мәдени-тұрмыс құрылыстарына, транспортты пайдалануға, ауылшаруашылық өнімдерін алғашқы өндеуден өткізуге байланысты салынатын кәсіпорындар. Көп жағдайда колхоздардағы көмекші кәсіпорындар ұсақ болады, оларда өндіріс жеткіліксіз механикаландырылады, колда бар құрал-жабдық нашар пайдаланылады. Соның салдарынан еңбек өнімділігі төмен, өнімнің түсер құны жоғары болады.

Тіпті ірі колхоздардың өзінде кәсіпорын салу әруақытта қажетті экономикалық пайда бермейді. Өйткені колхоз көбінесе өз қажетін өтеуге арналған өндіріс орнын салады. Ал колхоз кәзіргі заманның талаптарына сай келетін және арзан өнім шығаратын мамандандырылған ірі кәсіпорын салғанымен, оны толық қуатымен пайдалана алмаса, мұндай жағдайда да кәсіпорын колхозға тиімді болмайды.

Осы тұрғыдан алғанда колхоздарға енді қандай кәсіпорын тиімді? Ең алдымен, колхозаралық бірлестіктер немесе кәсіпорындар салу тиімді. Бұл өндірісте жаңа технологияны қолдануға, жұмысты дұрыс ұйымдастырып, өндірісті түгел механикаландыруға яки автоматтандыруға, қаржы мен материалды үнемдеп жұмсауға жағдай жасайды.

Бұрын колхоздарда құрылыс жобасыз, сметасыз салынатын. Сондықтан оған қаржы да, еңбек те, материал да артық жұмсалатын, құрылыс сапасы төмен болатын. Бұл құрылыстың тез бұзылуына әкеліп соқтыратын. Мәселен, Шымкент облысына 1956—1958 жылдар ішінде 250 мың қойға арнап салынған қоралардың дені қайта жөндеуді керек етеді. Сайрам ауданында 1,85 миллион сомның құрылысы он жыл толмай құлап қалған. Арыс ауданында тек 1959 жылы 1,15 миллион сомның құрылысы жарамсыз күйге келген.

Өндірістік, мәдени-тұрмыс мекемелерін колхоздардың құрылыс бригадалары, ал мұндай бригада құруға мүмкіндік болмаған жерде жалдамалы адамдар, былайша айтқанда «жабайы бригадалар» тұрғызып келді. Әрине, мұндай бригадалардың құлқыны кең болды, құрылыс үшін ақыны мемлекеттік бағадан екі-үш есе қымбат алып келді. Мысал келтірейік. 1961 жылы республиканың колхоздары жалдамалы құрылысшыларға 9,4 миллион сом ақша төлеген. Ал Ақтөбе облысының колхоздарында 2,3 миллион сом төленген; бұл—мәдени-тұрмыс мекемелері мен өндірістік құрылыстарға жұмсалған қаржының 46 проценті. Сондай-ақ Семей, Қарағанды, өзге де облыстардың колхоздарында да жағдай осындай болған. Семей облысы, Бородулиха ауданының «Заветы Ильича» колхозында жалдамалы құрылысшының әрқайсысы айына 560 сом пайда тауып отырған. Осы ауданның «Заря» колхозында құрылыс жұмысында істейтін әрбір колхозшының айлық табысы 70—80 сом болғанда, әрбір жалдамалы құрылысшының табысы 200—250 сомға жеткен.

Осындай кемшіліктерден арылудың бір жолы—ірі колхозаралық бірлестіктердің құрылуы болды. Бұл құрылыстағы техникалық артта қалушылықтан, маусымдылықтан арылып, индустриялық әдіске көшуге мүмкіндік берді. Колхоздарда мұндай бірлестіктерді құруды партияның Орталық Комитетінің 1955 жылғы январь Пленумы мен КПСС XX съезі ұсынған болатын.

Бірлестіктер колхозаралық меншік болып табылады. Бұл—өндірісті қоғамдастырудың өзінше бір түрі.

Кәзір елімізде, оның ішінде Қазақстанда бірлестіктердің бір түрі—колхозаралық құрылыс ұйымы көбірек тараған. Өйткені, партияның Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейін ірі-ірі шаралар жүзеге асырылуы нәтижесінде колхоздар экономикалық жағынан нығайып, колхозшылардың әл-ауқаты жақсара түсті.

Бұл өз тарапынан өндірістік және мәдени-тұрмыс мекемелерін көптеп салуды керек етті.

Қазақстанда тұңғыш колхозаралық құрылыс ұйымы 1956 жылы май айында Алматы облысының Андреев ауданында құрылды. 1956—1958 жылдары республикада осындай 33 ұйым жұмыс істеді. Ал 1961 жылдың басында олардың саны 63-ке жетті. Құрылыс ұйымдары, әсіресе Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарында көбірек тарады.

Колхозаралық құрылыс ұйымдарының буыны бекіп, жетіле түсті. Олар пайшы колхоздарға құрылыстарды жылдан-жылға көп салып берді. 1958 жылы республикада сметалық құн бойынша 3,3 миллион сомның жұмысы істелген болса, 1960 жылы 14,038 миллион сомның тапсырмасы орындалды.

Кәзір республика колхоздарының 60 проценттен астамы — құрылыс ұйымдарына мүше. Биыл Қазақстанның осындай ұйымдары 15,9 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауды жоспарлады; бұл — колхоз құрылысына белгіленген күрделі қаржының 20 процентке жуығы.

Қазақстанның колхозаралық құрылыс ұйымдарының жұмыс тәжірибесі олардың жалдамалы бригадалардан экономикалық зор артықшылығы бар екенін көрсетті. Инженер-техник қызметкерлері, маман құрылысшылары, өндірістік базасы, қажетті құрылыс материалдары, құрал-жабдығы мен транспорты бар мұндай құрылыс ұйымдары еңбек өнімділігін едәуір арттырып, құрылыс құнын кемітуде, оны салу мерзімін қысқартып, жұмыс сапасын жақсартуда. Мысалға Алматы облысын алайық. Мұнда 15 ауданда колхозаралық құрылыс ұйымы құрылған. Облыстағы 133 колхоздың 109-ы — бұл ұйымдардың пайшысы. Колхозаралық құрылыс ұйымдарының облыстық Советі бар. Аудандық құрылыс ұйымдары сияқты ол да өз қызметін шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырады. Советте маман кадрлар жұмыс істейді. Олар аудандардағы құрылыс ұйымдарына ұйымдық және техникалық көмек көрсетіп тұрады.

Облыстық колхозаралық құрылыс ұйымдары бұрнағы жылы 4,254 мың сомның, былтыр 4,739 мың сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын орындады. Олар 1960—1961 жылдары 1 218 құрылыс орнын салып, пайдалануға берді. Облыстың құрылыс ұйымдары бұрнағы жылы 80,7 мың, былтыр 147,4 мың сом пайда келтірді. Мұндай табысқа негізінен жергілікті құрылыс материалдарын кен пайдалану, құрал-жабдықты тиімді қолдану нәтижесінде қол жетті. Нақты мысал келтірейік. Қаскелең ауданының колхозаралық құрылыс ұйымы «Дружба» совхозына сметада көрсетілген 31,7 мың сомның орнына 24,1 мың сомға монша салып берді. 20 тұрғын үйдің құны сметадағыдан 5,2 мың сом арзанға түсті. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Шымкент облысындағы Георгиев аудандық колхозаралық құрылыс ұйымы республикада тұңғыш темір бетон бөлшектері алаңын салды. Құрастырмалы темірбетон аркаларынан Георгиев ауданының «Победа», Арыс ауданының Карл Маркс атындағы колхоздарында, басқа да шаруашылықтарда мал қоралары салынды. Мұндай мал қоралары басқа қораларға қарағанда екі есе арзанға түсті, оны салу мерзімі қысқарды.

Бірақ Қазақстанның колхозаралық ұйымдары түрлі құрылыс салудың, жергілікті құрылыс материалдарын өндірудің барлық мәселесін шеше алады деуге болмайды. Сондықтан да колхоздардың өз ішіндегі құрылыс бригадаларының маңызын кеміту ағаттық болады. Дегенмен, қажетті жағдай туған кезде олардың орнына колхозаралық құрылыс бірлестіктерін құру әлдеқайда тиімді.

Бірақ колхоз өміріндегі осындай жаңа әрі тиімді іске кейбір пар-

тия, совет, ауылшаруашылық органдары, олардың басшылары жеткілікті көңіл бөлмейді. Соның салдарынан бірқатар құрылыс ұйымдарында елеулі кемшілік орын алып отыр.

Бірсыпыра колхоз мүшелік жарнасын, тиісті авансын, істелген жұмыс ақысын дер кезінде және толық төлемейді. Былтыр республиканың колхоздары 1 132,4 мың сомның пай жарнасына қарыздар болды. Бұл кейбір колхозаралық құрылыс ұйымдарының көп уақыт ақшасыз, айналмалы қаржысыз отыруына, қажетті құрылыс материалдарын өндіре алмауына, құрылысшыларға дер кезінде жалақы бермеуіне әкеліп соқтырды. Көптеген құрылыс орындарында жұмыс тоқтап қалды. Құрылысшылардың жалақысы азайды; олар басқа жұмысқа ауысуға мәжбүр болды.

Кейбір құрылыс ұйымдарында басшылықтың демократиялық принципі бұзылады. Колхозаралық Совет уәкілдерінің жиналысы Советтің мәжілісі уақтысында шақырылып тұрмайды. Кейде басшылық жұмысына тәжірибесіз, тиісті мамандығы жоқ адамдар жіберіледі. Мастерлер, десятниктер, нормалаушылар, жоспарлаушылар даярлау мәселесі де әлі шешілген жоқ.

Ойласып, ақылдасып шешетін елеулі мәселенің бірі — колхозаралық құрылыс ұйымдарын материалдық-техникалық жағынан жабдықтау. Олар негізгі құрылыс материалдарымен осы күнге дейін дәйекті түрде жабдықталмай келеді. Біздің ойымызша, қордағы материалды тұтынушылар кооперациясы арқылы бөлудің кәзіргі тәртібін өзгерту керек. Мұндағы негізгі мақсат материалды жанжаққа шашыратпай жинақтап бөлу болуға тиіс.

Колхозаралық құрылыс ұйымдары металға зәру. Олар металды тұтынушылар кооперациясы тарапынан да, ауылшаруашылық техникасы одағының ұйымдары тарапынан да алмайды. Соның салдарынан бұлар сейсмикалық ережені бұзып, мектеп, клуб, мәдениет үйлерін механикалық арматурасыз салуға мәжбүр болуда.

Құрылыс ұйымдарына несие ақша беру мәселесі де әлі толық шешілмей келеді. Пайшы колхоздар ақшадан қысылған кезде Мемлекеттік банктің бөлімшелері колхозаралық құрылыс ұйымдарына несие ақша босатқаны жөн. Бұл қаржыға негізінен жергілікті құрылыс материалдарын дайындайтын және олардан түрлі бөлшек жасап шығаратын кәсіпорын салынуға тиіс.

Сонымен қатар құрылыс ұйымдарының өзіне байланысты кемшіліктер де бар. Ең алдымен, олар механизм мен құрал-жабдықты тиімді пайдаланбайды.

Атап көрсетілген кемшіліктерді жою колхозаралық құрылыс ұйымдарының жұмысын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттырып, құрылыстың түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1961 жылғы 21 февральда «1961—1965 жылдарда СССР-дің ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы» қаулы алды. Қаулыда селолық жерлерде колхозаралық электр станцияларын салу тиімді екені атап көрсетілген. Мұндай станциялар, әрине, әр колхоздың шағын станцияларына қарағанда үнемді де пайдалы болады. Мұны елімізде колхоздар бірігіп салған ірі электр станцияларының жұмысынан айқын көруге болады.

Қазақстанда бұрнағы жылы жалпы қуаты 1562 киловатт 10 колхозаралық электр станциясы болды. Бұлардың ішінен Меркі, Шарын, Шелек, Шу станцияларын айрықша атап көрсетуге болады. Кәзір Алматы облысы, Нарынқол ауданының 9 колхозы Текес өзенінде жалпы қуаты 1 200 киловатт автоматпен басқарылатын су электр станциясын салып жатыр. Станция жылына 6 540 мың киловатт-сағат арзан электр қуатын бермек; бұл ауданның барлық колхозын,

екі жөндеу-техникалық станциясын, барлық кәсіпорыны мен мекемесін электрлендіруге жағдай туғызады. Жамбыл облысында да осы әдіспен Қарақыстақ су электр станциясы салынуда.

Н. С. Хрущев жолдас 1959 жылғы ноябрьде энергетикалық құрылыс жөніндегі бүкілодақтық кеңесте мемлекеттік ұйымдардың көмегімен кооперативтік негізде жоғары вольтті желі, бөлу жүйелерін, подстанциялар, ауданаралық және колхозаралық электр станцияларын көптеп салу қажеттігін айтты. Кәзір электр станциялар мен оған байланысты құрылыстар осы негізде салынып жатыр.

Қазақстанның колхоздары түрлі құрылыс салуға ортадан қаржы бөлуде. Бұған мемлекет көмектесіп келеді. Бұл тек соңғы кезде туған жаңалық емес. Республикада соғыстан бұрын да колхоздар бірігіп жер суару жүйелерін салған болатын. Бұған Қызылорда облысындағы Шиелі суару жүйесін, Шымкент облысындағы Георгиев каналының сол жақ канатын мысалға келтіруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің берген қаржысына осы облыстағы Киров магистральді каналы 14,5 километрге ұзартылды. Мұны бүкіл халық болып салды. Ирригациялық және мелиоративтік құрылыстар соғыстан кейінгі жылдары да кең өріс алды.

Соңғы жылдары мемлекет те, колхоздар да су шаруашылығы құрылыстарына қаржыны бұрынғыдан едәуір көп бөлді. 1959—1961 жылдары мемлекет Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы су құрылыстарына 64,71 миллион сом, ал колхоздар 2,9 миллион сом босатты. Келешекте бұл қаржының мөлшері бұдан да ұлғая түспек. 1962—1965 жылдарға арналған жоспар бойынша бұл мақсатқа мемлекет 342,36 миллион сом, ал колхоздар 15,2 миллион сом жұмсауды белгілеп отыр.

Мемлекеттің көмегімен колхоздар Қазақстанда облыстық және республикалық маңызы бар жолдар мен көпірлер, мал жайылымы учаскелерінің орталықтарын салды.

Осы келтірілген мысалдардың бәрі колхозаралық және мемлекеттік-колхоздық экономикалық байланыстың ауыл шаруашылығын өркендету үшін маңызы зор екенін көрсетеді. Демек, партия, совет, шаруашылық ұйымдары бұл мәселеге әрдайым көңіл бөліп отыруға тиіс.

Республиканың көптеген колхоздары овощ, жеміс, жидек сияқты тез бұзылатын өнімдерді сақтау үшін қажетті базасы болмағандықтан зиян шегіп отыр. Мұны ескеріп, партия мен үкімет колхоздарға ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін жақсы жабдықталған колхозаралық кәсіпорындар салуды ұсынды. Бірақ бұл ұсыныс республикада күні бүгінге дейін іске асырылмай келеді.

Колхозаралық бірлестік — біршама жаңа, бірақ колхоз өндірісінің экономикалық дамуынан туған өте маңызды, келешегі зор іс. Колхозаралық өндірістік байланысты онан әрі нығайту колхоздардың шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге, олардың өндірісін қоғамдастыру дәрежесін көтере түсуге мүмкіндік береді.

С. ТКАЧЕВ

Саналы адам тәрбиелеу — асыл парыз

Ғасырлар бойғы асыл арманымыз, бақыт пен шаттық заманы— коммунизмді жақындата түскен, ұлы ерлік еңбек жемісін мол да жайната өсіруші шебер бағбан—Ұлы Коммунистік партия туралы ойласаң, ерекше бір сезімге, ерекше бір күйге бөленесіз! Ол—қуаныш сезімі, ол — шаттық күйі! Ал, осы шаттық пен қуанышқа бөлеп, тебірентіп отырған заманымыздың коммунистік манифесі—партиямыздың жаңа да ұлы Программасы! Бұл Программаны белгілеп берген, қолымызға молшылық кілтін ұстатқан да лениндік Коммунистік партия! Сол сүйікті партиямыздың даналығы жаппай өнімдер молшылығын жасаудың айқын жолын көрсетіп берді, әлі де көрсете бермек! Алтын арайлы еліміздің түкпір-түкпірінде коммунистік жарыс туы бұрынғыдан да бетер асқақтап желбірей түсуде. Сол тудың астына топтасқан еңбеккерлердің бүгінгі абзал ой-пікірлері бір ғана мақсатты—жаңа заман талабына сай еңбек етіп, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды тездету, сөйтіп Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру мақсатын көздейді.

Владимир Ильич Ленин өзінің «Ұлы бастама» деген атакты еңбегінде: «...ондаған және жүздеген миллион адамның пайдасына түсетін әрбір пұт астықты, көмірді, темірді және басқа өнімдерді сақтау үшін қатардағы жұмысшылардың ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанқиярлық қамқорлығы туған жерде коммунизм басталады» деп өте көрегендікпен айтып еді.

Ұлы көсемнің бұл сөзі көзіргі күні жалынды ұранға айналды. Өйткені, партияның ең жоғарғы мақсаты—коммунистік қоғам орнату. Оның туына: «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген сөздер жазылған. Бұл қоғамда адамдардың жанжақты жетілуімен қатар, ғылым мен техниканың үнемі дамуы негізінде өндіргіш күштер де өседі, қоғамдық байлықтың барлық көздері телегей теңіз болып тасиды.

Бұл не деген сөз? Осы байлық көктен түсетіндей, сейіл-серуен құру деген сөз бе? Жоқ, бұл қоғам әсте де сейіл-серуен құру қоғамы емес.

Мұның мәнісі—әрбір адам қоғам игілігі үшін ерекше шабытпен еңбек етіп, оның байлық көзін үздіксіз молайта беруге борышты. Мұндай шабытты еңбексіз әлеумет арман еткен сәулетті сарай тұрғызу да, ондағы адамның бақытты болуы да мүмкін емес. Коммунизм адамы өз бақытының зергері, өз бақытын өзі жасаушы. Бірақ ол жеке адамның бақытын ғана емес, жалпы халықтың бақытты болуын көздейді. Совет адамының сана-сезімі неғұрлым жоғары болған сайын біздің молшылық жолындағы күресіміз де соғұрлым мәуелі бола бермек. Сондықтан да, партияның ұлы Программасында:

«Еңбекшілердің социалистік саналылығының артуы жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның бұрынғыдан да идеялық-саяси топтасуына, олардың бірте-бірте коммунистік қоғам еңбеккерлерінің біртұтас коллективіне бірігуіне жәрдемдеседі»,—деп атап көрсетілген.

Біздің коммунистік идеямыз марксизм-ленинизм іліміне негізделген. Ол идея әрбір адамның мінез-құлқында, әрбір коллектив пен әрбір ұйымның күнделікті қарапайым қызмет-қарекетінде міндетті түрде коммунистік істермен біте қайнасып жатуы тиіс. Партияның жаңа Программасында бұған ерекше мән берілуі де, міне осыдан.

— Партия, — делінген онда, — кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстағы басты нәрсе — барлық еңбекшілерді жоғары идеялылық, коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жанжақты жарасымды жетілдіру, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау деп санайды.

Социализм адамдар арасында жаңа қарым-қатынас туғызды, оларды жаңа идеалмен қанаттандырды. Бұл—коммунистік мораль талаптарынан туған қарым-қатынас пен идеал. Ал коммунистік мораль не дейді? Оның бұқараға қояр негізгі талабы қандай? Ол талап — бүкіл адал ниетті адамдардың игілікті ісіне, барлық еңбекшілердің бақыты жолындағы күреске берілуде, дейді. Осындай ізгі мақсатқа бағытталған адамның ғана өмірі шынайы мазмұнға толы болмақ. Коммунизм идеяларының салтанат құруы жолындағы саналы да мақсатты күрес қана адамды ұсақ-түйек күйбеңнің шырғауынан шығарып, оны шын мәнісіндегі бақытқа жеткізеді. Бұл—коммунизм үшін күресушілердің табандылығы мен адамгершілік тазалығының, мақсаттылығы мен принциптілігінің түп негізі, олардың қажырлылығы мен ержүректілігінің қайнар бұлағы.

Коммунистік идеялылықтың тағы бір талабы мынау: егер адамның алдына жоғары мақсат қойылса, онда оның көрер қызығы да басқаша, сезімі де бай, әрі әсем болмақ.

Шынайы бақыттылық — еңбекте. Өйткені, барлық салтанат пен байлықты жасайтын да осы еңбек; елді де, жерді де көркейтетін осы еңбек; адамдарды абырой-атаққа, даңққа бөлейтін де, Отанымыздың күш-қуатын арттыратын да осы еңбек. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, кәзір еңбек миллиондаған совет адамының өмірлік қажетіне, олардың нағыз шынайы бақытының көзіне айналып отыр. Бұған мыңдаған еңбек озаттарының, өндіріс пен ауыл шаруашылығы жаңашылдарының, коммунистік еңбек екіпінділері мен коллективтерінің еңбекке жаңаша, коммунистше көзқарасы, тапқырлық, өнегелік тамаша істері айқын дәлел.

Совет адамының осындайлық асқак сезімділігі мен биік мақсаттылығын коммунистер Юрий Гагарин мен Герман Титовтың, Андриян Николаев пен Павел Поповичтің ерлік бейнелерінен көруге болады.

— Советтің космос батырлары, — деді Никита Сергеевич Хрущев, — халықтың қалың қойнауынан шыққан, Коммунистік партия тәрбиелеген, коммунизм ісіне шексіз берілген адамдар... Батыр космонавтар — тіпті бүгінгі күннің өзінде өзінің бойына коммунистік қоғам адамының тамаша белгілерін сіңірген адамдар — өз бойына жоғары интеллектуалдық мәдениетті, мінез-құлықтың тазалығын және дене құрылысының шынығып, жетілушілігін сіңіріп отырған адамдар. Оларды мұндай ерлікке бастап отырған Отанға деген сүйіспеншілік, қоғамдық борышты сезіну, коммунизмнің аса игілікті мұраттары.

Житомирдің қарапайым қолхозшысы, 69 жастағы ана, Социалистік Еңбек Ері Надежда Григорьевна Загладаның өнегелі ісі де коммунистік саналылық пен жоғары идеялылықтың тамаша үлгісін көрсетеді.

«Бүгін таңда ождансыз өмір сүре алмайсың!» — дейді Надежда Григорьевна.

Қарапайым қолхозшының осы бір қанатты сөзі әр адамның ой-сезіміне әсер етіп отыр. Қарт ананы көрші қолхоздың шаруашылық жайы,

ондағы еңбек адамдарының ортақ іске оншама жаны ашымайтынын, диханшы абыройына дақ түсіріп отырғаны қатты қынжылтады. Сол себепті, ол өз звеносындағы іс басынан асып жатқанымен, Горький атындағы колхозға барып, ондағы көріксіз көріністерді жазады, ол жайында өз ойын, пікірін ортаға салады. Сөйтіп, «Екіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» — деп ұран көтереді.

Надежда Григорьевнаның пікіріне үн қоса отырып, Жамбыл облысының атақты қызылшашысы, Социалистік Еңбек Ері Сындыбала Оңғарбаева:

— Ар-ождан, коммунистік жоғары саналылық қана материалдық игілік молшылығын жасауға көмектеседі, — деп жазды. Ардақты аңаның еңбек жолы жұртқа үлгі-өнеге. Жасының ұлғаюына байланысты колхозшылар Оңғарбаеваны пенсияға құрметпен шығарып салғанды. Бірақ та еңбек етуді өмірлік мұраты деп сезініп кеткен адамға қол қусырып үйде қарап отыру мүмкін болмады. Сондықтан да қарт коммунист өз звеносын қайтадан бекітіп беруді өтініп, партия ұйымына арыз берді. Қазір бұл звенода он адам бар. Бәрі де пенсионер. Міне, саналылық пен еңбекке деген құштарлық, — деп осыны айтуға болады. Олардың бәрін еңбек сапына қайта қосқан да осындай асыл қасиеттер еді.

Шындығында да адам баласының арманы — коммунистік жарқын болашақ өзінен-өзі келмейтіні рас. Бұл арманды жүзеге асыру үшін қажымай, талмай еңбек ету керек болады. Сондықтан да сүйікті партиямыз таяудағы 10 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің мөлшерін шамамен 2,5 есе көбейтіп, АҚШ өнеркәсібінің қазіргі дәрежесінен асып түсу міндетін белгілеп отыр. Біз алдағы 20 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің мөлшерін кем дегенде 6 есе ұлғайтып, АҚШ өнеркәсіп өндірісінің қазіргі жалпы мөлшерін әлдеқайда артта қалдыруға тиіспіз.

Біздің сәулетті болашағымыздың негізгі цифрлары, мінеки осындай. Ал коммунистік идеялылық: осындай ұлы міндет, алып іс жолында өзің де адал еңбек ет, биікке өрле, оған қоса басқаны да соңына ерте біл, өзің шығар шынға оны да баста, қол ұшын беріп, көмектес, өнегелі ісінді үйрет, баулы, ақылына-ақыл, күшіне-күш, қайратына-қайрат қос дейді!

Әрбір колхозшы, әрбір жұмысшы, әрбір қызметкер өз борышын осылайша терең сезінгенде ғана біздің ортақ ісіміз өрге басады, тек сонда ғана көсегеміз көгеріп, сән-салтанатқа, ең дәулетке кенелеміз.

Совет халқы коммунизмге қарай кәміл сеніммен қарыштап алға басуда. Бұл ұлы аттану жолында жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, интеллигенция қол ұстасып, асқан ұйымшылдықпен еңбек етуде. Осы тұста әрбір саналы адам өзінен өзі: «Болашақ үшін мен не істедім, жарқын болашаққа ұялмай бару үшін өз борышымды адал ақтап жүрмін бе!» деп сұрауы тиіс. Сондықтан әр еңбеккер қоғамдық іске неғұрлым көп үлес қосуы шарт.

Социалистік Еңбек Ері Н. Г. Загладаның мақаласы мен РСФСР Жоғарғы Советінің депутаты фрезеровщик И. Д. Леоновтың «Совет жұмысшысы — ардақты есім» деген хатының әрбір адамды совет еңбеккері атағын мақтан ету рухында, коммунистік құрылыстың тағдыры үшін, әсіресе коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін әркімнің жауапкерлігі арта түсіп отырғанын сезу рухында тәрбиелеуде саяси мәні аса зор.

Украинаның даңқты колхозшысы мен Ленинградтың озат жұмысшысының айтқан пікірлерінің терең мәнін барлық жұмысшылардың, колхозшылардың, оқушылардың, қызметшілердің санасына құю — бүгінгі таңдағы идеологиялық жұмыстың өзекті мәселесі болып отыр.

Партия, совет, комсомол және кәсіподақ қызметкерлері, үгітшілер мен насихатшылар, лекторлар мен қоғамдық негізде жұ-

мыс істеуші активтер еңбекшілерді коммунистік идеялық рухында тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлулері тиіс. Бұл жайында жақсы өнеге мен тамаша дәстүр атаулыны дәріптеп, соларды қастерлей насихаттаумен бірге, әлі де болса социалистік меншікті талан-таражға салушыларды, қалтақұмар қанағатсыздарды, жатып ішер жалқауларды, «жеңіл өмір» сүруге әуестенушілерді аяусыз әшкерелеп отыру қажет.

Біздің идеалымыз — қоғам мүддесін бәрінен де жоғары санайтын жанжақты жетілген адам. Коммунистік тәрбие, міне, осы мақсатты көздейді. Ондай адам, әлбетте, жекеменшіктік пиғылдан арылған, буржуазиялық психология мен идеологияның зілінен бойын аулақ ұстайтын, коммунистік саналылықты бойына жинаған, мөлдір бұлақ суындай таза болуға, қоғамдық өмірдің сан алуан саласына белсене қатынасуда тиіс.

Сондықтан да совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеу буржуазиялық идеологияға қарсы күрес, бұқараны советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу болып саналады.

Партия, — делінген Программада, — бүкіл халықты ғылыми коммунизм рухында тәрбиелеу міндетін алға қояды, сөйтіп еңбеккерлердің дүниежүзілік дамудың барысы мен перспективаларын жете түсінуіне, ел ішіндегі және халықаралық көлемдегі оқиғаларды дұрыс ұғынуына, тұрмысты бар сана-сезімімен коммунистік негізде құруына күш салады.

Марксизм-ленинизм теориясы — еңбекшілерге идеялық тәрбие берудің негізі. Сондықтан да қалың бұқараны ғылыми коммунизмнің осы тамаша ілімімен қаруландыру — әрбір партия ұйымының күн сайын ерекше көңіл бөлетін мәселесі.

Дүниеге коммунистік көзқарасты қалыптастырудың негізі болып табылатын партия тарихын, философияны және саяси экономияны терең оқып үйрену — коммунистер мен комсомолецтердің, партияда жоқтардың қасиетті борышы. Бұл жайында саяси оқудың барлық түріне қажетті жаңа программалар, оқулықтар мен оқу құралдары жеткілікті басылып шығарылды. Мәселе — сол бай құралдарды пайдалана білуде болып отыр. Әсіресе, кадрлардың экономикалық білімін жақсартуға, олардың коммунизм құрылысының экономикалық проблемаларын жетік үйренулеріне ерекше көңіл бөлінгені жөн.

Еңбекшілерге саяси, ғылыми-атеистік, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру ісінде насихат пен үгіттің алуан түрлері: мәдениет университеттері, кинолекторийлер, үгіт машиналары, тақырып бойынша өткізілетін кештер және сұрақ-жауап кештері, ауызша журналдар, еңбек ардагерлерімен, коммунистік еңбек етпінділерімен кездесу, тағы басқалары кеңінен пайдаланылуы керек.

Бірсыпыра партия ұйымдарында басшы кадрларға маркстік-лениндік білім беруге жеңіл-желпі қараушылық байқалады. Кадрларды идеялық тәрбиелеудегі мұндай кемшіліктер кейбір басшы қызметкерлердің көзбояушылыққа салынуына, қызмет бабын пайдаланып қиянат жасауына, еңбекшілердің мұқтаждары мен тілектеріне немқұрайды қарауына әкеліп соқтырады.

Идеялық-тәрбие жұмысының нәтижелі болуының өзі қоғамның материалдық базасының дамытылуына байланысты екенін, коммунизмнің болашақ адамын іс жүзіндегі міндеттерді орындау күресінің барысында ғана нағыз еңбеккер етіп тәрбиелеуге болатынын ешбір ұмытуға болмайды. Біз күн сайын коммунистік қоғам адамының бойына жоғары саналылық, еңбек сүйгіштік пен тәртіптілік, қоғамдық мүдделерге ақырына дейін адал берілгендік сияқты асыл қасиеттерді сіңіріп отыруға тиіспіз.

Еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, «еңбек етпеген ішіп-жемейді» деген принципті нақты жүзеге асыру үшін күресу — партия ұйымдарының үгіт-насихат жұмысы саласындағы ең басты, ең түбірлі мәселе.

Соған қарамастан партия ұйымдарының бәрі бірдей бұл мәселеге қажетті дәрежеде көңіл бөлмейді. Олар еңбек тәртібін және коммунистік мораль принциптерін өрескел бұзуға қарсы кейде батыл күреспейді, адам санасындағы ескінің қалдықтарына өздері ымырашылдық жасайды. Мәселен, Шымкент облысының Түркстан ауданындағы «Коммунизм» колхозында қоғамдық меншікке жаны ашымайтын, бар ынтасымен еңбек етпейтін, өзіне сеніп тапсырылған іске ат үсті, селқос қарайтын адамдар әлі бар. Мамандардың көпшілігі негізгі қызметі колхоз бен совхозда болса да, өздері қалада тұрады. Әрине, есі-дерті қалада болып, уақыттарының көбін үйінде өткізуге құмар адамдардың еңбегі де аса берекелі болмайтыны мәлім.

Зағлада сөз еткен Краевщинадағы кейбір көңілсіз көріністерді біздің колхоздан да кездестіресіз, — дейді осы колхоздың звено бастығы М. Әбеннова, — жұмысқа біреу ерте, біреу кеш шығады. Басқалары колхоз жұмысына барғаннан гөрі өз бау-бақшаларын баптауды, оның өнімдерін базарға апарып сатуды тәуір көреді. Мұндайлар колхоздың бар игіліктерін, оның жер-суын адал адамдармен бірдей пайдалана тұра, қоғам жұмысына қол ұшын тигізбейді.

Кейбір партия ұйымдарында идеологиялық жұмыс шаруашылық жұмысынан оқшау, жүйесіз, байланыссыз жүргізіледі. Өмірден, коммунизм құрылысының практикасынан қол үзу партия насихатындағы басты кемшілік екені сан рет атап көрсетілді. Бұл мәселеге КПСС Орталық Комитеті Қуйбышев және Минск облыстық партия комитеттерінің идеологиялық жұмысқа басшылығы туралы қаулысында да ерекше мән берді. Қаулыда идеологиялық жұмыстың өмір талабынан кейін қалуы әлі күнге дейін жойылмай отырғаны, оның идеялық төмен дәрежеде жүргізілетіні айтылған.

Идеология мәселесі — партиялық жұмыстың тұтас бір маңызды бөлегі. Сондықтан оны екінші кезекті іс деп қарауға, еңбекшілерге идеялық-тәрбие беруді шаруашылық міндеттерден бөле-жара жүргізуге болмайтынын ескеру қажет. «Идеологиялық жұмыс пен ұйымдастыру жұмысын қарама-қарсы қоюдың қандайы болса да, — дейді Н. С. Хрущев, — қате және зиянды. Өз қызметінің жемісті болуына шын мәнісінде ұмтылған идеология қызметкері бұқараның саяси ұйымдастырушысы болуға міндетті. Екінші жағынан ұйымдастыру жұмысының өзінің де негізгі әдістері адамдарды ұғындыру және тәрбиелеу екенін әрдайым естен шығармау керек». Идеология мәселесіне терең бойлау, онымен оқта-текте ғана емес, ұдайы шұғылдану, рухани өмірді ұйымдастырудың барлық құралдарын ебдейлі пайдалана білу — партия қызметкерлерінің келелі міндеті. Себебі, ұйымдастыру жұмысы мен идеология жұмысының бірлігі, оларды әрдайым ұштастыра жүргізу — жаңа адамды қалыптастырудың, маркстік-лениндік теорияны творчестволықпен дамытудың, оны жаңа тәжірибемен байытудың маңызды шарты. Демек, еңбекшілерге тәрбие беру мен оларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу ісі бір-бірімен нық байланысты жүргізілуі тиіс. Партия ұйымдары тек сонда ғана рухани байлықты, кіршіксіз мораль мен күш-қуатының толысуын өз бойына жарасымды етіп жинаған саналы да жаңа адамды тәрбиелеу міндетін абыроймен орындай алады.

Б. МӘДИЕВ.

Кәсіподақ жұмысын қоғамдық негізде өрістете берейік

К. ТӨЛЕКЕЕВ,

Қазақстан кәсіподақтары советінің секретары

Коммунизм құрылысы — сан салалы, күрделі процесс. Ол экономиканы өркендетіп, оны озық техника негізінде қайта құрумен бірге, коммунистік қоғамдық қатынасты қалыптастыруды, жаңа адамды тәрбиелеуді қамтиды. Бұл міндеттердің толық та жедел жүзеге асырылуы халық бұқарасының творчестволық ынтасы мен жалынды жігеріне, белсенділігіне байланысты. Міне сондықтан да Коммунистік партия елімізде коммунизм құрылысы кеңінен өрістеген сайын мемлекетті және өндірісті, қоғам өмірін басқару ісіне еңбекшілер бұқарасын кеңінен тарта беру міндетін алға қойып отыр.

Социализм жағдайында еңбекшілер бұқарасының творчестволық белсенділігі қоғам игілігі үшін қажырлы еңбек саласында ғана емес, сонымен бірге қоғам өмірі саласында да айқын көрінеді. Бізде миллиондаған адам мемлекет және қоғам ұйымдарында сан алуан шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелерін шешуге белсене қатысуда. Мұның өзі мемлекет және қоғам ұйымдарының табысты жұмыс істеуінің басты кепілі болып саналады.

Мемлекеттік басшылық, шаруашылық және мәдени құрылыс ісіне еңбекшілер бұқарасын кеңінен қатынастырып отыру — социалистік демократияны өрістете берудің бұлжымас заңы. Міне сондықтан да Н. С. Хрущев жолдас партияның тарихи XXII съезінде жасаған баяндамасында: «Әрбір совет адамы қоғам істерін басқаруға белсене қатынасатын болуға тиіс! Міне, біздің ұранымыз, міндетіміз осы», деп көрсеткен болатын.

Біздің елде кәсіподақ ұйымдары ерекше күшті роль атқарады. Олар еңбекшілер бұқарасын басқару ісіне үйрете отырып, оларды өндіріс техникасын жетілдіре беру, мемлекеттік жоспардың орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз ету жолындағы күреске жұмылдырады. Кәсіподақтар, ұлы көсеміміз Ленин көрсеткендей, шаруашылық мектебі, басқару мектебі, коммунизм мектебі болып саналады.

Елімізде социалистік құрылыстың барысында қол жеткен табыстардың нәтижесінде шаруашылықты және мемлекетті басқару жүйесін жетілдіре беруде еңбекшілер бұқарасының белсенділігін арттыра беруге кәзір аса қолайлы жағдай туып отыр. Кәзір шаруашылықты және мәдени құрылысты басқарудың барлық саласында да қоғамдық негіздердің кеңінен өрістеуі біздің коммунизмге қарай алға басуымыздың заңды нәтижесі болып отыр.

Республикамыздың кәсіподақ ұйымдары партияның тарихи XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, өзінің күнделікті жұмысында қалың активке сүйенетін, жұмысшылар мен қызметшілердің ақыл-кеңесіне, талап-тілегіне мұқият зер салып отыратын болды. Кәсіподақтардың көптеген завод-фабрика және облыстық, республикалық комитеттерінің жұмысында қоғамдық негіздер кеңінен өрістей бастады. Кәзір республиканың кәсіподақ ұйымдарының жұмысына миллионнан астам актив белсене қатынасады. Олар өздерінің негізгі жұмыстарынан бос уақыттарында кәсіподақ комитеттерінің түрлі тапсырмаларын орындайды. Осымен бірге мыңдаған жұмысшы мен

қызметші кәсіподақтардың түрлі комиссияларында жұмыс істейді, кәсіподақ комитеттерінің мүшелері, тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестердің, қоғамдық негіздегі конструкторлық бюролардың мүшелері болып белсене қызмет атқаруда.

Республика кәсіподақ ұйымдарында қоғамдық негіздегі жұмыс, әсіресе партияның XXII съезінен кейін кеңінен өрістеді. Осының нәтижесінде кәсіподақ ұйымдары активтерінің саны бір жылдың ішінде 28 мың адам артты. Қоғамдық негіздегі жұмысты өрістету жөнінде Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Целиноград облыстарының кәсіподақ ұйымдары жақсы жұмыс істеп келеді. Мысалы, Қарағанды облыстық кәсіподақ Советі мен кәсіподақтардың облыстық комитеттерінде кәзір қоғамдық негізде 30-ден астам түрлі бөлімдер жұмыс істейді. Бұл бөлімдерде 250 жұмысшы мен қызметші бар.

Көмір өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподақтарының Қарағанды облыстық комитетінің штаттан тыс әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің жұмыс тәжірибесі көңіл аударарлық. Бұл бөлімді көмір өнеркәсібінде 35 жыл қызмет істеген, кәзір пенсионер Сергей Александрович Прибыловский жолдас басқарады. Бөлімнің құрамында бес нұсқаушы бар, олардың ішінен трестің аға инженері Понамарев, көмір байыту тресінің бас бухгалтері Олжабаев және басқаларды атап көрсету керек.

Бөлімнің меңгерушісі Прибыловский жолдас таңертеңгі кезде облыстық комитетте болады. Ол жұмысшылар мен қызметшілерді қабылдап, еңбек заңы және басқа мәселелер жөнінде түсінік береді. Ол басқа уақытта бөлімнің нұсқаушыларымен бірге бастауыш кәсіподақ ұйымдарында болып, жұмысшылар мен қызметшілердің ауырған күндеріне берілген бюллетеньдердің дұрыс төленуін және санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалардың дұрыс бөлінуін қадағалайды.

Бұл бөлімнің қызметкерлері соңғы кездің өзінде ғана 86/87, 26, 12 және 3-бис шахталарында осы мәселелердің дұрыс жүзеге асырылуын тексеріп, ашылған кемшіліктерді облыстық кәсіподақ комитетінің мәжілісіне қарауға әзірледі. Штаттан тыс қызметкерлердің көмегімен бұл шахталарда бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмысы едәуір жақсара түсті.

Штаттан тыс әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қызметкерлері айына екі рет бас қосып, жұмыс жоспарларын талқылайды, өздерінің істеген жұмыстарын ортаға салады, сонымен бірге, жоғары кәсіподақ органдарының қарарларымен, шешімдерімен танысып отырады. Штаттан тыс бұл бөлім көмір өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподақтарының облыстық комитетіне елеулі көмек көрсетіп келеді.

Кәсіподақтардың Қостанай облыстық советінің штаттан тыс тұрғын үй және тұрмыс бөлімі де өз жұмысын жақсы ұйымдастырып келеді. Бұл бөлімді Зинаида Леонтьевна Шипкова жолдас басқарады. Осы бөлімнің көмегі арқылы облыстық кәсіподақ советі сауда ұйымдарының жұмысына және тұрғын үй-тұрмыс орындарының құрылысына өтімді ықпал жасауда. Бұл бөлім соңғы кезде Қостанай қалалық өнеркәсіп товарларының және азық-түлік товарларының сауда бөлімдерінің жұмыстарын тексерді, тексерудің қорытындысын кәсіподақ советі президиумының талқылауына ұсынды. Штаттан тыс бөлім Қостанай қаласындағы қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысындағы, Соколов-Сарыбай кен комбинатында тұрғын үйлерді бөлудегі көптеген кемшіліктерді ашып, түзетуге үлкен қолқабысын тигізді.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қоғамдық негізді өрістетудің тағы бір көрінісі тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестер болып табылады. Кәзір республикамыздың кәсіпорындары мен құрылыстарында, совхоздарында бес жарым мыңнан астам тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестер бар. Олардың жұмысына 215 мыңнан астам жұмысшы мен қызметші белсене қатысуда. Соңғы кезде бұл кеңестер-

де өндірісті ұлғайтудың ішкі мүмкіндіктерін ашып пайдалану, шығарылған өнімдердің сапасын жақсартып, түсер құнын кеміту сияқты маңызды мәселелерді талқылауға жұмысшылар мен қызметшілер белсене қатысып келеді. Өткен жылдың өзінде ғана тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңеске қатынасшылар өндірісті жетілдіре беруге бағытталған 36 мыңнан астам ұсыныс енгізді. Оның 75 проценті кәзірдің өзінде жүзеге асырылды.

Тұрақты өндірістік кеңес әсіресе В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының рафинадтау цехында жақсы жұмыс істейді. Өндірістік кеңеске Сидоровский жолдас басшылық етеді. Бұл кеңестің жұмысына цехтың 49 озат жұмысшысы мен қызметшісі белсене қатынасуда. Мұнда соңғы кездің өзінде ғана қорғасынды мол алу, материалдарды үнемдеу сияқты мәселелер талқыланды. Атап айтатын бір жағдай: бұл мәселелер өндірістік кеңеске алдын ала мұқият әзірлегеннен кейін барып қойылды. Ол мәселелерді талқылауға әзірлеу инженерлер Байлин және Шабалин жолдастар басқарған бір топ қызметкерлерге тапсырылды. Бұл жолдастар бір ай бойы барлық сменаларда болып, жұмысшылармен, инженер-техник қызметкерлермен әңгімелесіп, олардың ұсыныстарын, пікірлерін жинады. Өндірістік мәжілістің болатын күні, онда талқыланатын мәселе екі жеті бұрын цехтың барлық жұмысшыларына хабарланды.

Талқыланатын мәселелерді осылай әзірлеудің нәтижесінде өндірістік кеңестің мәжілісіне барлық жұмысшылар белсене қатынасты. Олар цехта қорғасын алуды молайту, материалдарды үнемдеу жөнінде көптеген ұсыныстар айтты. Тұрақты өндірістік кеңес ұсынған озат әдістерді енгізудің нәтижесінде соңғы кезде цехта қорғасын бұрынғыдан 15—20 процент көп алынатын болды. Комбинаттың партия ұйымы мен кәсіподақ комитеті бұл цехтың тәжірибесін, тұрақты өндірістік кеңесті әзірлеп өткізудің тәжірибесін кәзір бүкіл комбинатқа таратуда.

Мырғалымсай, Ащысай полиметалл комбинаттарының кәсіподақ ұйымдарының да тұрақты өндірістік кеңесті өткізуде, оған жұмысшылар мен қызметшілерді кеңінен қатынастыруда жақсы тәжірибелері бар. Бұл кәсіподақ ұйымдары техниканы жетілдіру, еңбек ұйымдастырудың озат әдістерін жаппай қолдану күресіне коллективті жұмылдырып келеді.

Соңғы кезде республиканың совхоздарында да тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестердің ролі арта түсті. Мұны Орал облысының Фурманов совхозы кәсіподақ ұйымының жұмысынан айқын көруге болады. Совхозда тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестің күн тәртібіне шаруашылықтың финанс-экономикалық жағдайы, өндіріске озат тәжірибені, ғылым жаңалықтарын енгізу, материалдық ынталандыру принциптерін дұрыс қолдану мәселелері қойыла бастады. Бұл мәселелерді талқылауға совхоз жұмысшылары мен мамандары белсене қатынасып, арзан да мол өнім алу жөнінде көптеген ұсыныстар енгізуде.

Республикамыздың көптеген кәсіподақ ұйымдары қоғамдық негізде жұмыс істейтін конструкторлар бюросының, ғылыми техникалық қоғамның, рационализаторлар және өнертапқыштар советінің, қоғамдық негіздегі еңбек қорғау университетінің жұмысына да еңбекшілерді кеңінен тартуда. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін бұл ұйымдар өндірісті жетілдіре беруге, өнімдердің көлемі мен сапасын арттыра беруге бағытталған көптеген бағалы ұсыныстар енгізуде. Бұл жөнінде әсіресе Алматы, Гурьев, Шығыс Қазақстан облыстары озат кәсіпорындарының бай тәжірибесі бар.

Қоғамдық негізде жұмыс істейтін еңбек қорғау университеті республикамызда алғаш рет Зырян қорғасын комбинатында ұйымдастырылды. Оған инженер В. Цалкин жолдас басшылық етеді. Комбинатта мұндай университеттің құрылуы жұмысшылардың, инженер-техник қыз-

меткерлердің еңбек заңдары, өндірістің тазалық және қауіпсіздік техникасы туралы білімдерін арттыруға көмектесті, сөйтіп цехтарда өндірістің қауіпсіздік жағдайын жақсартта түсті.

Университетте өндірістің қауіпсіздігі, еңбек заңдары туралы лекциялар оқылады, әрбір цехтардың жұмысшылары мен инженер техник қызметкерлері өзара тәжірибе алмасады, практикалық сабақтар өткізіледі, түрлі техникалық кинофильмдер көрсетіледі. Университеттің тыңдаушылары өздерінің жұмыс орындарында техниканың қауіпсіздігі, еңбек заңдары туралы әңгімелер өткізеді.

Еңбек қорғау университетінде лекциялар оқуға комбинаттың инженерлері, заң қызметкерлері, партия, кәсіподақ қызметкерлері, дәрігерлер, ғылыми және саяси білімдер тарату қоғамының лекторлары тартылған.

Қазақстан кәсіподақтар советінің президиумы қоғамдық негізде жұмыс істейтін бұл еңбек қорғау университетінің тәжірибесін мақұлдап, оны республиканың барлық кәсіпорындарына, ірі құрылыстарына таратудың шараларын белгіледі.

Қоғамдық негіздегі жұмыс өндіріс саласында ғана емес, сонымен бірге еңбекшілер арасында мәдени-көпшілік жұмысын жүргізу, оларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету саласында да кең құлаш жаюда. Қазір республикамызда кәсіподақ ұйымдарына қарайтын 163 мәдениет университеті мен мектебі, халық театры қоғамдық негізде жұмыс істейді. Сонымен бірге 16 мыңнан астам көркемөнер үйірмелері бар. Олардың көпшілігін кәсіподақ активтері қоғамдық негізде басқарады.

Қоғамдық негізде жұмыс істейтін кәсіподақ мәдениет орындарының жұмысы әсіресе, Целиноград облысында жақсы жолға қойылған. Мұнда 20-дан астам мәдениет мектебі жұмыс істейді. Олардың ішінен Вишневский совхозында ұйымдастырылған мәдениет мектебінің жұмысын ерекше атап өтуге болады. Мәдениет мектебін жергілікті орта мектептің директоры Зинаида Григорьевна Перемот жолдас басқарады. Мәдениет мектебінің жұмысын ұйымдастырып отыратын қоғамдық совет құрылған. Оның құрамында мұғалімдер, совхоз мамандары, кітапханашы және басқа жолдастар бар. Мәдениет мектебі халыққа арнап лекция, баяндама ұйымдастырумен бірге сауық кештер, кітап оқушылардың конференциясын, социалистік жарыс озаттарының кештерін ұйымдастырып өткізіп тұрады. Мысалы, «Коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүру деген не?» атты тақырыпта ұйымдастырылған кеш совхоз жұмысшыларының есінде қаларлық болып өтті. Бұл кеште бірнеше механизатор, жұмысшы коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүрудің мәні жөнінде өз пікірлерін ортаға салды.

Мәдениет мектебінде оқылған лекциялардың тақырыбы да қызғылықты. Мысалы, өткен оқу жылының соңғы кезінде «М. Горький совет әдебиетінің негізін қалаушы», «Қолхоз деревнясының көркем әдебиетте суреттелуі» және совет азаматтарының праволары мен міндеттері туралы лекциялар оқылды.

Республикамыздың кәсіподақ ұйымдарында еңбекшілерді қоғамдық негіздегі жұмысқа кеңінен тартудың мұнан басқа да әдістері мен түрлері жаппай таралуда. Кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қоғамдық негізді өрістете берудің басты кепілі—кәсіподақ органдарының бұл жұмысқа күнделікті басшылық жасап, бағыт беріп отыруы. Кәсіподақ советтері мен комитеттері қоғамдық негіздегі жұмысты жақсы ұйымдастырып отырған бастауыш ұйымдардың тәжірибесін қорытып, кеңінен таратып отыруға міндетті. Бұл жұмысқа кәсіподақ органдары штаттан тыс нұсқаушыларды, советтер мен комиссияларды кеңінен қатынастырғандары дұрыс. Мұның өзі кәсіподақ органдарының бастауыш ұйымдармен байланысын нығайтады, оларға өндірісті өркен-

дете беру, еңбекшілердің мәдени-тұрмысын жақсартуға беру мәселелерін неғұрлым жедел де дұрыс шешіп отыруға көмектеседі.

Кәсіподақ комитеттерінің жұмысына қоғамдық негізде жұмыс істейтін нұсқаушыларды, бөлімдерді, советтерді, комиссияларды кеңінен қатыстыру фабрик, завод, совхоз кәсіподақ комитеттерінің, облыстық, өлкелік кәсіподақ советтерінің қызметі мен ролін арттыра түседі. Кәсіподақ комитеті өз жұмысына активтерді неғұрлым көп қатыстырса, ол солғұрлым өзінің ролі мен беделін арттырады. Қазіргі жағдайда кәсіподақ жұмысының өрісі өлшеусіз кеңейді. Енді бұл жұмысты кәсіподақ ұйымдары мен органдарының штатындағы қызметкерлердің күшімен ғана атқару мүмкін емес.

Міне осыны жақсы түсінген кәсіподақ органдарының басшы қызметкерлері қоғамдық негіздегі жұмыстарды кеңінен ұйымдастыруда. Мысалы, кәсіподақтың Қарағанды облыстық советі қоғамдық негіздегі жұмыстың тәжірибесін қорытып, тарату арқылы бұл жұмыстың кең өрістеуіне жақсы мүмкіндік туғызып отыр. Жақында кәсіподақтардың облыстық советі өзінің пленумында «Партияның XXII съезі шешімдері негізінде кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қоғамдық негіздегі бастамаларды өрістете берудің шаралары туралы» мәселе қарады. Пленумда қоғамдық негіздегі жұмысты өрістетуге жөнінде көптеген бағалы пікірлер, озат тәжірибелер ортаға салынды. Бұл облыстың кәсіподақ ұйымдарында штаттағы қызметкерлердің саны барған сайын азая түсіп, ал, қоғамдық негізде жұмыс істейтін активтердің саны артып келеді.

Республикамыздың кәсіподақ комитеттері мен советтерінің қоғамдық бастама негізіндегі жұмыстарды ұйымдастыруында елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір кәсіподақ советтері мен комитеттері қоғамдық негіздегі жұмысты шын мәнісінде өрістете алмай жүр. Әлі де болса бұл жұмысты ұйымдастыруда кейде формальдылық байқалады. Мысалы, мұнай және химия өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподақтарының Гурьев облыстық советі биылғы жылғы 6 марттағы мәжілісінде 136 адамды қоғамдық негізде жұмыс істейтін бөлімдердің бастықтары, нұсқаушылары етіп сыртынан бекіте салған. Бірақ кәсіподақ советінің президиум мүшесінің бірде-бірі алдын ала кәсіподақ активтерін қабылдап, сөйлеспеген. Қазір бұл жолдастардың көпшілігі кәсіподақ комитетінің жұмысына белсене қатынаспақ түгіл өздерінің қандай қызметке бекітілгендерін де білмейді. Міне осының салдарынан мұнай және химия өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподақтарының Гурьев облыстық советінде және оған қарайтын бастауыш ұйымдарда қоғамдық негіздегі жұмыс нашар өрістетілуде.

Мұндай кемшілік басқа кәсіподақ комитеттері мен советтерінің жұмысында да кездеседі. Кейде кәсіподақ органдары штаттан тыс жұмысқа басқа қоғамдық ұйымдарда бірнеше тұрақты тапсырмалар орындап жүрген адамдарды бекітеді. Мұның өзі олардың кәсіподақ ұйымдарының жұмысына белсене қатынасуына кедергі болады. Сол сияқты қоғамдық негіздегі жұмыстар спорт қоғамдарында да нашар өрістетілуде. Кәсіподақтардың облыстық және республикалық комитеттері мұндай кемшіліктерді жоя отырып, кәсіподақ жұмысында қоғамдық бастамаларды кеңінен өрістете беруге тиіс.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қоғамдық негіздегі бастамаларды өрістете беру олардың коммунизм құрылысындағы ролін арттыра береді. Республикамыздың кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ органдары қоғамдық негіздегі жұмыстарды өрістете отырып, республика еңбекшілерінің шаруашылық пен мәдениет саласындағы міндеттерді толық орындау жолындағы күресін ұйымдастырады.

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі тақырыбына

Коллектившіл болу—жаңа адамның биік мұраты

Өзінің күллі өмір-тірлігін, іс-әрекетін қанау мен талауға, зорлық пен зомбылыққа негіздеген капиталистік дүниенің азған топырағында өсетін бір ұлы өсімдік бар. Ол—өзімшілдік, дарашылдық. Қанаушы таптың салт-санасы дәуірлеген әр заманда-ақ ол адам өмірінің бүкіл мән-мағынасын, мақсат-мүддесін, қадыр-қасиетін қарабастың қамына, өзімшілдікке, құлқынқұмарлыққа әкеліп соқтырады: «Өзім ғана болсам, өзгені құл етіп алсам», «Өзім шыққан төбем ғана биік болсын», «Менің атым жүре тұрсын, сенің атың тұра тұрсын», «Адам адамға қас жауыз» деген, бұл күнде біздің құлағымызға түрпідей тиетін нақылсымақтар сол жеке меншіктен, қанаушы тап психологиясынан туған. Капиталистік дүниеге ғана тән өзімшілік пен дарашылдықтың міне осындай кеспірсіз, жиіркенішті жоралғысы сан ғасыр бойы көптің санасын улап келеді.

Бірақ озат ойлы адамдар, халықтың қалың бұқарасы әрқашан да жақсылыққа, жарыққа ұмтылды. Әлемде әділеттік пен адамгершіліктің, бостандық пен бақыттың, достық пен ынтымақтың салтанат құруын аңсады. Олар адамды адамның қанауын құлтайтын капиталистік дүниенің жыртқыштық мораліне қарсы күресті.

Адамзат бостандығы мен бақыты жолына бүкіл өмірін бағыштаған Маркс пен Энгельс халықтың ежелгі арманын, жанқиярлық күресін жаңа арнаға салды. Ол еңбекші бұқараға құлақ естіп, көз көрмеген азап пен дозақ отына салған жексұрын қоғамды жою жолын көрсетті. Береке де, күш те—бірлікте екенін айқын ұқты олар. Сол себепті де бүкіл әлемге «Барлық елдің пролетарлары, бірігіңдер!» деп парасатты ұран тастады.

Адамзаттың данышпандары Маркс пен Энгельстен мұра боп қалған коммунизм эстафетасын Россияда ұлы Ленин бастаған коммунистер партиясы қолға алды. 1917 жылғы Октябрьде олар капиталистік дүниені күл-талқан етіп, бостандық таңын атырды. Тарихта тұңғыш рет адамды адамның қанауын жойған жаңа қоғамды орнатты. Ленин партиясы адамды ескі дүниенің бұғауынан босатып, азат, бақытты етіп қана қоймай, оның бойындағы ізгі қабылет-қасиетін, талант-дарынын мейлінше дамыту, адам мен адам арасындағы ынтымақты, достық пен жолдастықты, өзара көмекті қуаттау жаңа қоғамның, коммунизмнің түпкілікті мақсаты екенін айқындап берді. Міне, осыған орай адам өмірінің, еңбегі мен күресінің парқы, мән-мағынасы коммунизм орнатудың ұлы мақсаттарымен ұштасып, айқындала түсті.

Ұлы Октябрь жеңістерін ішкі, тысқы жаулардан қорғау жолындағы, жаңа қоғамды орнатып, халық арманын жүзеге асыру жолындағы қажырлы күресте совет адамдары ескі дүниеден қалған өзімшілдікті жеңіп, жаңа сапаға, жаңа қасиетке—коммунистік көзқарасқа ие болды. Бүкіл дүние жүзінің озық ойлы адамдары, шетелдік достарымыз кеменгер Ленин партиясы тәрбиелеп өсірген совет адамдарың мақтан етеді. Олардың жаңа дүние жасаудағы таңғажайып істеріне қайран қалады. «Адам! Өзінің халқы алдындағы, күллі әлем алдындағы ере-

сен парызын ұғып, сол міндеттердің шырқау биігіне шарықтап шыға алған, дүниенің көш басшысы дегін келетін елде тұратын адамдар бұрын-соңды болған емес. Өзіне сенімі кәміл, өзгелердің қамқорлығына да сенетін совет адамдарын мен сондай адамдар деп білемін» дейді француздың коммунист жазушысы Андре Стиль.

II

Туысқан партиямыздың XXII съезі халқымызды жаңа биікке, тарих тыңына мензеді. Ол елімізде коммунизм орнатудың ғылыми негізделген тамаша Программасын жасап берді. Партия: совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады!—деп салтанатпен жариялап, халқымызды жаңа жеңістерге рухтандырды.

Коммунизм жолындағы күрес, мұрат пен мақсат бірлігі совет адамдарын құрыштай берік коллективке қауымдастырады, оларды достық, ынтымақ, жолдастық, өзара көмек рухына баулиды. Қауымшыл, көпшіл болу, коллектившіл болу—ой-өрісі кең, биік саналы жаңа адамның айрықша бір белгісі.

Жеке меншікшіл мінез-құлықтың басына су құйып, өндіріс құралдарына қоғамдық меншік орнатқан біздің социалистік қоғамдық және мемлекеттік құрылысымыз таптық қайшылықты, адамды адамның қанауын жойды, нәсілдік, ұлттық өшпенділік атаулыны келмеске жіберді, сөйтіп адамдар арасында мүлде жаңа қарым-қатынас туғызды. Совет адамдары өндірісте де, оқуда да, тұрмыста да бір-бірін демеп, достық көмек көрсетеді, бір-бірінің жетістігіне қуанады, кемістігін, олқылығын бірлесе отырып жөндейді.

Совет адамының ұйымшылдығы, коллектившілдігі—советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігінің, еліміз халықтары ұлы достығының, социалистік қоғам мүшелерінің мақсат-мүдде бірлігінің жемісі.

Ежелден жеке адам мен қоғам мүддесі кереғар келіп, өзара отаса алмай-ақ қойды. Өйткені, қоғам өз мүшесіне тасбауыр өгей шеше болды, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтай алмады, қамқор бола алмады. Ал, бізде әрбір адамның мүддесі қоғам, коллектив мүддесімен үндесіп, ұштасып жатады, өйткені қоғам совет адамының арқа сүйер тірегі, ал коллектив болса, өмір сүрер, еңбек етер өрісі, әрқашан да қолтығынан демейтін, қол ұшын беретін достар ұясы.

Совет адамы өмірінің қуанышы, бақыты оның өз коллективімен тығыз байланысында. Бізде қоғамнан, коллективтен тыс жан болмайды. Алдында тұрған мұрат-мақсаты, нысанасы бір, тең праволы адамдар коллектив болып еңбек еткенде өздерінің асыл қасиетін, қабілет-талантын танытады, дамытады, коммунистік қоғам орнату жолындағы жасампаз еңбектің, ерліктің шуақты қуанышынан бірлесе ләззат алады. Өз қабілетін жанжақты жетілдіретін мүмкіндікті әрбір адам тек коллективтен ғана табады, демек жеке бастың еркіндігі де коллективте болады деген еді Маркс пен Энгельс. Мұны біздің еліміздің және басқа да социалистік елдердің мысалынан айқын көруге болады.

Еңбекте, өмірде творчестволық ынтымақ жасап, өзара жәрдемдесіп отыру, артта қалғанды алдыңғылар қатарына теңеу миллиондаған совет халқының адамгершілік қалпына, заңына айналып отыр. Халқымыз тамаша совет әйелі Валентина Гаганованың есімін жақсы біледі. Ол Вышний-Волочек мақта иіру комбинатындағы ең озат бригаданы басқаратын. Табысы да мол еді. Бірақ цехта артта қалған бригадалар да бар еді. Еңбектес серіктеріне көмектесу мақсатымен В. Гаганова комбинат басшыларынан жұмысы нашар бригадалардың бірін сұрап алды. Ол бұдан, уақытша болса да табысының кемітінін білді. Бірақ Гаганова бұған қарамады. Көп ұзамай талантты тоқымашы артта қалған бригаданы алға шығарды, бригада жоспарды асыра орындайтын болды. Коммунизм адамының жаңа, сапалық қасиетін көрсететін бұл патриоттық қозғалыс біздің республикамызда да кеңінен өрістеді.

Туған коллективі—әрбір совет адамының ұшар қанаты, нәр алатын, өсетін ортасы. Көптің көмегі, достың қамқорлығы адамға күш-жігер береді, қандай қиыншылық болса да жеңуге жұмылдырады. Бір мысал келтірейік. Қызылорда облысының «Ақжар» совхозының механизаторы Қасымтай Ізтілеуов еңбек майданында жүргенде екі аяғынан айрылды. Бірақ жұмыстас жолдастарының көмегімен өзінің сүйген мамандығына қайта оралды, нағыз коммунистік еңбектің үлгісін көрсетті. Сол үшін партия мен үкімет оған Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ берді. Еңбек Еріне тұс-тұстан құттықтаулар жауып кетті. Сонда ол достарына былай жауап берді: мен азды-көпті еңбек етіп, осындай зор құрметке жетсем—ол ең әуелі туысқан партиям мен халқымның арқасы, сендердің арқаларың, достарым. Өзің жүздеген, мыңдаған достарыңмен бір сапқа тұрған кезінде күш-жігерің сарқылмайтын, ержүрек болып кетеді екенсің!

Еңбек Ерінің бұл сөзінен совет адамына тән қарапайымдылық, ынтымақ-достығы жарасқан қауымшылдық айқын сезіледі.

III

Буржуазиялық моральдың аюандық уағызы бізге жат, көңілімізге қонбайды. Бұл моральдың негізгі шарттарының бірі—«Адам адамға қас жауыз» дегенді уағыздайды. Бұл капиталистік дүние адамдарының мінез-құлқынан, іс-әрекетінен тасқа таңба басқандай көрінеді. Өзімшілдік, дарашылдық, бір-біріне күндестік, өштестік, отқа салса жібімес безбүйрек қаскөйлік, бақталас бәсеке—мұның бәрі буржуазия әлемінің танымал белгілері.

Осыдан бірер жыл бұрын Батыс баспа сөзінде жантүршігерлік хабар басылды. Ол бір ғажайып оқиға есебінде ұсынылды. Американың Лос-Анжелос қаласында радио институтының директоры А. Шомакер деген радиий сәулесі ауруына шалдығып қайтыс болады. Ол өлер алдында өз сағатын ең жақын досына, заң қызметкері О. Даниэл дегенге ескерткішке қалдырады. Көп ұзамай ол да жаңағы ауруға шалдығады. Бұл өмірінде радиий маңына жоламаған кісі, ендеше сәуле ауруын қайдан жұқтырды? Ғалымдар мен тергеу орындары бұл аурудың құпиясын зерттей бастады. Сөйтсе, институт директорын өлтірген де, заң қызметкерін ауыртқан да қол сағат болып шығады. Өзінің өсуіне кедергі болып жүрген басшысын тұңғыққа итеріп тастап, директорлық орынға отыру үшін институттың жетекші қызметкерлерінің бірі А. Шомакерге радиоактивті сағат сыйлайды...

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қулық-сұмдық, ұрлық-қарлық, өтірік-өсек, опасыздық—буржуазиялық моғамның айрылмас серігі. Қара басының қамы үшін, қалтасын қалыңдатып баю үшін капиталист қандай зұлымдықтан болса да тартынбайды, мақсатына жетсе болғаны. Буржуазия тек өзін ғана біледі, басқамен ісі жоқ. «Ескі қоғам,—деп жазды Ленин,—мынадай принципке негізделген еді: не сен біреуді тонайсың, не сені біреу тонайды, не сен біреуге жұмыс істейсің не біреу саған жұмыс істейді, не сен құл иемденушісің, не өзін құлсың. Әрине, мұндай қоғамда тәрбиеленген адамға мынадай психология, әдет, ұғым... ана сүтімен бірге сінеді... (Шығармалар, 31 том, 295-бет).

Ия, мұндай адамның ой-пікірі де, көзқарасы да күйкі. Оның қара басының қамы, жеке меншігі көзге біткен шордай оған басқа дүниені көрсетпейді. «Тоқымдай да болса, қарауымда жерім бар, басқада менің нем бар? Егер басқа адамдар ашықса қайтеміз? Онда желімнің оңынан тұрғаны, астығымды қымбатқа сатам» дейді ол.

Совет адамы буржуазиялық моральдың жексұрын принциптерін қабылдамайды. Ол капиталистік жағдай туғызған жиіркенішті салт-сананы аяусыз әшкерелейді. Оған қарсы рақымсыз күрес ашады. Ол

буржуазиялық дарашылдыққа коллектившілдікті, нағыз ұйымшылдықты қарсы қояды. В. И. Ленин былай деді: «Біз: «әркім өзі үшін, ал бір құдай көп үшін» дейтін қарғыс атқан ережені жою үшін, еңбекті тек өтемелі міндет деп және белгілі норма бойынша ақы төленетін еңбекті ғана жолды нәрсе деп есептейтін әдетті жою үшін жұмыс істейміз. Біз «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген ережені бұқараның санасына, әдетіне, күнделікті өміріне енгізу үшін, коммунистік тәртіп пен коммунистік еңбекті біртіндеп, бірақ бұлжытпай енгізу үшін істейміз» (Шығармалар, 31 том, 116-бет).

IV

Коллектившілдік бір идеядан нәр алған, ниеттес жандардың биік мақсатқа жету жолындағы бірлестігі, жолдастығы, ынтымағы дейміз. Ендеше алға қойылған мақсат неғұрлым салмақты да қомақты, игілікті де ізгі болса—коллектив те соғұрлым берік, құрыштай ұстасқан жауынгер бір отряд болады. Мәселен, Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халқы неміс басқыншыларды аяусыз талқандады, отанды жаудан азат етуді мақсат етті. Осы ұлы мақсат совет адамдарын Коммунистік партияның төңірегіне берік топтастырды, совет жауынгерлерінің арасында «Өзің өлсең де, жолдасыңды құтқар!» деген қасиетті дәстүрді енгізді. Көптің игілігі үшін ажал бүркіп тұрған пулемет аузын өз денесімен жапқан А. Матросов пен С. Баймағамбетовтың ерлігін кім ұмытар! Жолдастарының амандығы үшін жанып бара жатқан самолётімен соғып, жау колонналарын қиратқан Н. Гастелло мен Н. Әбдіровтың ерлігі ұрпақ есінен кетер ме! Немесе: «Россия кең байтақ. Бірақ шегінетін жер жоқ. Артымызда Москва!» деген комиссар Клочковтың, оның жиырма сегіз жауынгер досының өлмес, өшпес коллективтік ерлігіне бас иеген жан бар ма!

Коммунистік құрылыстың, социалистік қоғамымыздың әр кезеңінде совет адамы ұйымшылдықтың, коллектившілдіктің үлгілерін көрсетіп отырды. Туысқан партиямыз халықты тың игеру сияқты тарихи істерге шақырғанда бірлік пен ынтымақтың тұрмысымызға, қанымызға қаншалық күшті сіңгенінің куәсі болдық.

Бұл күндері еліміздің даңқын космостан асырған, коммунизм дәуірінің жұлдызды сұңқарлары Юрий Гагарин мен Герман Титовтың, Андриян Николаев пен Павел Поповичтің теңдесі жоқ ерліктерінің өзі—совет жұмысшыларының, инженер-техниктерінің, ғалымдардың коллективтік ойының жеңісі! Әлем кеңістігін игеріп, табиғат сырын ашу, оны бейбіт мақсатқа, халық игілігіне жарату үлкен де ізгі мақсат. Мұндай зор мақсатты жүзеге асыру үшін де сана-сезімі биік, білімді, көп ісіне берілген адал жандар керек. Қосмонавтар коллективі тап осындай ұйымшыл жандар. А. Николаев пен П. Попович космостың шетсіз-шексіз тұңғығында ұшып жүргенде жолдастарының ықылас-ынтымағы оларға күш берді. «Соншалық таныс дауыстар қосмонавтардың тату-тәтті семьясын есімізге түсірді,—деп жазады олар.— Бұл семьяда толып жатқан жана, коммунистік салт бар. Олардың ойы бір. Бізді қызғылықты жұмыс қана емес, ортақ мүдделер де біріктіреді. Егер біздің біреуіміз күнделікті көкейтесті мәселеге арналған пьесаны яки фильмді мақтаса болғаны, біз коллектив болып соны көреміз, сосын оны талқыға салып, айтысамыз, ақыры дұрыс бір пікірге келеміз. Кешкұрым біз бір-бірімізге еркін кіреміз, кітап алып-берісеміз, шаруаға қолқабыс етеміз. Біздің семьяларымыз да тату тұрады. Қосмонавтар арасында көңілге ұялап маза бермей жүрген бір елеулі жайларды, жақсы болсын, жаман болсын бір-біріне жасырмай айту әдетке айналған.

Кейде, қайсы бір жолдастарымыздың оғаш бір іс-әрекеті байқалып қалады. Біз оның дәрежесіне, сіңірген еңбегіне, тәжірибесіне қарамастан, кінәсін ашықтан ашық айтып саламыз. Нағыз коммунистер-

ше сөйлесіп, оның оғаш қылығын бетіне басамыз, сөйтіп, өзімен бірлесіп отырып, дұрыс қорытынды жасаймыз. Жолдастың ескертуі — қандай жан жарасына болса да бірден-бір дауа».

Міне коммунистік дәуіріміздің бейнесіндей болып жүрген космос қаһармандары нақ осындай адал жанды адамдар. Күллі әлемді тебірткен тарихи ерлік жасатқан да олардың осындай асыл қасиеттері еді.

V

Совет адамдары коллектившілдігінің, қауымшылдығының идеялық ірге тасы, өзегі — коммунизмді орнату жолындағы жалпы халықтық ынта-жігер мен қажырлы күрес. КПСС XXII съезінің тарихи шешімдерін орындау мақсатында заводтар мен фабрикаларда, құрылыс алаңдары мен шахталарда, колхоздар мен совхоздарда жүзеге асырылып жатқан ерлік еңбек барысында адамдардың бір-біріне деген сый-құрметі, сенім-нанымы, жолдастық қарым-қатынасы, қолқабысы арта түседі. Ортақ мақсат негізінде қалыптасқан ұйымшыл коллективтегі жай-күй де жан сүйсінерліктей жайлы болады. Мұнда әрбір адам коллектив күшіне, өз күшіне шексіз сенеді.

Совет адамдарының өзара достығы, жолдастық қарым-қатынасы ең әуелі коллектив мүддесіне, қоғамдық мүддеге табан тіреді. Совет адамы жеке басының қамынан гөрі қоғамдық, мемлекеттік мүддені жоғары санайды. Міне мұның бәрі біздің адамдарымызды ерлікке, бірлікке баулиды, өзінің қате-кемшілігін көптің ықпалымен тез түзеуге, сөйтіп, алдына қойған мақсатына жетуге итермелейді. Мұнда жолдастық сын мен өзара сын айрықша роль атқарады. Коллективпен бір болу, қызмет ету деген сөз — көптің сынына құлақ асу деген сөз, жолдасыңның қате-кемшілігіне төзбей, бетіне айт, оның жөнделуіне көмектес деген сөз. Жанашыр сын, достық ескерту әрқашан бейкамдықтан, мен-мендіктен, бой-күйездіктен, самарқаулықтан сақтайтын, қате жасаудан сақтандыратын бірден-бір шара.

Коммунизмнің сәулетті сарайын салып жатқан миллиондаған совет адамдары «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!» деген ұлы принципті өмір арқауына айналдырып келеді. Бұл тамаша принцип, әсіресе коммунистік еңбек коллективтерінде айқын көзге түсуде. Мәселен, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатын мысалға алайық. Биыл комбинатқа коммунистік еңбек кәсіпорны деген құрметті атақ берілді. Өйткені, комбинат коллективі, Владимир Ильич айтқандай, істі коммунистік тұрғыдан жүргізуге деген қабілетін көрсетті. Комбинатта өндіріс жұмыстарының 90 проценті механикаландырылған, әрбір төртінші жұмысшы рационализатор, жаңашыл; ал жұрттың білімге жаппай ден қойғаны сонша, он адамның тоғызы оқиды. Мұнда комбинат директоры бастаған қырық адам кандидаттық диссертация қорғауға әзірленуде. Комбинат жанында қоғамдық негізде жұмысшыларға инженерлік білім беретін үш мектеп жұмыс істейді. Кәсіпорынның бірқатар цехында әкімшілік жолымен жазалау, жұмыстан шығару тоқтағалы қашан. Қазір мұнда әрбір адамның еңбегіне, қоғамдық өміріне және тұрмысына коллектив айрықша ықпал жасайды. Мұның бәрі комбинат өмірінде жаңа, коммунистік қатынастар нышанының өрістей бастағанын аңғартады.

Біздің өмірімізде коммунизм нышаны, жаңалық күннен күнге өркен жайып келеді. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, «Партия совет адамдарының коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүруді үйренуге ұмтылған талабын қостап келді және қостай береді. Коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділерінің қозғалысына біз елеулі мән береміз. Келешекте өмірдің социалистік жарыстан басқа, бұдан да гөрі жетілген түрлерін туғызатынына күмән жоқ».

Коммунизм еңбекпен келеді. Миллиондардың саналы еңбегі ғана бізді коммунистік қоғамға жеткізеді. Бұдан қырық үш жыл бұрын Москва-Сұрыптау станциясының адамдары алғашқы коммунистік сенбілікке шыққан кезде ұлы Ленин: пролетарлық мемлекет өкіметінің жолдауы арқасында коммунизм өркендері жайқала өсіп, нағыз коммунизмге көшеді деп жазған еді. Кеменгер көсемнің айтқаны келді. Миллиондаған совет адамдары еңбек өнімділігін арттыра отырып, өзіне де, жолдастарына да жоғары талап қояды, халық игілігін—қоғамдық меншікті көзінің карашығындай сақтап, саналы түрде еңбек етеді. Олар өз коллективін ғана емес, көршілердің де қамын ойлайды. Социалистік Еңбек Ері Надежда Григорьевна Загладаның тамаша бастамасы мұның айқын дәлелі. Бүкіл өмірін Отанын көркейтуге жұмсаған 69 жастағы қарт дихан ауыл-селода әлі де болса жұмысқа жаны ауырмайтын, өз міндетіне салдыр-салақ қарап, қоғам мүлкін сақтамайтын адамдар бар екенін қынжыла, қинала әңгімелейді. «Екіншінің абыройын ардақ тұтайық!» деп жазды ол. Қарт диханның жүрек түбінен шыққан ұлығатты сөзіне миллиондаған еңбекшілер үн қосты. Мәселен, Ленин атындағы Киров заводының фрезеровшигі И. Д. Леоновтың Н. Г. Загладаға жазған хатында көпті тебіrentкен асыл ойлар көп. «Совет жұмысшысының ардақты аты—станокте бірге істейтін серігіңнің жұмысты өзіннен кем істеуіне жол бермеу. Сен, жұмысшы—қайда болсаң да заводтың қожасысың. Сен «ұлы мәртебелі» жұмысшы табысың!» Ендеше, неше бүгін қолайсыз болып кетсе де, шындықты бетке айтпайтын не бар?!»

Коммунизмнің жарқын дүниесіне еркін қадам басқан біздің өміріміздің өзегінің өзі — бірлікте, ұйымшылдықта, тұтас коллектив болуымызда. «Менікі» деген ұғым ең жоғары принцип болып табылатын, ал біреулердің байлығы өзгелердің күйзелу есебінен құралатын, өзімшілдіктің, құлқынқұмарлықтың, баюдың аздырғыш психологиясы дәріптелетін буржуазиялық қоғамның моралін коммунистер қабылдамайды. Коммунистер жеке меншік дүниесіне — қоғамдық меншікті, буржуазияшыл дарашылдыққа—жолдастық және коллективтік принципті қарсы қояды.

Ә. ЖҰМАБАЕВ.

Партия тұрмысы

Идеялық тәрбиенің маңызды саласы

Б. СОППЕКОВ,

Қызылорда облыстық партия комитетінің секретары

Коммунистік партия бастаған совет халқы коммунизмнің асқаршынына қарай өрлеп барады. Бұл жолдағы әрбір қадамымыз жемісті де, жеңісті де: кешегіден—бүгінгіміз, бүгінгіден—ертеңіміз биік, асқақ. КПСС XXII съезінің шешімдері, заманымыздың коммунистік манифесі деп орынды аталған партиямыздың жаңа Программасы жарық жұлдыздай алға басар жолымызды нұрландырып тұр. Мақсатымыз айқын, жолымыз сара.

Бірақ жеңіс пен табыс өздігінен келмейді. Адамзат тарихында тыңнан жол салып, коммунистік қоғам орнату тіпті де оңай емес. Мұның өзі жұмған жұдырықтай бірлікті, асқан ұйымшылдықты, ең бастысы жасампаз еңбекті талап етеді.

Еңбек — өмір өзегі, өсіп-өрлеуіміздің кепілі. «Қоғам игілігіне еңбек ету,—делінген партия Программасында,—әрбір адамның қасиетті міндеті. Қоғамның пайдасына істелетін қандай да болсын еңбек—дене еңбегі де, сондай-ақ ой еңбегі де құрметті және қадірлі».

Коммунистік құрылыстың алуан саласында істейтін кадрларды, бүкіл еңбекшілерді маркстік-лениндік теориямен қаруландырған жағдайда ғана саналы, жасампаз еңбек кең құлаш жаймақ. Осындай революцияшыл, жеңімпаз теорияны әрбір еңбеккердің санасына саяси оқу жүйесінің жұмысын дұрыс жолға қою арқылы ғана сіңіруге болады. Коммунистер мен комсомолецтерге, барша жұртшылыққа саяси білім беру—идеологиялық жұмыстың аса маңызды саласы.

Партиямыздың XXII съезі бұл салада партия ұйымдарының алдында тұрған міндеттерді айқындап берді. Қызылорда облысының партия ұйымдары да саяси оқу жүйесін ұйымдастыруда съезд шешімдерін, жаңа Программаны басшылыққа алуда. Өткен оқу жылында саяси оқудың барлық жүйесіндегі үйірмелер мен семинарларда КПСС Программасы мен XXII съезд шешімдерін оқып үйрену негізгі міндет етіп қойылды. Биыл да XXII съезд бен Программада қойылған теориялық проблемаларды онан әрі тереңдетіп оқып үйрену мақсаты қойылып отыр.

Партияның XXII съезі шешімдері мен Программаны оқып үйрену барысында партиялық насихаттың өрісі кеңейе, ықпалдылығы мен әсерлілігі арта түсті. Қазір облыста саяси оқу жүйесіне 30 мыңнан аса адам тартылған. Оның ішінде партияда жоқ еңбекшілердің саны 1960—1961 оқу жылына қарағанда 3,5 есе көбейді.

Маркстік-лениндік теорияның құрамды бөлігінің бірі—экономикалық білім. Ал, экономикалық білімді үйрену кәзіргі кезеңде алдыңғы шепке қойылып отыр. Осыған орай облыс партия ұйымдары кадрлардың экономикалық оқуын ұйымдастыруға баса назар аудара бастады. Облыс бойынша оқу жүйесіндегі тыңдаушылардың үштен бірі саяси

экономияны және кәсіпорындардың, құрылыстың, транспорттың, ауыл шаруашылығының, сауданың экономикасын үйренуде. Бастауыш экономикалық мектептер мен үйірмелер еңбекшілердің экономикалық білімге деген ынта-ықыласын өзіне аударды. Партия ұйымдарында экономикалық мектептер мен үйірмелерде 10 мыңнан астам жұмысшы мен колхозшы оқиды.

Партия ұйымдары ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін озат тәжірибемен таныстыру, олардың саяси-экономикалық білімдерін көтеру ісіне баса назар аударуда. Бізде 33 озат тәжірибе мектебі жұмыс істейді, онда 700-ден аса малшы, егінші оқып жүр. Оның ішінде атақты күрішшілер Социалистік Еңбек Ерлері Ыбырай Жақаевтың, Пак Чен Ирдің, жүгеріші Сартай Махамбетованың, шопандар Нартай Көкиев пен Өткелбай Талқанбаевтың, озат сауыншылар Р. Ысқақова мен Қ. Пірішеваның және басқалардың тәжірибесін оқып үйренетін мектептер ойдағыдай жұмыс істейді. Осының нәтижесінде тамаша еңбек өрендерінің жолын қуушылар қатары барған сайын өсіп келеді.

Партия ұйымдары күнделікті басшылық жасап отырған жағдайда ғана экономикалық семинарлар мен үйірмелерде сабақ ойдағыдай өтетіні белгілі. Бізде күнделікті сабаққа зор саяси мән беріп, оны аса тиянақты өткізіп отыратын партия ұйымдары мен жеке насихатшылар аз емес. Мысалға Арал кеме жөндеу заводының жанындағы инженер В. А. Нефедов жолдас басқаратын бастауыш экономикалық мектептің жұмысын алуға болады. Насихатшы мен мектеп тыңдаушылары партияның жаңа Программасын оқи отырып, еңбек өнімділігін шұғыл арттырудың және өндірілетін өнімнің түсер құнын кемітудің мүмкіндіктері мен резервтерін ашып, іске қосуға жаппай жұмылды.

Саяси оқудың өмірмен тығыз байланысты жүргізілуі заводтың өндірістік жұмысына әсерін тигізді. 1961 жылы кеме жөндеушілер өздерінің социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап, жоспардан тыс 133,8 мың сомның өнімін берді, өнімнің түсер құнын 2,8 процент кемітті. Кеме жөндеу заводының коллективі 1962 жылдың 8 айлық жоспарын 107 процент етіп орындап, өнімнің түсер құнын 7,3 процент кемітті, еңбек өнімділігін біраз арттырды.

Қармақшы ауданының «III-Интернационал» ауылшаруашылық артельі партия ұйымындағы экономикалық мектептер мен үйірмелер де жақсы жұмыс істейді. Бұларда 145 колхозшы оқиды. Қолхозда экономикалық оқудың ұйымдастырылуы артельдің өндірістік көрсеткіштерін жақсартуға ықпал жасады. Өткен жылы колхоз 690 гектар егіннің әр гектарынан 28,5 центнерден күріш алса, Социалистік Еңбек Ері Пак Чен Ир жолдастың звеносы әр гектардан 68,4 центнерден өнім алды. Биыл бұл артель 1050 гектар күріштің гектарынан 30 центнерден өнім алып, мемлекетке 18 мың центнер күріш сатуға міндеттеніп отыр. Ал Пак Чен Ир жолдас басқаратын звено 40 гектар күріштің әр гектарынан 70 центнерден өнім жинау үшін күресуде.

Партия комитеттері мен партия ұйымдарында экономикалық білімді насихаттаудың жаңа түрі—экономикалық конференциялар өткізу кең құлаш жаюда. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республикада экономикалық конференциялар өткізу туралы қаулысымен байланысты аудандық, қалалық партия комитеттері кәсіпорындар мен сауда мекемелерінің, колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары 150-ден аса экономикалық конференция өткізді, оған 4 мыңдай адам қатысты.

Үстіміздегі жылдың май—июль айларында Қызылорда қаласының барлық кәсіпорындарында экономикалық конференциялар болып өтті. Август айында өткен қалалық конференцияда кәсіпорындарда өткізілген конференциялардың жұмысына қорытынды жасалды, оларда белгіленген шараларды іске асырудың алғашқы нәтижелері атап көрсетіл-

ді, сонымен бірге қаланың экономикасын өркендете берудің және өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың жолдары белгіленді.

Қаланың өнеркәсіп, транспорт, құрылыс орындары экономикалық конференцияда айтылған ұсыныстар мен сын ескертпелерді жүзеге асыра отырып, соңғы уақытта өнім шығару, оның сапасын жақсартып, түсер құнын кеміту жөнінде елеулі табыстарға жетті. Мысалы, қаланың кәсіпорындары август айының өндірістік жоспарын 112 процент, транспорт ұйымдары—109 процент, құрылыс орындары—101 процент орындады.

Саяси оқудың аса бір өтімді түрі оқушылардың теориялық конференциясын ұйымдастыру екенін тәжірибе көрсетті. Сондықтан да аудандық және қалалық партия комитеттері маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып-үйренушілердің теориялық конференцияларын өткізуге де баса көңіл бөлді. Мысалы, Шиелі ауданында коммунистік тәрбие негізін оқып үйренетін теориялық семинарлар тыңдаушыларының «Жаңа адамды тәрбиелеу—коммунистік құрылыстың практикалық міндеті» деген тақырыпта, ал Қызылорда қаласында КПСС тарихы, марксизм-ленинизм негіздерін оқып үйренетін семинар тыңдаушыларының «Партия—коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістетуді дәуірінде» деген тақырыпта ұйымдастырған теориялық конференциялары аса мазмұнды болып өтті.

Партиялық насихаттың, оның ішінде саяси оқудың табысты ұйымдастырылуы кадрларға, насихатшыларға, олардың шеберлігі мен талабына байланысты. Сондықтан да партия насихатшы кадрларды іріктеп алуға, олардың білімін көтеріп, шеберлігін арттыра беруге ерекше қамқорлық жасап келеді.

Партия ұйымдары насихатшыларды іріктеп алуға ерекше көңіл бөледі. Біздегі 1696 насихатшының барлығының дерлік жоғары білімі бар, олардың 491-і партия, совет қызметкері, 279-ы инженер-техниктер, 222-сі ауыл шаруашылығының маманы. Бұлардың ішінде өзінің ардақты міндетін шебер атқарып, тыңдаушылардың сый-құрметіне бөленген насихатшылар аз емес. Солардың қатарында Шиелі ауданынан Е. Есенгелдиев, Қазалы ауданынан А. Коротченко, Кармақшы ауданынан С. Залиев, Қызылорда қаласынан Ф. Шуминский жолдастарды атап көрсетуге болады. Көп жылдар бойы марксизм-ленинизм теориясын насихаттаудағы жемісті жұмыстары үшін бұл жолдастар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Саяси оқу жүйесін ұйымдастырудағы кейбір істелген істерімізді айта отырып, біз партиялық жұмысымыздың бұл саласында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар екенін жасырмаймыз. КПСС Орталық Комитетінің Куйбышев және Минск облыстық партия комитеттерінің идеологиялық жұмысқа басшылықтары туралы қаулыларында көрсетілген кемшіліктер біздің облыстың көптеген партия ұйымдарында да кездеседі.

Бірқатар партия ұйымдарында саяси оқу түрін тандап алудағы еріктілік принципі сақталмайды, өздерінің тілегі мен жалпы білім дәрежесін ескерместен коммунистерді, тіпті партияда жоқтарды үйірмелерге, саяси мектептер мен теориялық семинарларға беталды енгізу фактілері әлі жойылмай келеді. Міне, осы сияқты жалпы білім дәрежесі төмен адамдарды өздігінен оқуға мәжбүр ету немесе өздігінен оқуға шамасы келетін білімді адамдарды үйірмелерге тарту фактілері де кездесті.

Қайсыбір партия ұйымдарында саяси оқудың шеңберін кеңейту мақсатымен үйірмелерге кісілерді көбірек тартып, ал сабақтың идеялық мазмұнына көңіл бөлінбейді.

Кейбір жерлерде ағымдағы саясатты оқитын үйірмелер мен семинарлардың, саяси мектептердің сабағы әлі де болса күнделікті өмір-

ден, коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен тығыз байланыстырылмайды. Ал бірқатар партия ұйымдары маркстік философия мәселелерін оқуға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мысалы, Қазалы, Сырдария аудандарында өткен жылы маркстік-лениндік философияны оқытын бірде-бір үйірме немесе теориялық семинар ұйымдастырылмады.

Сол сияқты насихатшы кадрларды іріктеуде, тәрбиелеу және орналастыру жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Жуырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихатшы және үгітші кадрларды іріктеп, тәрбиелеу жөнінде Қызылорда облыстық партия комитетінің жұмысын қарады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті біздің облыста насихатшы кадрларды тәрбиелеуде республикада жинақталған тәжірибенің нашар пайдаланылатынын, насихатшылық шеберлік мектебі, университеттер сияқты өзін ақтаған жұмыс түрлеріне жете мән берілмейтінін атап көрсетті. Біздің облыста насихатшылардың білімін көтеру тұрақты жұмыс істейтін семинарлар арқылы ғана жүргізіліп келеді. Кейде олардың сабағы да мезгілінде өткізіліп тұрмайды.

Біз биылғы жаңа оқу жылына әзірлік жасай отырып, өткен оқу жылындағы кемшіліктерді болдырмауға баса көңіл бөлдік. Облыстық, аудандық және қалалық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде, сол сияқты бастауыш партия ұйымдары мен үйірме, семинар тыңдаушыларының жиналыстарында өткен оқу жылының қорытындысы талқыланып, жаңа оқу жылына дайындық туралы алдын ала шаралар белгіленді. Бастауыш партия ұйымдары насихатшылардың, аудандық партия комитеттері қызметкерлерінің көмегі арқылы коммунистермен және басқа еңбекшілермен жеке-жеке әңгіме өткізу арқылы әркімнің еркіне, жалпы және саяси білім дәрежесіне, қызметі мен мамандығына қарай олардың саяси оқу түрін қалап-таңдап алуына көмектесті.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде биылғы оқу жылында саяси оқудың барлық түрлеріне былтырғыдан 10 мыңға жуық адам артық тартылып отыр. Ал партия оқуы жүйесінде оқудың түрі алуан салалы екені мәлім. Сонымен бірге үстіміздегі оқу жылында үйірмелер мен семинарларда марксизм-ленинизм теориясын жаңа программалар мен оқулықтар негізінде оқып-үйренумен бірге партияның XXII съезі қойған теориялық проблемаларды неғұрлым терең оқып үйренуге көңіл бөлінуде. Осыған орай экономикалық білімдерді насихаттауға көңіл аударылуда. Аудандық және қалалық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары өткен жылдың кемшіліктерінен қорытынды жасай отырып, коммунистер мен партияда жоқтарға партия тарихын, маркстік философияны оқытуды жақсартта түсті.

Колхоз председателдерінің, совхоз директорларының, бөлімше басқармаларының, бригадирлердің, ферма менгерушілерінің, колхоз және совхоз партия ұйымдары секретарьларының тұрақты экономикалық оқуын ұйымдастыру мақсатымен аудандық партия комитеттері жанынан экономикалық семинар ұйымдастырылды. Бұл семинарлардың оқу жоспарына колхоз-совхоз өндірісін ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы экономикасының мәселелерімен бірге коммунистік құрылыстың ең маңызды проблемалары, КПСС теориясы мен саясатының мәселелері енгізілді.

Қалалық, аудандық және облыстық партия комитеттері жанынан партия, совет, кәсіподақ және комсомол қызметкерлерінің тұрақты жұмыс істейтін теориялық семинарлары жұмысына да баса назар аударылуда. Бұл теориялық семинарлардың сабақтарында маркстік-лениндік теорияның ең маңызды проблемалары, партиялық және мемлекеттік құрылыстың, халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастырудың, басшылықтың стилі мен әдістерін жетілдірудің, идеологиялық жұмыс

пен ұйымдастыру жұмысын шебер ұштастырудың көкейтесті мәселелері талқыланып отырылмақ.

Саяси оқудың идеялық дәрежесі насихатшылардың жұмысына байланысты. Сондықтан да облыстық, аудандық және қалалық партия комитеттері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімінен тиісті қорытынды шығарып, насихатшыларды іріктеу, даярлау және қайта даярлау бағытында бірсыпыра жұмыстар істеді. Марксизм-ленинизм кешкі университеті мен насихатшылар даярлайтын курстарды биыл 400-ден аса адам бітіріп, олар насихатшылық жұмысқа кірісті. Сонымен қатар жана оқу жылында кешкі университет пен насихатшылар курсына тыңдаушылар едәуір көп тартылып отыр.

Аудандық партия комитеттерінің саяси-ағарту кабинеттері мен қоғамдық негізде жұмыс істейтін 30-дан аса саяси-ағарту кабинеттері, облыстық партия комитетінің саяси-ағарту үйі және олардың жанынан ұйымдасқан 150-ден аса мүшесі бар методикалық советтер өзінің жұмысын жандандыра түсті. Насихатшыларға методикалық және теориялық жағынан көмек көрсетумен бірге тікелей өндірісте, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда олардың практикалық сабақтары өткізілуде.

Партиялық насихаттың күші ең алдымен оның нақтылығында, өмірмен тығыз байланыстылығында, неғұрлым әсерлі болуында. Осы тұрғыдан алғанда украиндық колхозшы Н. Г. Загладаның «Екіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар» деген мақаласы тамаша бастама болып саналады. Бұл бастаманы ауыл-село еңбеккерлері арасында кеңінен талқылап, дәйекті шаралар белгілеуді көздеп, облыстық партия комитеті арнаулы қаулы қабылдады.

Кәзір қалалар мен аудандарда, колхоздар мен совхоздарда насихатшылар, үгітшілер, лекторлар еңбекшілер арасында әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасауда. Онда адал еңбек етушілер дәріптеліп, қоғамдық істен бойын аулақ салуға тырысатын арамтамақтар, пайдакүнемдер, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге бой ұрушылар қатаң сынға алынуда.

«Біз,—дейді Н. С. Хрущев жолдас,—коммунизмнің идеялары ең қалың халық бұқарасын билеп, ұлы материалдық күшке айналған тамаша уақытта өмір сүріп отырмыз. Бұл идеялар аса құдіретті, өйткені олар мейлінше дұрыс, тарихтың тәжірибесімен тексерілген идеялар. Бұл идеялар адамға жана дүниенің көк жиегін ашып беруде». Міне, бүкіл идеологиялық жұмыстың өзегі, барлық пәрмені осы идеялардың ұлылығын ашуға, оны дүйім көпшіліктің қалың ортасына жеткізуге, сан мың еңбекшілерді осы кемеңгер идеялар рухында тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Облыс партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың шеңберін кеңейтуге, оған қалың бұқараны неғұрлым көп тартуға, сонымен бірге партиялық насихаттың идеялық дәрежесін мейлінше көтеріп, ықпалды болуына ерекше назар аударып отыр. Партия комитеттері мен партия ұйымдары еңбекшілерге саяси, экономикалық білім берудің барлық саласында да жұмысты жақсартып отырып, бұқараны КПСС XXII съезінің шешімдері мен партия Программасын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдырады, олардың саяси-өндірістік белсенділігін арттыра береді.

Колхоз-совхоз өндірісін ұйымдастырушылар

Н. ОРЫНБАСАРОВ,

*Ақтөбе облыстық партия комитетінің Мартөк өндірістік
басқармасындағы партия ұйымдастырушысы*

Жаңадан құрылған өндірістік басқармалар алдында ауыл шаруашылығына басшылықты түбірінен жақсарту, кездескен кемшіліктерді жедел, нақты шешіп отыру, сөйтіп ауыл шаруашылығы өнімдерін молайту міндеті қойылды. Мұны халық мүддесі талап етті. Бұл шешім өте орынды да болды. Қазіргі кезде өндірістік басқармалардың шаруашылықтарда кездесетін қиыншылықтарды қолма-қол жеңіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп өндіруге белсене ат салысып отырғаны белгілі.

Біздің өз тәжірибеміз көрсеткеніндей, астық өндіруді арттыруда және астық дайындау жоспарын ойдағыдай орындауда, ауыл шаруашылығы өндірісіне басшылықты жақсарту, партия ұйымдарының ұйымдастырушылық және бұқаралық-саяси жұмыстарының дәрежесін көтеру үлкен роль атқарып шықты.

Өндірістік басқармаға ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартуда елеулі қолқабыс ететін аппараттың бірі—облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылар тобы. Олар ауыл-село еңбеккерлері арасындағы партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмысты жетілдіре түсуге, сөйтіп олардың ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтуға ынта-жігерін арттыруға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумында жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас жаңа органдар басшылықты бұйрық-жарлық күйінде емес, қайта әрбір шаруашылықта болып, ұйымдастыру шараларын қолма-қол жүзеге асыру арқылы жүргізуі керек деп атап көрсетті. Бұл ақыл-кеңесті біз өз жұмысымыздың арқауы еттік.

Жаңа басқармалардың құрылуы көктемгі егіспен қатар келгені аян. Міне, осыған орай біз астықтан биылдың өзінде-ақ мол өнім алу үшін нақты іске кірістік. Алда тұрған басты міндет—көктемгі егісті сапалы өткізу деп білдік. Бұл үшін біз аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, бастауыш партия ұйымдарында ашық партия жиналыстарын өткіздік, онда өндірістің негізгі буындарына коммунистер мен комсомолецтерді орналастыру мәселесін шештік. Әрбір коммунистің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру үшін оның жұмысын әрдайым бақылап отырдық.

Басқармаға қарасты шаруашылықтардағы егістік жердің құрылымын қайта қарадық. Көпжылдық шөптерді, шығымдылығы аз дақылдарды және пар көлемін азайтудың есебінен бидайды, тарыны, жүгеріні, бұршақты дақылдарды көбейттік. Көктемгі егіс жылдағыға қарағанда қысқа мерзімде әрі жоғары агротехникалық ережеге сай өткізілді.

Біз алғашқы қадамды басқарма мамандары арқылы колхоз, совхоздарға тікелей көмек көрсетуден бастадық. Осы мақсатпен облыстық партия комитетінің нұсқаушысы А. Беляков жолдаспен бірге басқарманың агрономы Е. Дмитриева жолдас Мартөк ауданының «Победа» колхозына көмекке жіберілді. Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы жергілікті жердегі жұмыстың мән-жағдайымен егжей-тегжейлі та-

нысқаннан кейін колхоз бастауыш партия ұйымы жұмысы туралы мәселені аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне қойды.

Бастауыш партия ұйымының жұмысына көңіл аударудың нәтижесінде коммунистердің белсенділігі артып, партия ұйымының беделі өсті. Колхоздағы 71 коммунистің 23-і шопан, бақташы, сауыншы болып, 43-і тракторшы, комбайншы, шофер болып істесе, қалған төртеуі ғана өкімшілік-басқару жұмысында болды.

Коммунистерді өндірістің негізгі буындарына орналастыру өз нәтижесін берді де. Шаруашылықтың экономикасы көрер көзге көтеріле бастады. Коммунистер барлық жұмыста да, әсіресе астық жинау кезінде белсенділік көрсетіп, басқаларға үлгі-өнеге болды. Коммунистермен қатар партияда жоқ жолдастар да орақ кезінде астықты төкпей-шашпай, ысырапсыз жинап алу үшін аянбай ат салысты. Дала қосында егіс басында олар өнегелі ісімен де, жалынды сөзімен де өзгелерге үлгі болды. Мысалы, коммунист комбайншы И. Усенко жолдас өзінің «СК-4» комбайнымен аз уақыттың ішінде 750 гектар жердің егінін орып, 8668 центнер астық бастырды. Сөйтіп ол өзі жарысқа түскен Қобда ауданындағы «30 лет Казахстана» колхозының комбайншысы Э. Найбауэрден озып шықты. Сол сияқты колхоз комбайншылары А. Кравченко, Ш. Август жолдастардың әрқайсысы 600—700 гектар жердің егінін орып бастырды. Әсіресе, коммунист В. Крעותня жолдас басқарған бригада елеулі табысқа жетті. Көзін тауып жүргізілген ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде колхоз мемлекетке жоспардағы 37 мың центнердің орнына 61 267 центнер астық тапсырды. Мұның өзі үлкен жетістік еді.

Колхоздың мал шаруашылығы жөніндегі табысы да бұрынғы жылдармен салыстырғанда едәуір артты. Шаруашылық ірі қара мен шошқа өсіру жөніндегі жоспарды артығымен орындады. Мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі міндеттемесін артель Ұлы Октябрь социалистік революциясының мерекесіне дейін орындап шықпақ.

Сондай-ақ Дзержинский атындағы совхозға да елеулі көмек көрсетілді. Орақ кезінде мұнда облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Ж. Бөктеев жолдас пен облыстық комсомол комитетінің комсоргі И. Луценко жолдастар болып, астықты ысырапсыз жинауға қолма-қол жәрдемдесті. Совхоз партия ұйымының жаңадан сайланған секретары Балманов жолдасқа бастауыш партия ұйымының ішкі жұмысын жолға қоюға көмектесті. Совхоз дирекциясы, кәсіподақ, комсомол ұйымы болып бірлесіп, астық жинау сияқты алда тұрған айбынды міндетті абыроймен атқарып шығуға жұмылды. Соның арқасында бұл совхоз мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін бірінші болып орындады.

Осы совхоздың А. Есжанов жолдас басқаратын № 2 бөлімшесі (партия ұйымының секретары Ғ. Қарсақбаев, бөлімше агрономы Ж. Жансейітов) бітік егін өсіріп, мол астық жинап алды. Егін жинау кезінде бөлімше коммунистері алдыңғы сапта болды. Бөлімше бойынша социалистік жарыста озып шығып, жүлде алған коммунист комбайншы Д. Нұрғалиев жолдас маусымда 918 гектар жердің егінін орып 9 548 центнер астық бастырды. Ал комсомолец шофер А. Шәуменов 9 500 центнер астық тасыды.

Облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы Т. Әшірбаев жолдас Қобда ауданының «15 лет Казахстана» совхозына жіберілді. Мұнда бастауыш партия ұйымының бұрынғы секретары Д. Пономарев жолдасын ішкілікке салынып, жұмысты бетімен жіберу салдарынан жалпы тәртіп нашарлаған болатын.

Әшірбаев жолдас совхоздың жана сайланған секретары Қ. Кравченко жолдаспен бірлесе отырып, совхоздың барлық бөлімшелерінде механизаторлармен жиналыс өткізді. Өндірістің негізгі буындарына

коммунистер орналастырылды. Социалистік жарыс ұйымдастырылды. Оның қорытындысы жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерінде, көрсеткіш тақталарында жазылып тұрды.

Сондай-ақ бастауыш партия ұйымы озаттар тәжірибесін кең насихаттауды қолға алды. Совхоздың маңдайалды механизаторы Н. Забодскийдің егін отудағы озат әдісі арнаулы бюллетеньге жазылып, барлық бригадаларға таратылды. Бұл сияқты ұйымдастыру шараларының ықпалы тез-ақ байқалды. Совхоз 23 жұмыс күні ішінде астықты жинап алды. Мемлекетке 47 722 центнер астық тапсырды.

Егін орағы кезінде біздің барлық аудандарда механизаторлар арасындағы жұмыс жақсы жолға қойылды. Оларға егінді бөлектеп жинаудың, бұршақты дақылдарды жинаудың озат әдістері үйретілді. Осының нәтижесінде біздің механизаторлар егін ору сияқты үлкен міндетті абыроймен орындап шықты. Мартөк өндірістік басқармасы жоспарда белгіленген 11 300 мың пұт астықтың орнына, мемлекетке 16 миллион 445 мың пұт астық тапсырып, міндеттемені артығымен орындады.

Облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы мен оның нұсқаушылар тобы жана адамды тәрбиелеуді өзінің негізгі міндеті деп біледі. Біз жатып ішер жалқау, арамтамақ, тәртіп бұзушыларға қарсы қажырлы күрес аштық. Мысалы, Степной ауданындағы «Добровolec» колхозында 589 колхозшының 130-ы қоғамдық пайдалы еңбекке қатыспай, колхоз жерін, шөбін пайдаланып, мал ұстап, сонымен дүние тауып келген. Мұндай арамтамақтарға қарсы біз сын семсерін пайдаландық. Олар туралы ауданаралық газетке мақала жазылды, ол колхозшылардың жалпы жиналысында талқыланды. Кәзір олардың көпшілігі-ақ жеке меншікшілдік райдан қайтып, қоғамдық еңбекке араласып жүр.

Арамтамақ, жалқауларға қарсы күресте Украинаның атакты колхозшысы Н. Г. Загладаның «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген мақаласын талқылау күшті роль атқаруда. Осындай жиналысқа қатысқан әрбір адам өзінің арымен ақылдасып, адал еңбектің қадірін гереңірек сезіне түсуде.

Біз өз жұмысымызда кадрларды тәрбиелеу, іріктеу, орналастыру мәселесіне қатты көңіл бөліп отырамыз. Алдымен өндірістік басқарманың өз аппаратындағы кадрларды іріктеп алдық. Басқарма қызметкерлерінің бәрінің де өмір тәжірибесі мол, жоғары білімдері бар.

Өндірістік басқарманың В. Попова сияқты инспектор-ұйымдастырушысы кәзірдің өзінде үлкен құрметке, беделге ие болды. Ол шаруашылықтарда жиі-жиі болып, оларға қажетті көмекті қолма-қол көрсетеді. Колхозшылар осы бір кішіпейіл, өз ісіне тыңғылықты жанды өте жақсы көреді. Сондай-ақ біз өндірістік басқарма қызметкерлерінің құнды тәжірибесін көп кәдесіне жарату үшін оны әрдайым жария етіп отырамыз. Мысалы, өндірістік басқарма коммунистерінің жалпы жиналысында тәжірибелі де іскер инспектор-ұйымдастырушылар Я. Маргенс, Н. Белик, В. Попова жолдастардың озат жұмыс әдісін басқаларға үлгі етіп ұсындық.

Сол сияқты колхоз, совхоздарды маман кадрлармен нығайтуға да ерекше көңіл бөліп келеміз. Жұмысқа немқұрайды қарайтындарға қатал талап қойып, кей кездерде тиісті шара қолданып отырамыз. Мысалы, шаруашылық экономикасын ақсатқаны, жас механизаторларға қамқорлық жасамағаны, еңбек тәртібін бұзғаны үшін Чапаев атындағы колхоздың председателі И. Макаров, бастауыш партия ұйымының секретары Б. Юхно жолдастар партия ұйымдарында жанжақты талқыланғаннан кейін қызметтерінен босатылды. Бұл артельге басшы қызметке арнаулы ауылшаруашылық жоғары білімі бар мамандар Б. Мелешко мен С. Шипков жолдастар жіберілді. Бұл жолдастар кәзір колхоздың экономикасын көтеру, еңбек тәртібін нығайту, коммунистердің, бұ-

кіл колхозшылардың белсенділігін көтеру шараларын іске асыруды батыл қолға алды.

Біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда ғылым жетістігі мен озат тәжірибені насихаттауға ерекше көңіл бөліп келеміз. Мысалы, Қобда ауданының «Серп и молот» колхозының шопаны Б. Иманғалиев жолдас қой төлдетіп, қозы өсіруде жылма-жыл елеулі табысқа ие болып келеді. Биыл да ол 100 қойдан 128-ден қозы алды. Осы шопанның жұмыс тәжірибесін зерттеп насихаттау үшін ауданаралық газет редакторының орынбасары М. Кисловский жолдас әдейі командировкаға жіберілді. Шопан тәжірибесі газет бетінде жарияланды. Бұдан кейін Қобда аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралды. Июль айында «Серп и Молот» колхозында 150 шопан қатысқан аудандық семинар өткізілді. Онда сөз сөйлеген Б. Иманғалиев өз тәжірибесін ортаға салды.

Ауданаралық газет озат тәжірибені насихаттауға мейлінше бет бұрып отыр. Газет орақ кезінде, астықты төкпей-шашпай жинап алуда, жақсы бастамаға мұрындық болған Қобда ауданының «Земледелец» және «30 лет Казахстана» колхоздары жастарының игі істерін жазып, газет бетінен түсірмеді. Бұл партия ұйымдарына айтарлықтай көмек болды.

Істелген істерді айтқан кезде, біздің жұмысымызда кемшіліктер де жоқ емес екенін атап көрсету қажет. Әсіресе біздің мал шаруашылығы саласындағы жұмысымызда елеулі олқылықтар бар. Қой, шошқа өсірудің жоспары орындалмай отыр, аз да болса мал шығыны кездеседі. Жемшөп барлық жерде бірдей жеткілікті емес. Сондықтан да мал қыстату жұмысына баса назар аударып, барлық аудандық партия комитеттерінде мал қыстатуды ойдағыдай өткізу шаралары пленумдарда талқылануда.

Жаңа өндірістік басқармалардың алғашқы адымы сәтті болып отыр. Бірақ алынар асу алда. Коммунистік партия мен Совет үкіметі бізге ауыл шаруашылығы өндірісін өркендетуде жаңа зор табыстарға жетуді, сөйтіп елімізде азық-түлік молшылығын жасау міндетін жүктеп отыр. Біз бұл зор сенімді адал ақтап шығу үшін бар күш-жігерімізді аямаймыз.

Кәзіргі кезде облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушысының нұсқаушылар тобы аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, бұдан былай да партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмысты жақсартта түсіп, коммунистердің, барлық еңбеккерлердің белсенділігін арттыру үшін, сөйтіп КПСС Орталық Комитеті март Пленумы алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындап шығу үшін күресуде.



Коммунистік еңбек қозғалысының ұйтқысы

Елімізде коммунизм орнату жолындағы күресте партия халық бұқарасының сарқылмас бай творчестволық инициативасына сүйенеді. Халық творчествосы—шегі жоқ бай қазына. Қазір елімізде кең өріс алып отырған коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс та бұқараның творчестволық жігері мен ынтасынан туып отырған құбылыс.

Коммунистік еңбек жолындағы жарыс кең өріс алды. Егер 1958 жылдың ноябрь айында ол 30 мыңдай адамды қамтыса, қазір 20 миллионнан астам адамды қамтып отыр. Қазақстанда 768 кәсіпорын, 1202 цех, 23 774 бригада, Рудный және Қентау қалалары коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы күреске қосылды. Коммунистік еңбек екпіндісі атағын алу үшін 96 164 адам жарысқа қосылды.

Қысқа мерзімнің ішінде-ақ бұл қозғалыстың кеңінен өріс алуы партия ұйымдарының еңбекшілердің социалистік жарысына басшылығының, олардың ұйымдастыру және тәрбие жұмыстарының тікелей нәтижесі деп білу керек. Коммунизмдегіше еңбек етіп, тұрмыс құруға мақсат еткен әрбір еңбекшіні партия қолдап, оның мақсатына жетуіне көмектесіп отырады. Семей облысының партия ұйымдары жарыстың бұл жаңа түрін кең тарату және оны жетіжылдық жоспарда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру күресіне бағыттау жолында үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде.

Семей қаласының өнеркәсіп орындарында, транспорт пен құрылыс ұйымдарында коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы қозғалысқа 12 794 адамды қамтитын 17 кәсіпорын, 821 бригада, смена, цех қатынасуда, коммунистік еңбектің екпіндісі атағын алу жолында 3 801 адам күресуде. Үстіміздегі жылдың 1 апреліне дейін бұл құрметті атақ 2 863 адамы бар 218 бригадаға берілді. Ал, коммунистік еңбектің екпіндісі атағын 1 204 адам жеңіп алды.

Облыстық және қалалық партия комитеттерінің тікелей басшылық етуімен кәсіподақ, комсомол ұйымдарының белсене қатысуымен коммунистік еңбек жарысына қатысушылардың слеті мен жиындары үнемі өткізіліп тұрады. Мысалы, ет-консерві комбинатында «Коммунистік еңбек үшін» деген тақырыпта арнаулы кеш өткізіліп тұрады. Володарский атындағы, «Большевичка Украины» тігін фабрикаларында «Мастерлер күні», «Коммунистік еңбек бригадаларының күні» кештерін өткізу салтқа айналды. Қала кәсіпорындарында «Еңбекте де, тұрмыста да алда бол», «Коммунистік қоғам адамы қандай болуы керек?», «Коммунистік еңбек дегеніміз не?» деген тақырыптарда ондаған диспут ұйымдастырылды. Мұндай слеттер мен кештер, диспуттар, коммунистік еңбек қозғалысына қатынасушылар қатарын өсірумен бірге, халық шаруашылығын оған әрі өркендету жолындағы бүкілхалықтық күресті өркендету жолындағы еңбек шабытын тасыта түсті.

Әрбір жаңаның дамуында өз қиыншылығы болатыны айқын. Коммунистік еңбек қозғалысын ұйымдастыруда да алғашқы кезде кейбір кемшіліктерге жол берілді. Партия ұйымдары бұл кемшіліктерді кезінде жоюға көмектесіп отырды.

Жақында Семей қалалық партия комитеті Круглихин жолдас бастаған коммунистік еңбек бригадасының жұмысын тыңдады. Бұл бригада қалада коммунистік еңбек жарысын бастаушы болған болатын. Қалалық комитет бригаданың коммунистік еңбек үшін күрестегі қол жеткен жақсы істерін қорытындылап, оның жұмысындағы кейбір кемшіліктерді атап көрсетті. Сондай-ақ, қалалық партия комитеті Володарский атындағы және жүн өңдеу фабрикалары партия ұйымдарының коммунистік еңбек қозғалысына басшылық жасау тәжірибелерін де қорытып, оны басқа ұйымдарға таратты.

Коммунистер—коммунистік еңбек жолындағы жарыстың ұйтқысы болумен бірге олар өздерінің жеке басының үлгісімен адамдарды қажырлы еңбекке жігерлендіруде. Кәсіпорындарда коммунистік еңбек бригадасы атағын алу жолында күресіп жатқан бригада мүшелері құрамының 8,4 проценті коммунистер. Мәселен, жүн өңдеу фабрикасында коммунистік еңбек жарысына қосылған бригадалар құрамының 14,6 проценті, ет-консерві комбинатында 10,8 проценті коммунистер. Сондай-ақ, коммунистік еңбек жарысына қосылғандардың 42,9 проценті комсомолецтер.

Көптеген кәсіпорында жаңа техниканы өндіріске енгізуге, техникалық прогресті өрістетуге ықпал жасайтын комсомол постылары, жастар штабы, инициаторлар тобы, рейд бригадалары, техникалық советтер жұмыс жүргізуде.

Қала кәсіпорындарында коммунистік еңбек жолындағы жарыстың кең өріс алуы нәтижесінде өткен жылы олар жалпы өнім шығару жоспарын 102 процент орындап, жоспардан тыс 6 миллион сомның өнімін шығарды. Биылғы жарты жылдық жоспар да артығымен орындалды.

Жарыстың бұл жаңа түрі — коммунистік еңбек жолындағы жарыс коммунистік құрылыстың шешуші міндеттерін—коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адамды тәрбиелеу—міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

Бұл қозғалыс техникалық прогресті тездетіп, еңбек өнімділігін барынша арттыруды мақсат етеді. Мұның өзі түсінікті де, өйткені еңбек өнімділігін барынша арттырған жағдайда ғана коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды қамтамасыз етуге болады.

Жарыстың басты мақсатын нақтылай отырып, Семей экономикалық ауданы кәсіпорындарындағы коммунистік еңбек жолындағы қозғалысқа қатынасушылар жоғары еңбек өнімділігіне жету үшін күресуде. Өткен жылы кәсіпорындарда өндіріске жаңа техниканың енгізілуі нәтижесінде 866 мың сомнан астам қаржы үнемделді. Семей халық шаруашылығы Советінің кәсіпорындарында ғана комплексті механикаландырылған 12 конвейер мен үздіксіз өндіріс желісі іске қосылып, 114 автомат пен жартылай автомат орнатылды. Қазір 1958 жылмен салыстырғанда өнертапқыштар мен рационализаторлардың саны үш есе дерлік артты.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы қозғалыс неғұрлым кең өрістеген жерде кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштері жақсара түсетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, қаланың «Большевичка Украины» фабрикасының коллективі 1961 жылдың сентябрь айынан бері коммунистік еңбек кәсіпорны атағын алу үшін күресуде 22 бригаданың 9-ы қазірдің өзінде осы құрметті атаққа ие болды. Мұның өзі кәсіпорынның өндірістік көрсеткішінің жоғары болуына да тікелей әсер етуде. Ал, мебель комбинатында жағдай мүлде басқаша. Мұнда коммунистік еңбек жолындағы қозғалысқа комбинат коллективінің 28 проценті ғана қамтылған. Тек бір ғана бригадаға құрметті атақ атүсті беріле салған. Комбинат өнім шығару жоспарын өткен жылы 89

процент, ал еңбек өнімділігін арттыру жоспарын 84 процент ғана орындады.

Міне, бұл мысал коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың еңбек өнімділігін арттырып, өндірістік жоспарды орындауға қаншалықты ықпал жасайтынын айқын көрсетеді.

Коммунистік еңбек жолындағы жарыс қысқа мерзімде ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Егер социалистік жарыс жаңа туа бастаған кезде оған қатысушылар сауатсыздықты жою, техникалық білім игеруді алдарына мақсат етіп қойса, кәзіргі уақытта коммунистік еңбек қозғалысына қатынасушылар инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне жетуді мақсат етіп қойып отыр.

Бүгінгі жұмысшылар — коммунистік еңбектің екпінділері—бұлар өздерінің ісін жақсы білетін маман қызметкер болумен бірге жоғары мәдениетті адамдар.

Елімізде коммунистік еңбек жарысымен бірге коммунизмнің басқа нышандары — мәдениет, денсаулық сақтау, право университеттері, еңбектің озат әдістерінің институттары мен мектептері, халық театры, жұмысшылар университеттері және эстетикалық тәрбие берудің басқа да түрлері туып қалыптаса бастады. Тек, Семей қаласының өзінде ғана 8 мәдениет университетінде 2,5 мыңдай алдыңғы қатарлы жұмысшылар оқиды. Олардың көбі жаңа қозғалыстың мүшелері. Володарский атындағы фабрикада экономикалық лекторий жұмыс істейді. Семей цемент заводының жұмысшылары үшін жас маман Геннадий Голодняктің басшылығымен жұмысшылар университеті ұйымдастырылды.

Сөйтіп коммунистік еңбек жолындағы жарыс өндіріске ғана емес, сонымен бірге адамдардың күнделікті тұрмысына, олардың дүниеге коммунистік көзқарасының қалыптасуына да ықпал етуде.

Коммунистік саналылықтың тамаша бір көрінісі Валентина Гаганованың бастамасын қолдаушылар болып табылады. Мысалы, № 2 «Совнархозстрой» тресіндегі коммунист Ф. Орлов, кеме жөндеу заводының мастері Чернышев, Цемент заводының жас инженерлері Г. Федеров, В. Гулин, А. Косой табысы жоғары қызметтен өндірістің табысы аз, артта қалып келе жатқан учаскелеріне ауысып жұмыс істеуде.

Дегенмен, Семей партия ұйымдарының коммунистік еңбек қозғалысына басшылығында елеулі кемістіктер де бар. Коммунистік еңбек жолындағы жарыс басталғалы 3,5 жылдай уақыт өткенімен кейбір партия ұйымдары жарысты өрістету жөнінде мардымды ешнәрсе істей алмай жүр. Протез заводында, тұрмыс қажетін өтейтін комбинатта коммунистік еңбек жолындағы жарыс ұйымдастырылмаған.

Сол сияқты кейбір коллективтерге коммунистік еңбек бригадасы деген атақ асығыс берілген. Осының салдарынан нан комбинатында, ағаш ыдыстарын жасайтын комбинатта, аяқ киім фабрикасында коммунистік еңбек коллективі атағы берілген бригадалардың кейбіреуі аз уақыттан соң-ақ тарап кеткен. Осы тәрізді кемшіліктер бұл жаңа қозғалыстың өрісін тарылтады. Мұндай кемшіліктерге жол бермеу үшін коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысты ұйымдастырудың озат әдістерін зерттеп, кеңінен қолданған жөн. Мәселен, Ленинград қаласының партия ұйымдары коммунистік еңбек коллективі атағы берілмес бұрын коллективтің арасында жоғары мәдениетті кәсіпорын атағын алу үшін күрес ұйымдастырады. Бұл тәжірибені біздің республикада да кеңінен қолдану пайдалы.

Партия ұйымдары коммунистік еңбек жолындағы жарысқа басшылықты жақсартып отырып, бұл қозғалыстың кең қанат жаюына қамқорлық жасауға тиіс.

А. ҚҰРМАНБАЕВ

Әңгіме егінші абыройы туралы

Украинаның қарт колхозшысы Надежда Григорьевна Заглада-ның егіншінің ар-намысы, оның еңбекке көзқарасы жайлы жазған «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген мақаласы күллі халқымыздың көкейінен шыққан әңгіме болды. Ақиқат айтылған сөздің өткір семсердей ойып түсетін кездері көп. Бұл мазмұны терең, ойға толы аталы сөз әрбір еңбеккердің өз-өзіне «коммунизм жеңісі үшін қандай үлес қостым?» деп толғана тебіренуіне көмектесті.

Жасы ұлғайса да, жан аямай еңбек етіп отырған абзалана Надежда Григорьевнаның адал көңілден, ашық айтқан сөзі Іле ауданындағы Калинин атындағы колхоздың еңбеккерлерін де толғандырмай қойған жоқ.

...Зауал ауған шақ. Күн батуға арқан бойы бар. Қасқырлы сайдың жотасындағы колхоз алма бағының ішіндеміз. Мұнда Ү. Нұрқожаев басқарған № 1 бригаданың мүшелері алма жинауда. Бұл бригада колхоз алмасының әр гектарынан 50 центнерден асыра, 60-ты алқымдата өнім алған.

Қоңыр күз... Таудан ескен ызғарлы леп, алма ағаштарының жапырағын желпи беріп, сырт еткізіп үзіп түсіріп жатыр. Көк шалғында отырған бізге алма ағашы жапырақтары арасынан ойдым-ойдым болып Алатаудың ақ көрпесін айқара жамылған шындары көрінеді. Шың сыртындағы ақ қармен шағылысып, тап жанында көздің жауын алып қып-қызыл апорт тұр.

Әне-міне дегенше бұл жерге № 1 және № 2 бригаданың мүшелері жиналып та қалды. Сол мезетте отырғандарды бір шолып өткен колхоз партия ұйымының секретары М. Нұрпейісов жолдас қос басындағы жедел жиналысты бастап та жіберді.

Украинаның Житомир облысында тұрушы звено бастығы, Социалистік Еңбек Ері, қарт колхозшы Надежда Григорьевна Заглада күллі совет халқына сөз жолдап, егіншінің ар-намысы, абырой-ожданы туралы келелі әңгіме қозғады. Бүгінгі күні, адамзаттың асыл арманы болған коммунизмнің сәулетті сарайын орнатып жатқан кезде ар-ождансыз өмір сүру мүмкін емес екенін атап көрсетті,—деп сөзін бастады секретарь.

Коммунизм—миллиондардың адал еңбегімен құрылатын әділ қоғам. Аянбай еңбек етсең ғана коммунистік қоғамның жеңісіне жетесің, жемісін жейсің. Бұл әмбемізге аян болса да, жұрттың бәрі жұмысты жұмыла істемейді. Қайсыбіреулер жұмыс істеп жүр деген атақты пайдаланып, өз міндетіне жүрдім-бардым қарайды. Өзгенін есебінен жатып ішетін жалқаулар да, арамтамақтар да, көз бояушылар да арамызда жоқ емес. Міне, Надежда Григорьевнаның мақаласы сын семсерін соларға бағыттауды талап етеді. Олардың ары биік адал азамат санатына қосылуына жағдай жасауды міндеттейді.

Біздің колхоз мүшелерінің көпшілігі жұмысты адал, аянбай істейтін абзал жандар. Олар қай жұмыс болса да бар ынта-ықыласпен атқарады. Сөйтіп олар еңбекті партия Программасында айтылғандай «қоғамның барлық мүшелерінің ең бірінші өмірлік қажеті» деп біледі.

Қолхозшылардың қажырлы еңбегі арқасында биыл колхоз елеулі табысқа ие болғалы отыр. Қазірдің өзінде артель ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде астық, ет, жүн, жұмыртқа жөніндегі міндеттемелерін асыра орындап шықты. Н. Заглада жолдас көтерген егінші абыройы туралы мақалаға бұл біздің нақты іспен жауап бергеніміз. Дегенмен, колхозда әлі де болса біреудің есебінен күн көргісі келіп, еңбектен жалтарып жүргендер жоқ емес. Бүгінгі әңгімеде сіздер солар туралы ащы да болса ашып айтып, оларды адал еңбек етуге шақыруға тиіссіздер,—деп түйді сөзін М. Нұрпейісов жолдас.

Секретарьдан соң бірінші болып сөз алған колхозшы Қойтайлаков Төленді еді.

— Менің жасым биыл екеуі кем сексенде,—деп бастады сөзін Төленді кәрия.—Сонда да болса еңбектен қалмай, қоғам байлығын, түптеп келгенде өз байлығымызды арттыру үшін жұмыс істеп жүрмін,—деп сәл кідірген ол ойлана түсті де, Надежда Григорьевна дәл қасында отырғандай көсіле жөнелді.

— Надежда шырағым шын айттың, кәзір жылы үйде қол қусырып қарап отыратын мезгіл емес. Қайта бойдағы бар қуат, өмірлік тәжірибені ел мүддесі үшін жұмсау керек. Бұл менің де көптен көңілімде жүрген бір сыр еді. Мен соңғы он бір жылдың ішінде колхоздың алма бағын күзетіп келемін. Қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтау әр қайсымыздың қасиетті борышымыз. Осы жұмысқа колхоздың өзім сықылды жиырма шалын тарттым. Мұным дұрыс та болған сияқты. Еңбек демекші, қайсы бір кезде жақсы жұмыс істегенмен, сонын нәтижесі тым қораштау болып қалатын кездері бар.

Тіпті алысқа ұзамай-ақ, өз көргендерімді айтайыншы. Біздің бригаданың 17 гектар алмасы бар. Биыл оның өнімі жаман болған жоқ. Жинап алғанға жеткілікті болды. Ал алма піскен кезде жағдай қалай болды десеніздерші? Қорықшы біткен осы байлықты көзден таса қылмай сақтадық. Сонда да желді қолдар жымқырмай қалмады. Анау қаладан келген үшеуді айтпай-ақ қояйын (олар тиісті әділ жазасын алды ғой), ал дардай колхозшы Қасым Байжұмановқа не жетпеді?! Өзі еккен алмасына өзі суық қолын салғаны несі? Өз қалтасындағы байлығын өзі шашқаны қалай? Міне, бұл да ойланатын, ақылдасатын жай. Қолхоз деген өз үйіміз емес пе? Оның байлығы—бәріміздің ырысымыз емес пе?

Міне, мұның бәрін ой таразысына салып көрсем, азамат ары Надежда Григорьевна айтып отырғандай шырқау биік болуға керек. Арлы, адал болсақ өзіміз тірнектеп, мысқалдап жинаған колхоз байлығын анау Қасымдарша шелектеп төкпес едік деп білем. Неде болса өз еңбегімізге өзіміз ұқыпты бола білуіміз керек. Сонда колхоз дәулеті шалқыған үстіне шалқи береді.

Қарт колхозшының жүрек түбінен шыққан сөзі әркімді-ақ ойландырып тастағандай.—Төкең төркінді сөз айтты,—деген дауыстар да шығып қалды. Бірен-саран қызарып қалғандар да байқалды.

— Төленді әкем дұрыс айтты,—деп орнынан тұрды сауыншы Ақжолтай Байсеңгірова,—өз ісіне өте ықтияттылықпен қарау—қоғам байлығын көбейтудің бір жолы. Кәзіргі кезде неге болса да ұқыптылық керек. Мен Надежда Григорьевнаның мақаласын оқығаннан кейін мынадай бір пікір айтпақпын. Біздің фермадағы 100 сиырды сегіз сауыншы сауамыз. Бірақ соның сегізі сегіз түрлі сауады. Кейбіреулері сиырдың желінінде ешнәрсе жібермей, әбден қағып сауса, екіншілері қалай болса солай сауады. Бәз біреулері сауылған сүтті шелектен сауыт кеспекке төкпей құйса, біреулер лақылдата салады. Кейде бір литр, жарым литр сүттің төгілгеніне онша мән де бермейді. Осыларды көріп жүрген маған мынадай ой келді: осы жүз сиырға сегіз сауыншы, бақташысы, басқасы бар 21 адам ұстағанша, анау

«Жаңашар» совхозындағыдай, немесе Талдыкорған ауданындағы XXII партия съезі атындағы колхоздың озат сауыншысы Ш. Тергеуова тәрізді «елочканы» неге пайдаланбасқа? Сонда қанша жұмыс қолы босар еді.

Дәл осындай ұқыптылыққа біздің қолымыз жетпей отыр. Оған бір жағынан Надежда Григорьевна айтқандай, кейбір іске шалағай қырсыз бастықтар кінәлі болса, екіншіден өзіміз кінәліміз. Әр нәрсе мен әуре болғысы келмейтін бастықтардың қыр соңына түспейміз талап етпейміз. Жаңаға ұмтылмаймыз. Озат әдісті көрмейміз. Болмаса қанаттас отырған «Жаңашар» совхозы алыс па? Не XXII партсъезд колхозы қашық па? Көп болып кіріссек қолдан келмейтін жұмыс жоқ,—деп сөзін түйді сауыншы.

Сөйлеуге ынтыққан жұрт көп. Н. Загладаның мақаласы әркімнің ақ көкейіндегісін қозғаған. Кезекті сөз зоотехник М. Байкүшіковке тиді.

Қоғам байлығын молайтуға ерекше үлес қосып жүргендердің бірі біздің шопандарымыз. Жыл он екі айдың ішінде табиғаттың, ыстық-суығына бірдей төзіп, аянбай еңбек етіп жүрген осылардан жастардың үйренері, үлгі алары көп. Бірақ соған қарамастан, жас шопандарда кейде салғырттық кездесіп қалып жүр.

Биыл колхоздың маңдай алды қойшылары Ы. Байыспаев пен Т. Бүркітбаев жолдастар етке өткізген 853 қойдың тірідей салмағын 72 килограмға жеткізіп, оның әрқайсысынан 5,5 килограмнан жүн қырықты. Етке өткізілген қойдың 95 проценті семіз болды. Алдында осындай озаттар үлгісі бола тұрса да, шопан Ж. Макперов жолдас жеті айдың ішінде 63 қойды шығынға ұшыратты. Әр қойдан бар болғаны 1,8 килограмм ғана жүн қырықты. Міне, мұның өзі біздегі жұмыстың бірқалыпты сапалы емес екенін көрсетеді. Ендеше, Надежда Григорьевна айтқандай, халық байлығын молайтуға тиісті әрбір адамның өз ісіне жауапкерлігін арттыра түсуіміз қажет.

— Колхоз жұмысына шын жаны ашитын адам тап осы Заглададай болады,—деді № 2 бригаданың мүшесі, қарт коммунист Күнтубай Әбілдаев жолдас. Өзіміздей қатардағы колхозшының көкейдегісін көпке жария етуі, сөйтіп егінші деген ардақты атқа, абырой, намысқа кір келтірмей, жоғары ұстайық деуі, бәрімізге ортақ болса дейміз. Заглада жолдастың мақаласы партия ұйымын шаруашылық өндірісіндегі кемшіліктерді батыл ашып, оны жоюға, ауыл-село еңбеккерлерінің бар күш-жігерін жалқау, арамтамақ, көзбояушы, еңбек тәртібін бұзушыларға қарсы күреске жұмылдыруға шақырады.

Жасыратыны жоқ, біздің колхозда да еңбектен бойын сырт салатын жалқаулар, артель жерін, шөбін пайдаланып, қалада сауда жасайтындар бар. Мысалы, біздің колхоз шаруашылығына қатыспайтын, қатысса да ішінара төбе көрсететін бір неше үй бар. Олар колхоз жерін пайдаланып, бау-бакша егіп, мал өсіріп, оның өнімін қалаға апарып сатумен жүреді. Сол сияқты пайдалы еңбекке қатысып жүрміз дегенді желеу ететін тағы біреулер бар. Оған осы колхоздың мүшелері Жәкып Нұрғалиев, Мұқан Әкішев, Новиковтар жатады. Мұқан Әкішев деген жылпос кәзір экспедитор болып жұмыс істейді. Колхозда ескі ақшамен 45 мыңға сатып алған үйі бар. Тұрмысы ауқатты. Колхозда одан жақсы тұратын адам жоқ. Таңертеңнен кешке дейін маскүнемдікке салынып босқа жүреді. Жұртқа ірткі салады. Әкішевтің бір қиянқылығы—оны экспедиторлықтан алып тастаса, көшіп кетеді. Ал сол жұмысты берсе көшіп келеді. Бөтен жұмысты атқаруға құлқы жоқ. Сонда оның маңдайына экспедиторлық жазылып қойған ба, қалай?

Ия болмаса, осы колхозда кассир болып істейтін Новиков дегенді алайық. Оның жақсы үйі, қора-жайы, бау-бакшасы, малы бар. Бірақ

ол еш уақытта колхоз жұмысына қол ұшын тигізіп көрген емес. Таң атысымен шауып қалаға тартады. Мұнда қарапайым колхозшы күнге шыжып, маңдай терін сыпырып, жұмыс істеп жүргенде, Нұрғалнев, Новиков, Әкішевтер қалада жасыл желек астында салқын сыра ішіп, саялап жүреді. Сөйтіп, олар колхозшы еңбегімен жан сақтайды. Дихан атына дақ түсіреді. Келешекте біз мұндайларға қатал тойтарыс беріп, колхоз өндірісіне қатыспаса, артельден шығарып жіберуге тиіспіз, — деп қарт коммунист сөзін бітіргенде, жиналған жұрт ду қол шапалақтады.

— Мен өзім қатарлы жастар туралы айтқым келеді, — деп бастады сөзін № 2 бригаданың есепшісі Р. Жаманкеев. Жастар қолға алса, бітпейтін іс жоқ. Өйткені жастарда білім де бар, жігер де мол.

Бірақ бізде кейбір жастар оныншы класты бітіріп алады да ешқайда оқымай, не жұмыс істемей, босқа жүріп алады. Бар тапқанын ішкілікке салады, карта ойнайды. Мысалы, Нариман Сәттібаев, Зейнахун Рапатов, Қанипа Төлепбергенова сияқты жастар ешбір пайдалы еңбекке араласпайды. Олар туған-туысқандарының тапқанына ортақтасып қоймай, күллі қоғам байлығына қол салады, оны ұрлайды. Сол қоғам есебінен ішіп-жеп, киініп жүр. Бұл коммунизм құрылысының моральдық кодексінде айтылған қағидаға жат қылық. Міне, осындай жастарды дұрыс жолға түсіріп еңбекке баулу — бәріміздің борышымыз. Надежда Григорьевна қозғаған ар-намыс мәселесі, әсіресе бізге, жастарға айтылған деп түсінеміз.

— Колхоз байлығы — біздің байлығымыз. Надежда Григорьевна айтқандай, жұмыс та, байлық та ең алдымен күнтқа байланысты. Шын пейілмен істеген істің өнбегі де мол. Қызығып, қуана атқармаған еңбектің нәтижесі де шамалы. Сондықтан еңбек қуанышы баршамызға ортақ қуаныш болуы қажет, — деді звено бастығы Үмітжан Сәтбаева жолдас. Ар-ождан туралы әңгіме бәрімізге ортақ. Адам үшін абзал қасиеттің бірі — арынды сақтау. Мұны біздің звено мүшелері жақсы біледі. Звено мүшелері еш уақытта колхоз жұмысынан тайсақтап көрген емес.

Осы тұста біздің ашына айтар өкінішіміз де жоқ емес. Біздің бригаданың 60 адамы, басы 78-дегі Төленді атай болып жұмыла жұмыс істеп жатқанда, Әбді Төлендиев, Алтын Иманғалиева, Расыл Нүсіпбеков сияқты колхозшылар жалқаулыққа салынып, қоғам үшін масыл болып отырғанына қатты қынжыламыз. Бұлар әрқилы амалмен күнелтуге тырысып, адал еңбектен бойын аулақ салады. Бірақ көп күші — тегеурінді күш. Біз осыларды еңбек жолына түсіруіміз керек. Тез қасында қисық ағаш жатпайтыны тәрізді біздің жанымызда да еңбек сүймейтін адамдар болмауға тиіс. Надежда Григорьевна айтқан намыс оты бізді осыған мегзейді. Әркім арын ойласа, мұны өз парызы деп түсінетіні хақ, — деді Үмітжан.

Сонау бойшаң келген звено бастығының осы соңғы сөзі көпке ерекше бір әсер еткендей. Көп пікірінің ұштасқан жері осы сықылды. «Тауып айтылды, колхозда еңбекке енжар қараушылар болмауға тиісті» десті олар. Осылайша ортақ тоқтамға келген бригада мүшелері ар туралы әңгімені аяқтаған шақта кеш болып, ымырт қараңғысы да үйіріліп еді...

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ.

Алматы облысы,
Іле ауданы.

Қыстың көзі қырау...

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы елімізде ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендете түсуге ерекше назар аударды. Өйткені, астық өндіру сияқты мал шаруашылығы өнімдерін молайту да коммунистік құрылыстың екпінді майданы. Берік жемшөп қорын жасау, еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті неғұрлым көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру мал шаруашылығын өркендетудің шешуші шарттары. Партия, әсіресе соңғы кезде мал шаруашылығының материалдық базасын нығайту үшін колхоздар мен совхоздарға үлкен көмек көрсетті.

Қазақстан—малды көп өсіретін, мемлекетке ет пен сүтті, жүн мен жұмыртқаны мол беретін республикалардың бірі. Биыл біздің республика мемлекетке кем дегенде 800 мың тонна ет (малдың тірідей салмағы бойынша), 1 230 мың тонна сүт, 95 мың тонна жүн сатуға тиісті. Алайда, істің кәзіргі жайы онша мәз емес. Сентябрьдің 20-ндағы мәліметке қарағанда мемлекетке ет тапсыру жоспары 61 процент, сүт тапсыру—74 процент, жүн тапсыру—76 процент қана орындалған.

Жемшөп болса—мал да арзан, ет те, сүт те, жүн де болады. Шөбі көптің малы тоқ деген мәтел бар. Сондықтан да биыл әрбір шаруашылық мал өнімдерін мол өндіру межесіне жету үшін қажет болатын жемшөпті күні бұрын дайындауға міндетті.

«Қыстың көзі қырау» дейді халық. Мұны ерте ескерген көптеген ұқыпты шаруашылық басшылары кәзірдің өзінде мал қыстатуға сақдай сай әзір отыр. Алматы облысындағы «Жаңашар», «Шелек» совхоздары, Қостанай облысындағы В. И. Ленин атындағы совхоз, Қызылорда облысындағы «Тартоғай», Комсомол совхоздары сияқты маңдайалды шаруашылықтар жемшөп дайындаудың жоспарын асыра орындап шықты.

Бірақ жалпы алғанда республика көлемінде малға жемшөп, сүрлем дайындаудың барысы қанағаттанғысыз. Сентябрьдің жиырмасындағы дерекке қарағанда, жемшөп дайындаудың жоспары 63 процент, сүрлем салу—31 процент, сабан жинау—24 процент қана орындалған.

Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің жақында болып өткен пленумында мал қыстатудың нашар ұйымдастырылғаны салдарынан былтыр көп мал шығын болғаны, бірақ бұдан биыл да қорытынды шығарылмай отырғаны үлкен сөз болды. Тың өлкесі, Қарағанды және Семей облыстарында да жемшөп жеткілікті дайындалған жоқ.

Алматы облысының Сарқант өндірістік территориялық басқармасының қарамағындағы колхоздар мен совхоздар сентябрьдің біріне шөп шабу жоспарын 19-ақ процент орындапты. Сол өндірістік басқарманың қарамағындағы Сарқант, Алакөл, Андреев аудандарында қысқа мал азығын дайындаудың жайы бұдан да нашар болып отыр.

Осындай өрескел кемшіліктің орын алуына басты себеп—шөп шабатын техниканың дер кезінде іске қосылмауы, оларды өнімді пайдалану жағы қамтамасыз етілмегені. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан өлкесінде шөп жинайтын техника дер кезінде дұрыс, сапалы жөнделмеді. Сондықтан да қызу жұмыс кезінде олардың көбі қарап тұрды. Өлкенің Шымкент облысында қолда бар шөп машинасының 1 166 ғана, яғни 42 проценті ғана, ал 1082 атпен шөп шабатын машинаның тек 440 ғана жұмыс істеген.

Әсіресе, қолда бар техниканың өзі өнімсіз пайдаланылды. Бұған ятпен шөп шабатын әрбір машинаның республика бойынша күндік орташа жұмыс өнімділігі 2,8 гектар ғана болып жүргенін айтудың өзі жеткілікті. Ал, Тын өлкесінде әрбір шөп машинасы орташа есеппен 1,7 гектар жердің ғана шөбін шапқан. Шымкент облысы Ильич ауданының Киров атындағы колхозында (председателі Сұлтанов жолдас) 186 гектар жоңышқаны 2 трактормен 45 күн шауыпты, сол аудандағы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы колхоз (председателі Юнусходжаев жолдас) 28 гектар жердің шөбін төрт трактормен 20 күн шапқан. Техниканы өнімсіз пайдаланудың фактілері республиканың басқа да бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында да орын алып отыр.

Мал қыстату науқаны таяу, бірақ әлі істелетін істердің ұшы-қиыры жоқ. Колхоздар мен совхоздардың және өндірістік басқармалардың басшылары жемшөп дайындауды, сүрлем салуды, әсіресе, қант қызылшасы, жүгері сияқты құнарлы азықты сүрлеуді жедел аяқтауға міндетті.

Бүкілодақтық жемшөп институты, сондай-ақ тағы басқа бірсыпыра ғылыми-зерттеу мекемелері сабанды аммиак ертіндісімен шыласа, оның құнары артатынын тәжірибеде сынап көрген. Сонымен бірге сабанды турау әдісі онша қиын емес, мұны колхоз, совхоздардың бәрінде істеуге болады. Мәселе сабанды малдың негізгі азығының біріне айналдыруда. Бұл, әрине көптеген шаруашылықтар үшін жаңа нәрсе. Сондықтан өндірістік басқармалар озат шаруашылықтардың бірінде арнаулы курс ұйымдастыруы керек. Бұған басқа шаруашылықтардың басшылары мен мамандарын шақырып, оларға сабанды малға қалай әзірлеп берудің жолын, әдісін үйреткен жөн.

Республиканың көптеген озат колхоздары мен совхоздарында малға керекті қора-жайлар дайын. Мысалы, өткен жылы Семей облысының «Үшбұлақ» совхозы (директоры Гейковой жолдас) ірі қараға да, оның төліне де керекті қораны ерте әзірлеп алды, қыс кезінде малдың жемшөбі жеткілікті болды. Соның нәтижесінде бұл совхоздың малы қыстан аман да күйлі шықты. Бірақ мәселе бұл арада жеке колхоздар мен совхоздардың жақсы тәжірибесінде емес, мәселе барлық шаруашылықтың мал қыстатуға толық әзір болуында. Бірақ республика бойынша мал қораларын салудың жайы нашар екенін, биыл да малды жылы қорамен толық қамтамасыз ете алмау қаупі туып отырғанын айту қажет. Мысалы, биылғы сентябрьдің біріндегі мәліметтерге қарағанда мал қораларының 70,4 проценті, шошқа қораларының 62 проценті ғана қысқа дайын. Жеке облыстардағы жағдай бұдан да нашар. Мысалы, Алматы облысының совхоздарында 524 қора салынуға тиіс болса, содан 18-ақ қора салынған.

Оңтүстік облыстардың колхоздары мен совхоздары малдың көбін қысқы жайылымдарда қыстатады. Бірсыпыра жерде жемшөп жетімсіз болып отырғанда, мал жайылымдарын орнымен пайдалана білген дұрыс. Қыста малды жайып бағу колхоздар мен совхоздардың мал күтуге жұмсайтын шығындарын азайтады, онан соң шөбі шүйгін, суы мол жайылымда жайылған мал қыстан қонды шығады. Мысалы, Мойынкүм, Қызылқүм, Қарақүм сияқты мал отарларында қыстап шыққан қойлардың күтімі жақсы, төлі шығынсыз болғаны белгілі.

Алайда, көптеген колхоздар мен совхоздардың, өндірістік басқармалардың басшылары малдың жайылымда қыстайтындығын сылтау етіп, бұл жұмысқа жеңіл-желпі қарайды. Бұл дұрыс емес. Мал жайылымдарының өзіндік ерекшелігі барлығын, учаскелердің аралары қашықтығын, мұның өзі малға жемшөп жеткізгенде қосымша қиыншылық туғызатынын осы бастан ескерген жөн. Жемшөп қорын фермаларға дұрыс бөлу, қыстауларға жемшөп тасу, мал суаттарын, құдықтарды аршып, тазалау қыс түспей тұрып ерте істелетін жұмыстар.

Малдың қыстан күйлі семіз шығуы тікелей малшыға байланысты. Мұны озат малшылардың тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сондықтан малшыларды өз ісін сүйетін, жұмысқа жаны ашитын адамдардан іріктер алу жағына қатты назар аудару керек. Колхоздардағы шопандар бригадасын дұрыс ұйымдастыру, олардың құрамын қайта қарап, толықтыру—назар аударатын мәселе. Сонымен қатар малшыларды жылы киіммен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, оларға мәдени қызмет көрсету—партия, совет, шаруашылық ұйымдарының күнделікті міндеті. Мысалы. Алматы облысының тұтынушылар одағы малшыларға қыс айларында қызмет көрсету үшін 60 тұрақты дүкен, 90 жылжымалы автодүкен, 150 сатушысыз жұмыс істейтін дүкен, бірнеше шеберхана ұйымдастырмақ.

Қыс айларында мал өнімдерін мемлекетке өткізу жөніндегі жоспарлар мен міндеттемелерді орындау жолындағы күрес ешбір тоқтатылмауға тиіс. Бұл үшін фермаларда жемшөпті үнемдеп пайдаланудың, малды дұрыс азықтандырудың, мал фермаларын механикаландырудың маңызы айрықша зор. Алайда, мал шаруашылығындағы еңбекті неғұрлым көп тілейтін жұмысты механикаландыру дәрежесі әлі төмен, озат колхоздар мен фермалардың тәжірибесін пайдалану жағы нашар, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу ойдағыдай емес. Мысалы, республикада сиырды агрегатпен сауу 34,7 процент, малға шөп салу—14,7 процент, мал қорасын тазалау—16,1 процент қана механикаландырылған. Әсіресе сиыр сауатын «ёлочка» тәрізді машиналар мал фермаларында кеңінен қолданылмай отыр. Кәзіргі кезде республика колхоз, совхоздарында осы машиналардың 6 166 данасы бола тұрса да, бұлардың тек 2 827, яғни 45,5 проценттейі ғана пайдаланылуда.

Өндірістік басқармалар—колхоздар мен совхоздарға тікелей басшылық жасайтын орган. Сондықтан да мал қыстатуға байланысты жұмысты дұрыс ұйымдастыруға оларға үлкен міндет жүктеледі. Олар бұл жұмысқа жалпы басшылық жасаумен тынбауы керек, істі нақты ұйымдастырып, колхоз-совхоз өндірісінде орын алып отырған кемшіліктерді қолма-қол жоюға тиіс.

Мал қыстатуға тынғылықты әзірлік жасап, оны ойдағыдай өткізу аса маңызды іс. Мал қыстан неғұрлым шығынсыз да күйлі шыкса,—бұл алдағы жылда да мал шаруашылығын өркендете түсудің, оның өнімділігін арттырудың берік кепілі.

П. РЫБАКОВ,

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы
өнімдерін өндіру мен дайындау министрінің
орынбасары.


РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.
(жауапты секретарь), Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С.,
Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Мендібаев Қ.,
Өржанов Ш., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103
Тел. 2-23-03, 2-24-95.

8/Х-1962 ж. басуға қол қойылды, қ. 70×108^{1/16}. 2,5 қ.—6,85 авт. т.
УГ06054. Тираж 20037.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 1119.



Қазақстан Компартиясы Орталық
Комитетінің ай сайын шығатын
теориялық және саяси

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

журналына 1963 жылға жазылыңыздар

Журналда КПСС жаңа Программасы мен Уставы туралы әңгімелер, маркстік-лениндік саяси экономия, философия, нақты экономика және ғылыми коммунизм мәселелері жөнінде мақалалар жарияланады, партия оқуы жүйесінде және өздігінен оқитын жолдастарға көмек боларлық материалдар беріліп тұрады. Журнал бетінде коммунистік құрылыстың, коммунистік қоғам орнатушылардың моральдық кодексінің мәселелері жазылады. Сонымен бірге оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

Республика партия ұйымдарының жұмысы журналда үзбей жазылады. Өлкелік, облыстық, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қорытылады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің келелі мәселелері журнал бетінен орын алады. Жергілікті газеттер мен журналдарға шолу, жаңа кітаптарға сын беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

12 айға — 2 сом 40 тиын

6 айға — 1 сом 20 тиын

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.

